

Республикалық
ғылыми-әдістемелік
журнал

Республиканский
научно-методический
журнал



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
мемлекеттік университетінің

1999 жылғы наурыздан
бастап шығады

№7 (39) 2012

Арнайы басылым

ХАБАРШЫСЫ

Бас редактор	– БИСЕНОВ Қ.А. техника ғылымдарының докторы, профессор
Бас редактордың орынбасары	– ШАЛБОЛОВА Ү.Ж. экономика ғылымдарының докторы, профессор
Жауапты редактор	– ОМАРОВ Қ.Ө. география ғылымдарының кандидаты, профессор

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Аруова Л.Б.	– техника ғылымдарының докторы, профессор
Баканов Ғ.Б.	– физика-математика ғылымдарының докторы, профессор
Досжанов М.Ж.	– техника ғылымдарының докторы, профессор
Ибадуллаева С.Ж.	– биология ғылымдарының докторы, профессор
Кәрібозұлы Б.	– филология ғылымдарының докторы, профессор
Қарлыханов Т.Қ.	– техника ғылымдарының докторы, профессор
Қожақұлы Ө.	– тарих ғылымдарының докторы, профессор
Қошқаров С.И.	– техника ғылымдарының докторы, профессор
Майгелдиева Ш.М.	– педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Сәдуақасұлы Ж.	– филология ғылымдарының докторы, профессор
Сәтбай Т.Я.	– тарих ғылымдарының докторы, доцент
Сейсенов Б.	– философия ғылымдарының докторы, профессор
Тоқтамысов Ә.М.	– ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, доцент
Үдербәев С.С.	– техника ғылымдарының докторы, профессор
Шомантаев А.Ә.	– ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор
Майгелдиева Ж.М.	– филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Тұяқбаев Ғ.Ө.	– филология ғылымдарының кандидаты, доцент



2012 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің негізі қаланғанына 75 жыл толды.

Университет 1937 жылы Қыыр Шығыстан Қызылордаға қоныс аударған Корей педагогикалық институтының негізінде қалыптасты. Бүгінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті – ғылыми-педагогикалық әлеуеті жоғары, заман талабына сай материалдық-техникалық базасы бар, бәсекеге қабілетті мамандар даярлап келе жатқан Арал өңірінің жетекші білім, ғылым және мәдениет орталығы.

Университеттің мерейтойына арналған іс-шаралар бағдарламасы аясында 2012 жылғы 18-19 қазанда Қызылорда қаласында «Жоғары кәсіптік білімнің инновациялық дамуы: тәжірибесі, мәселелері және келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Журналдың осы шығарылымы конференцияның «Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар: қазіргі жағдайы және перспективті бағыттары» секциясы материалдары бойынша дайындалып отыр.

В 2012 году Кызылординскому государственному университету имени Коркыт Ата исполнилось 75 лет со дня основания.

Кызылординский педагогический институт, стоявший у истоков университета, был открыт в 1937 году на базе переведенного в Кызылорду Дальневосточного Корейского педагогического института. Сегодня Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата – ведущий центр образования, науки и культуры Приаральского региона со значительным научно-педагогическим потенциалом, располагающий современной материально-технической базой, осуществляющий подготовку конкурентоспособных специалистов.

В рамках программы мероприятий, посвященных Юбилею университета, 18-19 октября 2012 года в городе Кызылорде состоялась Международная научно-практическая конференция «Инновационное развитие высшего профессионального образования: опыт, проблемы и перспективы».

Данный выпуск журнала подготовлен по материалам секции «Информационно-коммуникационные технологии: современное состояние и перспективные направления».

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

К.М. БЕРКИМБАЕВ,

педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Г.П. МЕЙРБЕКОВА,

PhD докторант

Б.Т. КЕРИМБАЕВ,

PhD докторант,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,

Түркістан қаласы, Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Тұрғындардың компьютерлік сауаттылығын, соның ішінде әр түрлі ынталандырушы бағдарламалардың есебінен де көтеру қажет. Мен қазақстандықтарды ақпараттық технологияларды белсендірек игеруге шақырамын» деп атап өтті [1].

Білім беру саласының деңгейін жоғарылату және оны жетілдіру мәселелерін шешу мемлекеттік құжаттар мен маңызды заң актілерінде де көрініс табуда. Атап айтқанда, олар Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2011 ж.), Қазақстан Республикасы «Ақпараттандыру туралы» Заңы (2008 ж.), «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2007 ж.). 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада дәстүрлі және жаңа ақпараттық-компьютерлік технологияларды интеграциялайтын, білім берудің қазіргі заманғы талаптарын қанағаттандыратын оқытудың ақпараттық-компьютерлік орталарын құрудың кешенді тәсілдерін қарастырады. Сонымен қатар, білім беру саласын ақпараттандыру, бүкіләлемдік талаптарға сай білім беретін оқу орындарын қалыптастыру мәселесі Елбасымыздың дәстүрлі Жолдауларынан да көрініс табуда [2, 3, 4].

Ұлттық білім беру жүйесінің жаңа моделі, ең алдымен, жоғары сапалы білім беру мен тәрбиелеуді жаңаша ойлай білетін және аса жоғары деңгейдегі азаматтылығы бар жоғары кәсіптік маман кадрларды дайындауды қамтамасыз етуге бағытталған. Отандық білім беру жүйесін реформалаудың жаңа кезеңін анықтайтын бұл міндеттерді шешу қазіргі білім беру мен ақпараттық технологияларға, оқыту және жастарды тәрбиелеу стандарттарына, оларды жаңа нарықтық жағдайға еңбек етуге дайындауға сүйенуі тиіс.

Ұлттық білім беру жүйесінің ахуалын талдау нәтижелері әлемнің барлық елдері үшін білім беру саласын дамытудың бірыңғай негізгі тенденциялары тән екенін аңғартты. Бірінші тенденция – оқытуда ақпараттық-компьютерлік технологияларды кеңінен пайдалану. Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі ерекшелігі оқу үдерісінде компьютерлік техниканың қолданысын кеңейту болып табылады, бұл үдеріс білім беру жүйесін дамытудың бірінші бағытына жатады. Бірінші бағытқа жатқызудың ең басты себептерінің бірі дәстүрлі емес оқыту түрлеріне қарағанда дәстүрлі оқыту түрлерінде компьютердің көбірек пайдаланылуы болса да (әзірге технология сирек қолданылады, ал компьютер, әдеттегідей, дәстүрлі оқыту түрлерінің тиімділігін арттыру үшін қолданылады); бұл жерде себеп мүлдем басқа. Оқыту үдерісінде компьютерді қолдану бірінші бағыттың, яғни білім беру жүйесін дамытудың түп өзегі саналса; екінші бағыт үшін тек қана фон күйінде қалады.

Жоғары кәсіптік білім беру үдерісінде компьютерлік техниканы жиі қолдануда. Жоғары оқу орындарында студенттерге әр түрлі пәндердің мазмұнын жеткізу, оқу қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыру, көптеген өндірістік және табиғи құбылыстарды өңдеу, оқыту материалын меңгеру

сапасын әділ тексеру және алынған білімдер мен қабілеттерді түзетуді жүзеге асыру секілді оқыту міндеттерін тиімді шешуге мүмкіндік беретін компьютерлік оқыту бағдарламалары әзірленген.

Компьютерді қолдану оқытушы үшін де кең мүмкіндіктер ашты. Баяндалатын мәліметті жоғары көрнекілік деңгейінде сурет араластыра отырып көрсетуде, оқу қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыруда, оқыту материалын меңгеру сапасын әділ тексеруде компьютердің мүмкіндіктері зор. Бұл мүмкіндіктердің барлығын немесе белгілі бір бөлігін қолдану арқылы білім беру үдерісінің тиімділігін арттыруға болады. Бұдан басқа, барлық мамандар қазіргі заманғы кәсіби қызметінде компьютерлік бағдарламаларды қолданатындықтан, кәсіптік білім беру мекемелері оқыту үдерісінде оқушылардың компьютерді қолдану және кәсіби компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға тиіс [5].

Ақпараттық технологиялар аясында білім беру жүйесін дамытудың екінші тенденциясы – оқытушының оқу үдерісіне араласуын талап етпейтін оқытатын компьютерлік бағдарламалардың жаңа түрін жасау және бірте-бірте кең қолданысқа енгізу болып табылады. Материалды өз бетінше үйренуге арналған компьютерлік бағдарламалар негізінде ұйымдастырылған осындай оқу үдерісін оқыту технологиясы деп атауға болады.

Оқытуға арналған бағдарламалық құралдарды дамытудың бірінші кезеңінде негізінен әр түрлі кәсіби қызметтің жекелеген кезеңдерін модельдеуге және оқу материалын көрнекі түрде жеткізуге мүмкіндік беретін компьютерлік оқу бағдарламалары дайындалды. Мұндай бағдарламалардың негізгі қызметі ақпарат ұсыну болды. Бүгінде көпшілікке танымал ақпарат құралына айналған сан қилы анықтамалықтар мен энциклопедиялар аталмыш бағдарламаларға мысал бола алады.

Оқытуға арналған бағдарламалық құралдарды дамытудың екінші кезеңінде әзірлеушілер ақпарат ұсынып қана қоймай, оқушылардың бойында қажетті қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыруға да ұмтылды. Бұл үшін бір мезетте жауаптың дұрыстығын тексеруге болатын оқу тапсырмалары мен жаттығуларының компьютерлік бағдарламалары жасалды. Оқытуға арналған бағдарламалық құралдарды дамытудың бұл кезеңінде қажетті қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыру үшін арнайы тапсырмалары бар көрнекілік, графиктік және мультимедиялық мүмкіндіктерді пайдалану негізінде оқу материалын ұсынатын компьютерлік бағдарламалар – электрондық оқулықтар әзірленді.

Электрондық оқулық құрамында оқу курсының немесе оның бөлімінің жүйелі мазмұны бар және берілген басылым түріне мемлекеттік мекеме беретін арнайы дәрежеге ие электрондық оқу басылымы болып табылады. Электрондық оқулықтар оқытудың бір емес, мынадай екі қызметін атқарады: біріншісі – жаңа оқу материалын ұсынады, екіншісі – қажетті қабілеттер мен дағдыларды қалыптастырады.

Қазіргі уақытта әр түрлі оқу пәндері бойынша электронды оқу басылымдары жасалып, пайдаланылуда, олар оқу-әдістемелік материалдар кешенін, сондай-ақ оқыту процесін басқаратын компьютерлік бағдарламаларды қамтиды. Жалпы білім беру мекемелерінің кейбір оқу пәндері бойынша қазір осындай бағдарламалар дайындалып, оқу үдерісінде кеңінен қолданылуда. Жоғары оқу орындары үшін де компьютерлік оқыту бағдарламалары жасалуда.

Оқу үдерісінде бірінші және екінші буынның бағдарламалық құралдарының қолданылуы оның ұйымдық құрылымын елеулі өзгерістерге ұшыратпайды. Энциклопедиялар мен электронды оқулықтар көбіне дәстүрлі оқыту процесінде қолданылып жатқан оқулықтар мен оқу құралдарына қосымша элементтер ретінде қызмет атқарады. Расында, олар дәстүрлі ұйымдық құрылымның оқу үдерісі тиімділігін арттыруға арналған техникалық құралдар болып табылады. Сондықтан, олар оқыту үдерісінде компьютерді қолданумен қатар, білім беру жүйесін дамытудың бірінші бағытын сипаттайды.

Оқытуға арналған бағдарламалық құралдарды дамытудың үшінші кезеңінде әзірлеушілер оқу үдерісінде оқытушының қосымша қатысуын талап етпейтін бағдарламалар жасауды өздеріне басты мақсат етіп белгіледі. Бұл кезең оқыту үдерісінің технологиясын жасаумен ерекшеленеді.

Бүгінде үшінші буын бағдарламалары айтарлықтай көп дайындалған. Жоғары оқу орындарында кейбір оқу пәндері бойынша осындай бағдарламалардың жасалғаны туралы деректер бар. Мұндай бағдарламалық құралдарды қолдану дәстүрлі оқыту түрлері және әдістері арқылы оқу үдерісін жүргізуді қиындатады, нәтижеде білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістерді енгізуге қажеттілік туындайды.

Біріншіден, мұндай бағдарламалар қашықтықтан оқытуды кеңінен әрі талап етілген сапада жүргізуге мүмкіндік береді. Осы мәселе төңірегінде қазіргі педагогикалық әдебиеттерде көптеген мақалалар

жариялануда және нақ осы оқыту түрін дамытуға бағытталған ғылыми-педагогикалық жобалар мемлекеттік және аймақтық деңгейлерде жүзеге асырылуда.

Кез келген буынның бағдарламалық құралдарын пайдалану оқу үдерісін ұйымдастыруға өзгерістер енгізеді. Сондай-ақ, бірінші, екінші және үшінші буынның бағдарламалық құралдарының бірізділікпен қолданылуы оқу үдерісінде бірте-бірте түбегейлі өзгерістердің туындауына алып келеді.

Бірінші және екінші буынның бағдарламалық құралдары ұйымдастыру сипатындағы келесі өзгерістердің енгізілуін қажет етеді: компьютермен жеткілікті деңгейде жабдықталған компьютерлік аудиториялар мен зертханаларды құру; оқытуға арналған бағдарламалық құралдарды сатып алу немесе дайындау; оқу кестесін құрастыру; білім меңгеру үдерісіндегі студенттердің дербестігін күшейту; оқытушылардың компьютерлік дайындығын арттыру.

Мұнда жүзеге асырылатын оқу үдерісін компьютерлендіру үдерісі студенттердің бұрын алған барлық білім тәжірибелерін өзгертуді және студенттер мен оқытушылардың рөлдерін қайта қарастыруда талап етеді.

Технологиялық дамудың жетекші буыны ретінде білім беру жүйесін жоғары деңгейде ұстап тұру, студенттердің білімдері мен қабілеттерін болашақ кәсіби қызметінде кездесетін жағдайларға барынша жақындату, оқыту және білім беру тиімділігін көтеру, оқу үдерісіндегі студенттердің дербестігін қамтамасыз ету қажеттігі осы даму кезеңінде компьютерді қолданудың басты мақсаты болып табылады.

Мұндай жағдайға көбіне студенттер дайын болмай шығады, себебі компьютермен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру және оқу үдерісінде өз бетінше жұмыс істеу үшін қосымша күш керек. Оның үстіне, білім беру саласындағы осындай жаңалықтар студенттерді кейде стрестік жағдайға жетелейді, өйткені олардан бұрынғы стереотиптерін өзгертуді және болашақ кәсіби қызметіне қатысты құнды бейімділіктерін ауыстыруды талап етеді. Бұл технологияның айқын артықшылықтарына қарамастан, студенттерде стресске қарсы әрекеттің пайда болуына әкеп соқтыруы әбден ықтимал.

Білім беру үдерісін компьютерлендіруге білімгерлердің әр түрлі көзқараста болатынын кейбір бақылаулар көрсетті. Мәселен, абстрактілі көріністерді қабылдауды жеңілдету үшін графиктер мен анимацияларды пайдалануға және лекция жазуға негізделген жаңа оқыту технологиясын қолданғанда студенттердің реакциясы бірдей болмады, яғни фактіге негізделген оқу материалының жеткіліксіздігінен студенттердің кейбіреулері лекциялық материалды құптаса, кейбіреулері сынға алды. Мұндай көзқарас стресс пен сенімсіздіктің пайда болғанын аңғартады. Тіпті, жаңа оқыту түрлерінің артықшылықтарын студенттерге тек қана қисынды жолдармен дәлелдеуге тырысу, студенттерді оқуға деген пікірін өзгертуге және келешекке басқаша көзбен қарауға мәжбүрлеу секілді кейбір факторлардың стресті және өзгерістерге қарсы тұру қабілетін күшейтетіні мәлім [6].

Зерттеушілердің пайымдауынша, қисынды түсіндіруге мынадай әсерлі және сенімді компоненттерді қосқанда ғана стресті әлсіретуге болады: басқа студенттермен бірге орындалған жұмыстардың нәтижелерін көрсету; жаңа шарттарға бейімделген бұрынғы ағындар мен топтардағы студенттердің түсіндірмелерін қолдана сөз сөйлеу; курстарды аяқтағаннан кейін студенттермен және оқытушылармен тест нәтижелерін талқылау және өзін-өзі бағалау мақсатында тест тапсыру.

Тестілеуге сәйкес оқу бағдарламасына өзгерістер енгізілді. Сендіру арқылы өзгерістер енгізу студенттерге аталмыш жүйенің барлық артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптауға, бұрынғы топтардың тәжірибелерін талқылауға және оқыту бағдарламасын әділ бағалауға мүмкіндік береді.

Оң көзқарастар мен өзгерістер жан-жақты келтірілген дәлелдер арқылы жаңалықтарды мойындаудың нәтижесі болып табылады. Студенттердің өзгеріс енгізу қажеттігін терең ұғынуы үшін келесілер ұсынылады: оқытушылар мен басқа студенттердің тәжірибесіне сүйене отырып, басқа тұжырымдамаларды таңдау мүмкіндігі; оқыту мақсаттарына қол жеткізу, жұмысқа орналасу, ғылыми дәреже алу, одан әрі оқу және т.б.

Компьютерлік оқытуды енгізу оқытушылар арасында да осындай мәселелерді туғызады. Біздің болжауымызша, педагогикалық еңбек өтілі көбейген және жасы ұлғайған сайын оқытушылардың өзінің қалыптасқан оқыту жүйесіне компьютерді қосуы едәуір қиынға соғады. Осылайша, компьютерлік оқыту оқытушылардан кәсібін де, ақпараттық құралды да теңдей игеруге, теориялық ойлау қабілетін дамытуға және зияткерлік ұтқырлығын шыңдауға өзін-өзі қайта даярлауын талап етеді.

Үшінші буынның оқытуға арналған бағдарламалық құралдарын оқу үдерісінде пайдалану оқытушы мен оқушы рөлінің өзгеруіне едәуір ықпал етеді. Бұл бағдарламаларды қолдану оқу үдерісін

тіпті педагогсыз жүзеге асыруға болатынын болжамдайды. Мұнда өзіне ыңғайлы кез келген уақытта (күндіз немесе кешке) және мекенде (үйде немесе жұмыста, бірден немесе бөлек-бөлек) қажетті оқу материалын меңгеру мүмкіндігіне қол жеткізген оқушының академиялық ұтқырлығы бірден артады. Сондай-ақ, оқытушы оқушы мен оқыту құралы арасын байланыстырушы дәнекер рөлін атқарып қана қоймай, Интернет көмегімен оқушының өз бетінше істеген жұмысын басқару және түзету қызметтерін орындайтын кеңесші міндетін де орындай бастайды.

Мұндай жағдайда оқытудың күндізгі және сыртқы түрлері арасындағы алшақтық мүлдем жойылады. Бұл үшінші буынның бағдарламалық құралдарына негізделген оқыту үдерісін ұйымдастыруға қатысты бірқатар маңызды мәселелердің түп-төркінін ашып береді. Тым жаңа оқу-әдістемелік бағдарламаларды дайындаумен қатар нормативті-құқықтық сипаттағы мәселелер де туындайды. Мысалы, ЖОО-да оқыту технологиясын қолдану оқытушы санының және оқу алаңының азаюына алып келеді.

Ақпараттық технологиялар аясында білім беру жүйесін дамытудың үшінші тенденциясы – оқыту үдерісінде Интернет компьютерлік желісінің ресурстарын кеңінен қолдану болып табылады. Бұл ақпараттық базаның ұлғаюына байланысты оқыту үдерісінің мүмкіндіктерін кеңейту және оқушылардың бойында Интернет желісінде жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру секілді екі негізгі себептен туындайды.

Оқытуда Интернетті компьютерсіз қолданудың мүмкін еместігіне қарамастан, біз олардың әлеуеттерінің арасындағы айырмашылықтарға қарай отырып, білім беру жүйесін техникалық дамытудың дербес тенденциясы ретінде Интернетке ерекше мән береміз.

Оқушыларда Интернетте жұмыс істеу мүмкіндіктерінің пайда болуы жаңа күтпеген құбылыстың туындауына алып келді, олар желідегі ақпаратқа қызығушылық таныта бастады. Тіпті бұл қызығушылықтың артқаны соншалықты Интернетке деген бағыныштылық күшейіп, енді психологтар Интернеттің қолданушылардың психикасына тигізетін кері зардаптары мен табиғатын зерттеуге белсене кірісті.

Интернет желісін қолдану сияқты білім беру жүйесін дамытудың тенденциясын ұтымды пайдаланудың жолдарын қарастырған жөн. Бұл үшін маман психологтар мен педагогтардың Интернетті негізгі құрал ретінде қолданатын арнайы оқыту технологиясын жасап шығаруы әлемдік ғаламторға деген бағыныштылықты бейтараптандыруға мүмкіндік берері сөзсіз.

Дәстүрлі емес негізде білім беру жүйесін дамытудың төртінші тенденциясы – білім беру мекемелерін ірі білім беру консорциумдарына біріктіру болып табылады. Бұл тенденция жалпы әлемдік компьютерлік желілердің құрылуы мен қашықтықтан оқыту жүйелерінің дамуына тікелей байланысты [6].

Еуропа елдерінде және АҚШ-та ақпараттық желіні дамытуда қол жеткізілген техникалық жетістіктер білім беру саласындағы интеграциялық үдерістерге жаңа толқыныс берді. Бүгін әлемде болып жатқан өзгерістер кейбір білім беру бірлестіктерінің бірігуіне, нәтижеде дәстүрлі емес университеттердің пайда болуына септігін тигізді.

Мысалы, АҚШ-тың алты штатында (Канзас, Оңтүстік Дакота, Айова, Миссури, Миннесота, Небраска) орналасқан тоғыз университеттің негізінде «МИД-Америка» консорциумы құрылды. Бұл консорциум әр түрлі оқыту деңгейіндегі оқу курстарын ұсына отырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы оқушыларды көптеп тартуда.

Францияда серіктес жеті университеттен тұратын Телеоқытудың университетаралық шығыс бірлестігі жұмыс істейді. Бұл университеттердің қашықтықтан білім беру орталықтары басқа университеттерге қарағанда оқыту деңгейі едәуір жоғары саналатын жекелеген пәндер бойынша өзіндік бағдарламаларын дайындайды. Студенттерге бірлестік құрамындағы жоғары оқу орындарының ресурстарын толық пайдалануға және олардың кеңес беру орталықтарымен байланысуға мүмкіндік жасалған.

Бүгінгі таңда Қашықтықтан оқыту университеттерінің Еуропалық қауымдастығы Еуропадағы жоғары қашықтықтан білім беру жүйесін дамытуда да, білім беру саласына әр түрлі инновацияларды енгізуде де маңызды рөл атқарады.

Жоғарыда аталған тенденциялар білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістердің болып жатқанын аңғартады. Тәжірибе көрсеткендей, оқыту технологиясын қолдану арқылы оқытудың технологиялық жаңа тәсілін қалыптастыруға болады.

Оқытудың жаңа компьютерлік немесе желілік әдісінің негізгі айқын белгілері мыналар: білім алудың қол жетімділігін кеңейту; оқушылардың оқыту үдерісіндегі ұтқырлығын күшейту; жаңа (қашықтықтан) оқыту түрлерін кеңінен қолдану; оқыту үдерісін компьютерлендіру; оқытуда жергілікті және ғаламдық желілердің мүмкіндіктерін белсенді түрде пайдалану; оқыту үдерісінің қарқынын (технологиялар мен әдістемелердің өзгеру жылдамдығын) үдету; оқыту үдерісінің баламалылығын арттыру; мұғалімдер мен оқушылардың рөлін азайту; оқыту үдерісінде басқаша құралдарды қолдану; оқыту үдерісінде басқаша әдістемелерді пайдалану; оқу ақпаратын шектемеу, жедел жаңарту және ғылыми емес, жалған, қарама-қайшы мәліметтерге көптеп кездесу; оқытудың дербестілігін күшейту [7].

Осы төрт негізгі тенденциядан бөлек бұрындары жетекші рөл ойнаған мынадай екі тенденцияны да атап өтуге болады: бірінші буынның компьютерлік білім беру бағдарламаларын дамыту мен кеңінен қолдану және екінші буынның компьютерлік білім беру бағдарламаларын, яғни электрондық оқулықтарды дамыту мен қолдану. Қазір үшінші түрдегі оқу бағдарламаларының пайда болуына және дамуына байланысты бұл бағдарламалар маңызын жоғалтып, жаңа түрдегі кешенді оқу бағдарламаларының жекелеген элементтеріне айнала бастады.

Қорыта келе, қазіргі өмірдің ақпараттық құраушысының маңыздылығын, жалпы әлемдік ақпараттық кеңістікте жақын арада кіру қажеттілігі мен оның кезек күттірмейтіндігін ұға отырып, бұл процесс ақпараттық мәдениеттің деңгейін жәй ғана арттырып қоймай, жалпы мәдениеттің деңгейін белгілі бір мақсатты көздей отырып, арттыратынын түсіну қажет. Әрбір студентке ақпараттық технологияларды пайдалану дағдысы ғана емес, сонымен бірге, қарым-қатынастың жалпы мәдени дағдыларын, өз іс-әрекетін жоспарлай білу және т.с.с. меңгеру қажет.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // www.akorda.kz. – Астана, 2012.
2. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // www.edu.gov.kz. – Астана, 2010.
3. Қазақстан Республикасы «Ақпараттандыру туралы» Заңы (2007 ж.) // www.edu.gov.kz. – Астана, 2007.
4. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2007 ж.) // www.edu.gov.kz – Астана, 2007.
5. Халықова К.З., Абдулқәрімова Г.А. Педагогикалық информатика / Білім беруді ақпараттандыру. – Алматы, 2007. – 273 б.
6. Околелов О.П. Системный подход к построению электронного курса для дистанционного обучения // Педагогика. – М., 1999. – №6.
7. Смирнова С.А. Педагогика: теории, системы, технологии. – М., 2006. – 506 с.

Резюме

В статье рассматриваются современные тенденции развития информационной технологии в профессиональной подготовке будущих специалистов. Описаны широкие методы использования информационно-компьютерной технологии в обучении на современном этапе, что является главной особенностью системы образования.

Summary

This article deals with trends in the development of information technologies in the professional training of future specialists. As well as describes the broad use of informational-computer technologies in teaching at the present stage. Today the expansion of the use of informational-computer technologies in the educational process is the main feature of the education system.

ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕСІНДЕГІ ИНФОРМАЦИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Қ.Е. КЕРВЕНЕВ,

доцент

Н.Қ. МЕДЕУБАЕВ,

магистрант,

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы*

Әр ғылым өмірдің белгілі саласын зерттей отырып, құбылыстар арасындағы заңды байланыстарды, олардың пайда болу заңдарын, қызметін және дамуын ашады.

Информациология ғылымы пәнаралық зерттеулер нәтижесінде физика, химия, математика, астрономия, биология, информатика, философия, тарих және т.б. фундаментальды ғылымдармен жапсарлас, жалпығылыми әдістерді таңдау нәтижесінде пайда болды. Информациология және философия ғылымдарының гносеологиялық мүмкіндіктерін біріктіретін ақпараттық принциптер жиынтығын қарастырған ғылыми еңбектер де аз емес [1].

Информациология ретінде әр түрлі объектілер жиынтығы үшін ақпаратты алу, беру және сақтау жөніндегі ғылымды түсінетіндігіміздіктен, бұл ғылымның басқа облыстарындағы қолданылу жетістіктеріне мысалдар келтірейік.

С.И. Репьевтің «Тұқымқуалаушылық, өзгергіштік және тұрқалыптастықтың энергоақпараттық теориясы» атты өсімдіктерге ақпарат беру тәсілі тамаша нәтижелерге әкелді. Репьев теориясы негізіндегі популяция мен социум арасындағы ақпарат алмасу Т.В. Ермакованың жұмысында тек өсімдіктер ғана емес, жануарлар арасында, мәселен, ірі қара малдарында қолданылады. Осындай нәтиже А.Н. Иезуитовтың «Өзара қатынас философиясында» байқалуы мүмкін. Яғни, тек материалды, рухани ақпарат алмасу арқылы ғана адамдар арасында түсінік қалыптасып, олардың қарсыластығы, антагонизм деңгейі төмендеуі мүмкін [2].

Космостан алынатын ақпаратпен Е.И. Боровков пен В.В. Сергеев шұғылданады.

И.Г. Горячконоың «микро- және макродүние қызметінің бірегейлік заңы» – жеке интелектің жұмысының айқын көрінісі.

Оқыту барысында ғылыми, тарихи, оперативті ағымдық және перспективті ақпараттарды қолдану оқыту үрдісін қызықты, түсінікті және сапалы қылатыны айқын. Сондықтан бұл мәселені қарастырудағы негізгілердің бірі – ақпараттың фундаментальды мәнін, оның қазіргі даму кезеңі жағдайындағы құндылығы мен өзектілігін, информациологиялық технологиялар мен ресурстардың баламасыздығын студенттерге түсіндіре білу; өзін-өзі информациогенездеу – қоғам мен табиғаттағы информациогенді процестер мен құбылыстардың алғышарттары екенін логикалық түсіндіру; бүкіләлемдік қауымдастықтың өзекті мәселесі информациологиялық қауіпсіздік екеніне тоқталу және т.б., негізгі және кейінге қалдырылмайтын мәселенің бірі болып табылады.

Информациология ғылымы келесі бағыттар бойынша зерттеу жұмыстарын қарастырады [3]:

- Ғалам құбылыстарын, оқиғалары мен процестерін тіркеу және зерттеулер;
- Микро және макроқұрылымдардағы процестерді топтастыру, типке бөлу және стандарттау;
- Ғарыштық объектілердің, жүйелердің ақпараттық модельдерін және Ғаламның тұтастай алғандағы ақпараттық моделін жасау;
- Ғалам, Күн жүйесі, қоғам және адамның ақпараттық кодтарын зерттеу формалау;
- Адам жасын ұзартудың ақпараттық негіздерін өңдеу;
- Басқа планеталарда биосфераларды жасау және оларды игеру;
- Ғаламның микро және макроқұрылымдарына арналған ақпараттық технологияларды өңдеу;
- Дүниетаным, космология, космохимия, радиоастрономия, радиофизика, космонавтика, астрономия, математика, геология, океанология, физика, химия, биология, ноосфера, генетика, биофизика, медицина, экологияның ақпараттық мәселелері бойынша фундаментальдық және қолданбалы зерттеулер;

- Жерден тыс ақпараттық-ғарыштық өркениеттерді іздеу және зерттеу;
 - Халықтық медицина және адамның жасырын қабілеттерін анықтау;
 - Рухани-діни ғылымның қызмет сфералары;
 - Гидроэнергетика, энергияның жағармайлық, атомдық, ақпараттық-ғарыштық және басқа көздері; пайдалы қазбаларды су асты, жер асты, жер үсті және ақпараттық-ғарыштық кендерді өндіру;
 - Мәдениет, философия, тарих, социология, педагогика, журналистика, баспа қызметі, дін, кескіндеме, өнер, радио, теледидар, астрология, уфология, кино, кітапханалық іс, архивтік мәлімет шаруашылығы, туризм, тәрбие, дене шынықтыру, спорт және адам денсаулығын жақсарту мен сақтандырудың өзге әдістері саласындағы зерттеулер;
 - Азаматтық, қылмыстық және мемлекеттік құқық; ұжымдардың, қалалардың, аймақтардың, елдердің, планетаның және Ғаламның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелері; қаржылар, несие, банкілер және статистикалық зерттеулер;
 - Су асты, жер үсті және ақпараттық-ғарыштық байланыс, автоматика, телемеханика, радиотехника, электроника, робототехника және есептеуіш техника; телекоммуникациялар, электрондық пошта, факсимилді, телекстік және пошталық байланыс; бөгеттен қорғаныс; ақпараттық қауіпсіздік әдіснамасындағы зерттеулер;
 - Ғалам микро және макро әлеміндегі ақпараттық процестер мен технологиялар; Ғаламның ақпараттық моделі (әлем физикалық картасы); Ғалам және адамның ақпараттық коды;
 - Ақпараттық саясат және біртұтас әлемдік деңгейде тағайындалған ақпараттық – ұялы бірлестікті құру аумағындағы зерттеулер;
 - Тұрғындарды, мекемелерді, ұйымдарды және дүниежүзілік бірлестік сауда құрылымдарын коммуникациялық, ақпараттық және есептеуіш қызметпен қамтамасыз етуге арналған үлкен ауқымда таратылатын ақпараттық-есептеуіш жүйе жасау мәселелері;
 - Телерадиоспутниктік, ұялы және мобильді байланыстарды қолдану негізінде локальды көп-терминальды ақпараттық-ұялы жүйе мен желілерді енгізу және өңдеудегі зерттеулер;
 - Интеллектуальды нейрокомпьютерлі және транспьютерлі желілер мен жүйелер;
 - Адам қызметі салаларындағы математикалық және компьютерлік модель жасау құралдары мен технологиялары, методологиялары, теориялық зерттеулер;
 - Машина жасау информатизациялары, металлургия, көлік, кәсіпкерлік, өнеркәсіп, өнеркәсіпсіз сфера, қорғаныс, құқық қорғау және мемлекеттік органдар, ауыл, орман, коммуналдық шаруашылық, қоғамдық тамақтану, тұрмыс қызметі, білім беру, ғылым, сыртқы экономикалық байланыстар, сауда облысындағы, яғни адам қызметінің бүкіл сфералары мен халық шаруашылық салаларындағы зерттеулер;
 - Физика, химия, биология, астрономия, космология, байланыс техникасы, медицина мен әлеуметтік сферадағы ақпаратты өлшеудің бірыңғайлы бірліктерін өңдеу;
 - Ақпараттың әр түрлі бірліктері арасындағы өзара тәуелділікті анықтау;
 - Барлық ғарыштық объектілер мен жүйелердің мәліметтері базасын жасау;
 - Ғаламның барлық ғарыштық объектілері мен жүйелеріне оның біртұтас ақпараттық-ұялы кеңістігі негізінде координаталардың ақпараттық жүйелерін жасау;
 - Координаталардың ақпараттық жүйелерін топтастыру және типтендіру;
 - Энергияға, қозғалысқа, салмаққа, кеңістік және уақытқа ақпараттық координата жүйесі және ақпараттық өлшем бірлігін анықтау; Супер-ЭЕМ, мини-ЭЕМ, биотранспьютерлер және нейрокомпьютерлер жасау;
 - Желілі, оптикотолқынды, радио, су асты және ғарыштық байланысты жүйелердегі супердәйекті телекоммуникацияларды өңдеу;
 - Бірыңғай дүниежүзілік ақпараттық-ұялы телефондық байланыс жасау;
 - Қуатты Супер-ЭЕМ базасында ауқымды реттелген ақпараттық-есептеуіш жүйелерін жасау;
 - Тұрмыстық, өндірістік және мекемелік мұқтаждықтарды өтеу үшін жергілікті ақпараттық-ұялы байланыстарды (ЖАҰБ) өңдеу;
 - Бұқаралық қызмет жүйесі мен желісінің жергілікті көп терминді ақпараттық-ұялы жүйесін жасау.
- Сонымен, информатология – Ғаламның микро және макро әлемдеріндегі бүкіл процестер мен құбылыстарды түбегейлі зерттеу ғылымы, физико-химиялық, астрофизикалық, ядролық, биологиялық,

экономикалық, әлеуметтік, ғарыштық және бірыңғай ақпараттық көзқараспен әрекет ететін басқа да зерттеулердің практикалық және теориялық материалын қорытындылау ғылымы болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Юзвизин И.И. Энциклопедия информатиологии. – М., 2000.
2. Мильнер Б.З. Управление знаниями вызов XXI в. // Вопросы экономики.– М., 1999. – №9. – С. 108-118.
3. Юзвизин И.И. Информатиология или Закономерности информационных процессов и технологий в микро и макромрахах Вселенной. Изд. 4. – М., 1996.

Резюме

В статье рассмотрены вопросы информатиологии как результата междисциплинарных исследований и указаны основные направления объекта его исследования. Приведены достигнутые результаты применения исследования информации в некоторых областях знаний. Обоснованы важность применения научных, исторических, текущих и перспективных информации в учебном процессе, фундаментальные значения и современные достижения исследования информации.

Summary

In the article questions of informatics as result of interdisciplinary researches are considered and the basic directions of object of its research are specified. The reached results of application of research of the information in some fields of knowledge are resulted. Information in the educational process, fundamental values and modern achievements of research of the information are proved importance of application scientific, historical, flowing and perspective.

ӘОЖ 502.65:519.688

ТОПЫРАҚТЫҢ АЗҒЫНДАЛУЫН МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ МӘСЕЛЕСІ

А.Т. ДІЛМАНОВА,

химия магистрі,

Қазақ гуманитарлық заң және техникалық колледжі,

Қызылорда қаласы, Қазақстан Республикасы

Жер ғаламшары ауа кеңістігімен, жер бедерімен, ауа райымен, топырақпен, фаунамен, флорамен, пайдалы қазбалармен, сулармен сипатталады. Жер биосферасының маңызды бөлігі болып табылатын топырақ – ел экономикасының негізі. Сондықтан топырақтың азғындалуын зерттеу ғылыми мәселе болатыны түсінікті.

Топырақтың азғындалуы – топырақтағы адамзаттың іс-әрекетінің себебінен пайда болған және адам өміріне қауіп тудыратын процестер жиыны [1]. Топырақтың азғындалуының барлық түрлері физикалық, химиялық және биологиялық болып 3 топқа бөлінеді. Топырақтың азғындалуы келесі себептерге байланысты екені белгілі: эрозия және дефляция; шөлейттену мен құрғақшылық; агротехникаға жат әдістер; химиялық қасиеттерінің өзгеруі; пайдалы қазбаларды алу; орманды шабу; топыраққа ащы жауын-шашынның жаууы; гербицидтерді пайдалану; қатты, сұйық және газтекес қалдықтардың тасталуы; ауыр металлдардың әсері [2]. Азғындалған топырақ өзінің экологиялық маңызды функцияларын атқаруды тоқтатады.

Топырақтың азғындалу процесі алғашқы кезде баяу және байқалмай жүреді. Сондықтан топырақтың азғындалуының белгілері байқалғанша біраз уақыт өтіп кетеді. Егер жағымсыз жағдайды қоздырушы факторлар қысқа уақытта ғана әсер етсе, онда топырақтың функционалдық қызметі тез

қалпына келеді. Егер жағымсыз жағдай күшті болса және ұзақ уақыт әсер етсе, онда топырақтың қасиеттері орнына қайтып келместей өзгереді. Топырақтың табиғи немесе адами сипаттағы жағымсыз өзгерістерінің алдын ала белгіленген шектен асып кетуі Жердің биосферасына елеулі экологиялық қауіп туғанының белгісі болып саналады. Топырақтың азғындалуын алдын ала және тиімді болжау экологиялық қауіпті анықтап, оны тезірек жоюға мүмкіндік береді [3, 4].

Топырақтың азғындалуын болжау үшін қазіргі кезде ғылымда мынадай әдістер қолданылады: азғындалудың жалпы сапалық бағалануы; азғындалу индекстері; жеке азғындалу түрлерінің жалпы азғындалудағы балансын анықтау; тәжірибе негізінде алынған эмпирикалық өрнектерді пайдалану; тәжірибелік деректерді экстраполяциялау. Азғындалушы топырақ экологиялық жүйе ретінде статикалық күйде емес, үздіксіз өзгеріп тұратын күйде қарастырылады.

Топырақтың азғындалуын зерттеу әдістері топырақтың азғындалуының әр түрлі күйлерін анықтамайды және оның уақыт бойынша өзгеру динамикасын еш ескермейді [5]. Сондықтан топырақтың азғындалуын бағалау әдістері жетілдіруді қажет етеді. Басқа сөзбен айтқанда, топырақтың азғындалуының сапалық және сандық бағалаулары бір-біріне қарсы қойылмайды, керісінше бұл әдістер бірін бірі толықтырады.

Топырақтың азғындалуы құбылысының сандық қатынасын зерттеу күрделі ғылыми мәселе болып табылады. Сол себепті бұл мәселені жуықтап шешу жеткілікті. Топырақтың азғындалуын зерттегенде сенімділік теориясының көпке белгілі әдістерін [6, 7] қолданған тиімді болатынын ғалымдардың тәжірибесі анық көрсетіп берді. Сенімділік теориясында топырақтың азғындалуының математикалық модельдері қарастырылады. Атап айтқанда, мұндай модельдерде зерттелетін системаның сипаттамаларын белгілі бір уақыт аралығында және сыртқы әсер етуші факторларға байланысты қарастырады. Бұл теорияда, әдетте, келесі математикалық модельдер [5] қолданылады: 1) кездейсоқ модельдер, 2) параметрлі немесе параметрсіз функционалдық модельдер, 3) азғындалу процесін сипаттайтын теңдеулермен берілген кинетикалық модельдер.

Объектінің және оның бөліктерінің ақаусыз жұмыс істеп тұру ықтималдығын бағалау системаның өзгерісін сипаттаудың негізгі кезеңі болып табылады. Системаның жұмыс істемей қалуын, әдетте, оны сипаттаушы параметрге (индикаторға) қатысты шешеді.

Топыраққа әсер етуші белгісіз факторлар көп болған жағдайда азғындалған топырақтың күйлерін сипаттайтын теңдеулерді қорытып шығару үшін системаның өзгерісінің кездейсоқтық табиғатын ескеру керек. Жалғыз параметрлі математикалық модель қарастырылғанда алынатын функция табиғи системаның, дербес жағдайда, топырақтың өзгерісі деңгейінің орташа мәндерін ғана анықтайды.

Қарастырылатын системаның күйлерін алдын ала дұрыс болжауға мүмкіндік беретін болғандықтан стохастикалық модельді қарастырған тиімді. Азғындалушы топырақты сипаттау үшін физикада диффузиялық процестерді сипаттауға пайдаланылған стохастикалық дифференциалдық теңдеулер қолданылатыны белгілі. Мұндай теңдеулерде кемінде бір мүшенің кездейсоқтық табиғаты бар болады. Топырақтың компоненттері де уақыт бойынша алдын ала болжауға келмейтін қозғалыспен ерекшеленеді.

Топырақтың азғындалуына әкелетін барлық фактор бойынша бағалау іс жүзінде мүмкін емес. Сондықтан топырақтың азғындалуы туралы қойылған есепті шешкенде азғындалу процесін толығырақ сипаттайтын бірнеше факторды ғана белгілеп алуымыз қажет. Әдетте, олар математикалық статистиканың әдістерімен анықталады.

Алғаш рет жапон математигі К. Ито [8] ұсынған стохастикалық кинетикалық теңдеу:

$$dy(t) = m(t) dt + \sigma(t)dx(t) \quad (1)$$

топырақтың азғындалуын да сипаттайды, мұнда $y(t)$ – шешуші фактор (параметр); $m(t)$ және $\sigma(t)$ – сәйкесінше шешуші параметр өзгерісінің орташа жылдамдығы мен оның орта квадраттық ауытқуы; $x(t)$ – гаусс процессінің кездейсоқ компоненті. Стохастикалық дифференциалдық теңдеуді шешу үшін оны алдымен уақытқа тәуелді ықтималдық тығыздығына қарағанда стохастикалық мүшелері жоқ дербес туындылы Фоккер-Планк-Колмогоров теңдеуіне түрлендіреді.

Топырақтың азғындалу процесін талдау кезінде азғындалу процесі басталғанша дейінгі уақыт аралығында шешуші параметрдің таралуын анықтау зерттеуді өте қажет ететін негізгі мәселе.

Топырақтың азғындалуы оған үздіксіз әсер етіп тұратын факторлардың қызметінің нәтижесі деп қарастырылады. Егер шешуші параметр өзгерісінің орташа жылдамдығы $m(t)$ мен оның орта квадраттық ауытқуы $\sigma(t)$ уақытқа байланысты өзгермейтін тұрақты мәндерге ие болса, онда (1) теңдеу былай жазылады:

$$dy = mdt + \sigma dx(t). \quad (2)$$

Сәйкес Фоккер-Планк-Колмогоров теңдеуінің түрі мынадай:

$$\frac{\partial P}{\partial t} + m \frac{\partial P}{\partial y} - \frac{\sigma^2}{2} \cdot \frac{\partial^2 P}{\partial y^2} = 0$$

болады, мұнда шартты ауысу функциясы $P = P(y, t)$ ізделінді функция. Бұл – дербес туындылы парабола-лық типті теңдеу. Осы теңдеуді бір мәнді етіп шешу үшін қарастырылатын процестің монотондығынан туындайтын шекаралық және бастапқы:

$$P(y, t)|_{y=\pm\infty} = 0, \quad P(y, t)|_{t=0} = \delta(y)$$

шарттарды берілген теңдеумен бірге қарастырамыз, мұнда $\delta(t)$ – Дирактың дельта-функциясы. Математикалық физиканың бұл есебінің $P(y, t)$ шешуі фундаменталь шешу болады [9].

Ықтималдық тығыздығы былай анықталады [5]:

$$f(t) = \int_{-\infty}^{\infty} \frac{\partial P}{\partial t} dy,$$

мұндағы α дегеніміз – топырақтың азғындалуы басталғанын көрсететін шешуші параметрдің (фактордың) мәні.

Монотонды кездейсоқ (2) процестің көрсетілген шекараға алғаш жету уақыттарының таралу функциясын былай

$$F(t) = \Phi\left(\frac{t - \mu}{\alpha \mu \sqrt{t}}\right)$$

анықтай аламыз, мұнда

$$\Phi(z) = \frac{1}{\sqrt{2\pi}} \int_{-\infty}^z e^{-\frac{x^2}{2}} dx$$

функциясы $0 \leq z < 5$, $\alpha = \frac{\sigma}{\sqrt{ma}}$ үшін кестеленген нормаланған Лаплас функциясы. Дәл осындай

$$P(t) = \Phi\left(\frac{t - \mu}{\alpha \mu \sqrt{t}}\right) \quad (3)$$

формуламен топырақтың азғындалмауының ықтималдығын анықтайды. Олай болса топырақтың азғындалу ықтималдығы былай $r(t) = 1 - P(t)$ есептеледі.

Егер z кездейсоқ шамасын топырақтың қалыпты жағдайда болу ықтималдығы деп қарасақ, онда (3) теңдеуден

$$z = \frac{\mu - t}{\alpha \mu \sqrt{t}}.$$

Соңғы қатынастан α шектік мәнін алғаш қабылдау уақытының мәні:

$$t = \mu \cdot \left[\frac{2 + z^2 v^2 \pm \sqrt{(2 + z^2 v^2)^2 - 4}}{2} \right] \quad (4)$$

табылады, мұндағы вариацияның v коэффициенті кездейсоқ шаманың байқалуының салыстырмалы өлшемін көрсетеді. Осы формула топырақтың азғындала бастауының уақытын анықтап береді.

Бұл жұмыста топырақтың азғындала бастауының уақытын анықтауға арналған Паскаль тіліндегі программа жазылған [10].

```

– program Almas;
– var m,s,v,z,a,t,d,p:real;
– begin;
– writeln ('Вариациялық қатардың m арифметикалық орта мәнін көрсетіңіз'); read(m);
– writeln ('Вариациялық қатардың s орта квадраттық ауытқуын көрсетіңіз'); read(s);
– v:=s/m;
– writeln ('Вариация коэффициенті v = ',v:3:2);
– writeln ('Сенімділік ықтималдығының мына p = 0,9, p = 0,95 немесе p = 0,99 мәндерінің біреуін
ғана көрсетіңіз');
– read(p);
– if P = 0,9 then z:= 1,28;
– if P = 0,95 then z:= 1,64;
– if P = 0,99 then z:= 2,33;
– if z<>0 then begin
writeln('Нормаланған кездейсоқ шама z = ', Z:3:2);
– d:= z*z*v*v;
– writeln('Шектік a мәнін көрсетіңіз'); read(a);
– t:=a*(2+d+sqrt((4+d)*d))/(2*m);
– write('Қолайсыздықтың a = ', a , ' деңгейіне сенімділік ықтималдығы p = ', p , ' болғанда қажет
уақыт t = ', t:4:2, ' жыл.')
```

```

– end
– else writeln('Сенімділік ықтималдығының мәнін қате енгіздіңіз. Программаны қайтадан іске қо-
сыңыз.')
```

```

– end.
```

Литература:

1. Деградация и охрана почв / Под ред. Г.В. Добровольского. – М.: МГУ, 2002.
2. Добровольский Г.В., Никитин Е.Д. Функции почв в биосфере и экосистемах. – М.: Наука, 1990.
3. Мирцхулава Ц.Е. Количественная оценка предельно допустимых нагрузок на ландшафт // Известия РАН. Сер. геогр. – М., 2001. – №3. – С. 68-74.
4. Зимовец Б.А., Хитров Н.Б., Кочеткова Г.Н., Чижилова Н.П. Оценка деградации орошаемых почв // Почвоведение. – 1998. – №9. – С. 111-126.
5. Мирцхулава Ц.Е. Деградации почв и стратегия экологического менеджмента (общая методология количественного предсказания рисков) // Инженерная экология. – М., 2003 – №5. – С. 39-55.
6. Свешников Л.Л. Прикладные методы теории случайных функций. – М.: Наука, 1968.
7. Стрельников В.П. Новые результаты в теории и практике параметрической надежности. – Киев: Знание, 1984.
8. Гнеденко Б.В. Курс теории вероятностей. – М.: Наука, 1988.
9. Тихонов А.Н., Самарский А.А. Уравнения математической физики. – М.: Наука, 1977.
10. Дильманова А.Т. К проблеме математического моделирования деградации почв // Матер. междунауч.-практ. конф. «Наука и образование: фундаментальные основы, технологии, инновации», посв. 110-летию акад. К.И. Сатпаева. Том 1. – Павлодар: ПГПИ, 2009. – С. 45-50.

Резюме

Деградация почв обусловлена непрерывным воздействием действующих факторов на почву. Для описания деградирующей почвы исследователи решают краевую задачу для стохастического дифференциального уравнения. В статье составлена программа на алгоритмическом языке Паскаль для определения времени наступления порогового уровня деградации почвы.

Summary

Soil degradation due to continuous exposure of operating factors on the soil. To describe the degraded soil researchers solve the boundary value problem for a stochastic differential equation. In this article, the program in algorithmic language Pascal to determine timing of the threshold level of soil degradation.

ӘОЖ 82.08:82(574)

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАНЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

С.Б. БАХТИЯРОВА,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қ.А. ЖҰМАНАЗАРОВА,

№46 А.С. Пушкин атындағы мектеп-лицейі,

Қызылорда қаласы, Қазақстан Республикасы

*Баланың ынтасын арттыру үшін оқы-
латын нәрседен бір жаңалық болуы керек.*

Жүсіпбек Аймауытов

Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне АКТ-ны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру – қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғышарты. Ақпараттық процестерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы есептеу техникалары біртұтас күрделі жүйе болып табылады [1, 2]. Білім беру жүйесі ауқымды қоғамдық жүйенің бір саласы ретінде өмірде болып жатқан жаңалықтарды есепке ала отырып, педагогикалық инновация жүйесін жаңартудың қажетті факторы болып табылады. Бұл мәселеге көптеген еңбектер арналған, мәселен, М.С. Бургин, Н.Д. Молахов, Н.И. Лапин, А.И. Пригожин [2] «инновация», «инновациялық құбылыс» түсініктерінің негізін қарастырса, К. Ангеловский, В.А. Сластенов, В.С. Лазерев, С.Ц. Поляков, М.М. Поташник білім саласындағы инновациялық құбылыстардың мазмұнын анықтайды [3]. Инновациялық өзгерістердің әлеуметтік-психологиялық кедергілері туралы В.И. Антошок, В.Г. Зазыкина, Р.Л. Кричевский, Л.К. Маркова, Н.Р. Юсуфбекова зерттеулерінде талдаулар жасаған [4].

Қазіргі таңда әлеуметтік жағынан қорғанған адам – ол технология ауысуына және нарық талабына сай терең білімді, әрі жан-жақты адам. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез-құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді. Инновациялық іс-әрекет адамдардың шығармашылық жемісті қызметінің бір түрі және оған мотивациялық, креативтік, технологиялық, шартты компоненттер жатады. Сонымен қоса мотивациялық компонент педагогтардың педагогикалық жаңалықтарға деген сұранысын, ол жаңалықтарды қабылдау дәрежесін көрсететін кәсіби шығармашылық бағыттарының мазмұнын анықтайды.

Ақпараттық мәдениетті, сауатты адам ақпараттың қажет кезін сезіну, оны тауып алуға, бағалауға және тиімді қолдануға қабілетті, ақпарат сақталатын дәстүрлі және автоматтандырылған құралдарын пайдалана білуі керек.

Ақпараттық мәдениет дегеніміз – адамға ақпараттық кеңістіктің қалыптасуына қатысуға және ол кеңістікте еркін бағдарлай алуға, ақпараттық өзара іс-әрекетке түсуге мүмкіндік беретін білім деңгейі. Э.Л. Семенюктің пікірі бойынша «Ақпараттық мәдениет – адамның, қоғамның немесе оның бір бөлігінің ақпараттармен жұмыс істеудің барлық түрлері – ақпараттарды алу, өңдеу, жинақтау және осының негізінде сапалы жаңа ақпаратты құру және практикалық қолдану бойынша жетілу деңгейі» [5].

Жалпы, педагог кадрлардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда факторлардың екі тобын бөліп көрсету қажет [4].

Біріншісі – педагогикалық білім беретін жоғары оқу орындары студенттері мен орта мектепте білім алушы оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру:

- интернет арқылы халықаралық байланыс;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқытудың пәндік арнайы курстары;
- дербес компьютердің болуы;
- телекоммуникациялар;
- қызығушылық;
- белгілі бір бағыттағы ақпараттық қажеттілік;
- ғылыми-зерттеу қызметі.

Екінші тобына білім беру ұйымдарындағы педагог кадрлардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру жатады:

- білім беру ұйымдарында, оқу кабинеттерінде компьютерлік базаның болуы;
- педагогикалық қызметінде коммуникациялық технологияларды қолдануға деген қызығушылық;
- педагогикалық жобалау;
- компьютерлік сауаттылық;
- біліктілік көтеру арнайы курстары;
- электрондық оқу-әдістемелік кешендердің болуы;
- педагогикалық қызмет пен педагогикалық процесті модернизациялау.

Біздің сөз етіп отырғанымыз педагогикалық білім беретін жоғарғы оқу орындары студенттері мен орта мектеп оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру туралы болмақ.

Білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Қарастырылып отырған мәселе «Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» ұғымының пайда болуымен және білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Соңғы жылдарда білім беру жүйесіне енген «құзырлылық» немесе «құзіреттілік» ұғымы жеке қасиеттері мен білім, білік, дағды, іс-тәжірибесі, түсінігінің бірлігін сипаттайды.

Құзырлылық – бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын проблемалар мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілік. Стенфорд комиссиясының директоры Г. Вайнер құзырлылықты адамның белгілі бір әрекеттер аймағына сәйкес бағыттылығы ретінде қарастырады. Ал белгілі ғалым М.М. Чошанов құзырлылықты білім, білік, дағдының өзара байланысы деп қарап, оның төмендегідей формуласын ұсынады: білімді қолданудың жылдамдығы – әдістердің оралымдылығы – ойлаудың сынаулылығы. Аталған анықтамадан кейін біз ақпараттық құзырлылық дегеніміз не деген анықтамаға тоқталсақ. Ақпараттық құзырлылық – бұл оқу, тұрмыс және кәсіби бағыттағы міндеттерді шешуде ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті.

Әдебиеттерде «ақпараттық құзырлық», «компьютерлік құзырлық» терминдері жиі кездеседі. Ақпараттық-коммуникациялық технологияның жеделдетіп дамуына байланысты «ақпараттық-коммуникациялық құзырлылық» деген терминді қолдану тиімді. Ақпараттық-коммуникациялық құзырлылық – бұл адамдардың кез келген проблема мен міндеттерді компьютермен, ақпараттық құрылғылармен және телекоммуникациямен шешу қабілеті.

Сонымен, білім алушының ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығын қалыптастырудың негізгі тәсілдеріне мыналар жатады:

– Ақпараттарды өңдеудің компьютерлік технологияларын теориялық және практикалық тұрғыда оқып-үйрену;

– Әр түрлі қолданыстағы бағдарламалық қамтамасыздандыруды оқып-үйрену және оны оқыту процесінде қолдану мүмкіндіктеріне талдау жасау;

– Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды жеке пәндерді оқытуда қолданудың тиімділігін негіздей және дәлелдей білу;

– Ақпараттық-коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастықта қолдану.

Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру – қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғышарты.

Аталған бағыттарды дамыту үшін құқықтық-нормативтік, материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық жағынан қамсыздандыру педагог мамандарды даярлаудың негізгі бағыттарының біріне айналып отыр.

Бүгінде білім беруді одан әрі ақпараттандырудың кезеңі мазмұндық тұрғыда болады және компьютерлік сауаттылықтан жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетінің іргелі операциялық негіздеріне ауысуды білдіреді, мұнда әрбір оқушы ақпаратқа, қазіргі ақпараттық технологияларға назар салып қана қоймай, оны тиімді қолдана білуі, интернеттік ақпарат желісін пайдалана алуы тиіс.

Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі білім алушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашуы керек.

Білім беруді қайта құру білім алушылардан үлкен дайындықты талап етеді. Олай болса, олардың тұлғалық қасиеттері мен мамандық құзырлылықтарына жоғарғы талап қойылады.

Қазіргі мектепке және ЖОО-на шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалім қажет. Ұстаз бір уақытта педагог, психолог және оқу-процесін ұйымдастырушы технолог бола білуі керек. Сонымен қатар оқушының шектеусіз қабілетін дамыта алатындай білім берудің әлемдік кеңістігін құруға қабілетті бола білуі шарт. Бұдан мұғалімнің мамандық шеберлігі анықталады.

Сонымен, ақпараттық құзырлылықты қалыптастыру келесі талаптарды қанағаттандырады:

1. Қазіргі білім беру жүйесіндегі ақпараттық кеңістік туралы біртұтас түсінікті қалыптастыру;
2. Ақпараттық (дербес жағдайда, компьютерлік) сауаттылық: оқу-әдістемелік, озық тәжірибелерді зерттеу, ғылыми-зерттеу нәтижелерін түрлендіру мен технологияларды қолдану әдістерін меңгерту; қолданбалы программалық құралдарды меңгерту; жаңа программалық құралдарды меңгерту.
3. Өз қызметтерін жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану: жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктері туралы білім; коммуникациялық қызметтерді пайдалану дағдысы; білім беру процесінің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық құралдарды қолдану және оларды өз қызметтерімізге сәйкес бейімдеп пайдалану.

Басқаша айтқанда, білім беруді ақпараттандыру процесі педагогтың дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол оқытушының өзін-өзі дамуына, өзіндік білім алуына және шығармашылық түрде өздігінен қызметтерін іске асыруға мүмкіндік береді. Педагог мамандардың біліктілігін көтеру ақпараттық әлемде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізгі құралдарын, жаңа әдістер мен формаларды кез келген уақытта таба білуіне мүмкіндік туғызуды көздейді. Мұндай жағдайда педагог мамандар өзін-өзі дамытуына және өздігінен білім алуына мүмкіндік алады. Бұл жағдайда дамытудың өзектілігі – жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие процесіне жан-жақты, әрі еркін пайдалана білуге үйрету, дайындау кезеңдерінің сапалығымен анықталады.

Әдебиеттер:

1. Ғалымжанова М. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру // Информатика негіздері. – 2006. – №3. – 2 б.
2. Хеннер Е.К., Шестаков А.П. Информационно-коммуникационная компетентность учителя: структура, требования и система измерения // Информатика и образование. – 2004. – №12. – 5-6 бб.

3. Матрос Д.Ш., Полев Д.М., Мельникова Н.Н. Управление качеством образования на основе новых информационных технологий. – М., 2001. – 30-33 бб.

4. Лебедева М.В., Шилова О.Н. Что такое ИКТ-компетентность студентов педагогического университета и как ее формировать // Информатика и образование. – 2004. – №3. – 96-100 бб.

Резюме

В статье рассматриваются инновационные методы обучения и вопросы внедрения инновационной технологии в учебный процесс. Освещаются проблемы развития информационно-коммуникационной компетентности педагогов и описываются основные компоненты их профессиональной компетентности. Предложены новые подходы и в профессиональной подготовке будущих учителей.

Summary

New technologies and modern methods of teaching are discerned in the article. In this article is offered introduction information technologies in scholastic process. Thesis work to actual and few researched problems: the usage of modern educating technologies – important element in formation of future teachers' communicative competence in professional training. In given article provision of modern quality of education by development of professional competency of teachers is considered and main components of professional competency of teachers are described.

ӘОЖ 004.9:37

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ТИІМДІЛІГІ

Б.Б. ҚОЖАТАЙ,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Жас ұрпақ – ел тірегі ертеңіміздің кепілі. Әрбір ұстаздың міндеті оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру. «Қыран тілегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз-шәкіртіне талап сыйлайды» деген халқымыздың қанатты сөзі ұстаз арқылы дарыған талаппен ұрпақтың алысқа ұшатынын меңзеген.

«Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында» деп білім қызметкерлерінің бірінші құрылтайында сөйлеген сөзінде Елбасы айтқандай ұстаздарды білімді ұрпақ даярлау міндеті күтіп тұр. Қазіргі таңда білім берудің мазмұны жаңарып, оларды технологиялық, педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттілігі туындауда. Білім беру саласында озық технологиялардың енуі мұғалімнің ойлау стилін, оқыту әдістемесін өзгертеді. Сабақта озық технологияларды тиімді пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады, дидактикалық мақсаттар іс жүзіне асырылады.

Осыған сәйкес оқыту мазмұнына қарапайым коммуникативтік біліктілікті, яғни шетел тілін қажетті жағдаяттағы ауызша және жазбаша (сөйлеу, тыңдап-түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым-қатынас процесінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік-мәдени білім, білік, дағдылар жоғарыдағы мысалға жауап бола алады.

Шет тілді оқытудағы негізгі мақсат – шет тілді коммуникативті қалыптастыру және дамыту, оны еркін игеру. Шет тілі – қазіргі заманның талабына сай, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдениет дамуының қайнар көзі. Қазір шет тілін оқыту әдістемесінің деңгейі жоғары. Тілді оқытуда интерактивтік тәсіл, ойындар, екеуаралық пікірталастар, сонымен бірге ақпараттық технология, интернет, компьютер қолданылуда. Бұл жаңа кезеңде адамдарды өмір сүруге баулу үшін бұрынғыдан да мол деңгейде білім беру деген сөз. Бүгінгі кезеңде бізге, елімізге дені сау, рухы таза, ойлары биік адамдар қажет-ақ. Елбасымыз Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан халқына 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде

қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» деп атап көрсетті.

Ағылшын тілі сабағында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың сөздік қорын молайту, сөйлеу тілінің грамматикасын қалыптастыру, дыбыстарды дұрыс айту, диалогтік сөйлеудің қалыптасуы, түсінгенін айта білу, сауатты жазуға дағдыландыру, дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, өмірге деген көзқарасын жан-жақты дамытып, шығармашылық қабілетіне жол ашу үшін ұстаз алдында зор белес тұр.

Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану басты мақсат болып отыр. Ол тек қана техникалық құрал емес, сонымен бірге жаңа ақпараттық, коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің жаңаша әдісі болып табылады.

Елбасымыздың Қазақстан халқына Жолдауында ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті: компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру. Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видеокұралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер) екені бәрімізге аян.

Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру мақсаттарын жүзеге асыратын оқытудың озық әдіс-тәсілі десек болады.

Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру.

ХХІ ғасыр оқыту үдерісіне компьютерлік технологияны пайдаланумен қатар елде болып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да заңды үрдістегі өзгерістер білім жүйесіне сол өзгерістер негізінде дамытуды талап етіп отыр. Атап айтқанда, виртуалды кеңістік, аутентті виртуалды интерактивті тілдік орта болып табылатын Интернетке ену аталған мақсатты дамытудың тиімді құралы ретінде қараластырылады.

Оқытудың ақпараттық технологиялары осы ақпараттық білім жүйесінің шегінде жүзеге асырылатын болғандықтан, білім технологиясына ақпараттық және бағдарламалық қолдаумен көрсететін құралдар бір ғана компьютермен, оған енгізілген бағдарламамен шектеліп қалмауы керек. Шын мәнінде бәрі керісінше, оқытудың ақпараттық технологияларының бағдарламалық құралдары және білім технологияларының өздері ақпараттық білім ортасына – ақпараттық білім жүйесінен бөлінген жүйешелер түрінде қосылады.

Шетел тіліне оқытуда Интернет беретін мүмкіндіктер мен қызметтерге тоқталып өтсек. Мысалы: оқушылар Интернет желісінде берілетін құжаттардағы тапсырмалар мен жаттығуларды орындай алады, үйреніп жүрген тілінде электронды пошта арқылы хат алысып, виртуалды қатынас клубтары – конференцияларға қатыса алады. Сонымен бірге белгілі бір уақытта мәтіндік хабарламалармен алмасуға, радиобағдарламаларды тыңдауға, бейнероликтер көруге, яғни ақпараттың кез келген түрін қолдануына толықтай мүмкіндіктері бар. Ақпаратты қандай да арақашықтыққа тез арада жеткізу, алыстағы ақпарат көздерін пайдалану мүмкіндігі интерактивтік іздеу жүйелері мен өз бетімен іздеу, сондай-ақ алынған материалдарды түрлі тіл тасушыларға ауыстырып салу мен т.б. сол сияқты Интернеттің артықшылық көздері пайдаланылады.

Интернет шетел тілін үйренушіге аутентті мәтіндерді қолдану, тіл тасушыны тыңдау, олармен қарым-қатынас жасау табиғи тілдік ортаны қалыптастырады. Демек, Интернет өзінің барлық мүмкіндіктері және қорларымен қоса, осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырудың құралы болып табылады.

Шет тілін оқытуда заманына сай көрнекі құралдар, аудио материалдар қолдану, мультимедиялық құралдарды пайдалануға үлкен мән беру керек. Сабақ барысында светотехникалық және дыбысты техникалық құралдарды (бейнемагнитофон, теледидар, проектор, мультимедиялық проектор, компьютер) пайдалану студенттердің өз тілінде сөйлейтін адамдардың тілін тыңдап, оны көзбен көре отыра ақпарат алуына көмегі тиеді. Бұл жағдай студенттердің сөйлеу деңгейін жақсартуына

көмектеседі. Тыңдау арқылы олар өздерінің сөйлеудегі қателерін жөндей алады. Бұл «аудирование» терминінің өзі де шет тілін тыңдап, оны түсіну деген мағына. Аудио немесе бейнетаспаларды тыңдағанда коммуникативті жаттығулар жасалу керек. Алынып отырған тапсырмалардың жеңіл-қиындығын ескере отыра, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, диалог және монолог құрастыру сияқты жаттығулар жасалуы қажет. Бейнефильмді көріп отырып, жаңа сөз немесе сөз тіркестері кездескенде тоқтап, сол сөздерді қайталап және әрбір көріністен кейін сұрақтар қойып отырған жөн. Сабақтың қорытындысы ретінде тест сұрақтарын беріп, нәтижесін тексеріп, бағалау қажет.

Сонымен бірге, ғаламдық желінің ақпараттық ресурстарын қолдануда оларды оқу үдерісіне енгізіп, дидактикалық түсініктеме беру арқылы дидактикалық мәселелерді шешуге болады.

Бұдан біз Интернеттің оқу бағдарламасына қатысты тәжірибелік сабақтың мазмұнына желі материалдарын қосу арқылы ендірілуде қолданылатын келесі мүмкіндіктерді атауға болады.

– оқытушының тәжірибелік сабақ өткізу үшін қандай да бір аутентті материалды таңдай алу мүмкіндігі;

– дыбыстық ақпаратты жазып алу мүмкіндігі;

– желіден алынған түрлі мәселелі ақпаратты ауызша талқылау арқылы пікірталас өткізу мүмкіндігі;

– тіл тасушыларының оқытылатын тіл халқының мәдениетінде оның қызмет ету ерекшеліктерін көрсететін идиомалар, мәтелдер және т.б. тұратын нақты хабарламаларына лингвистикалық талдау жүргізу мүмкіндігі;

– тәжірибелік сабаққа қосу үшін электронды грамматикалық, лексикалық анықтамалардан, сөздіктерден, елтанымдық анықтамалардан алынған материалдарды пайдалану мүмкіндігі;

Ақпараттық ортаны құруға негізделген білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру мен педагогикалық практикаға жаңа ақпараттық құралдарды енгізу білім жүйесін дамытудағы стратегиялық тапсырма болып саналады.

Қазіргі заманғы компьютерлік бағдарламалар мен Интернет желісінің оқыту тиімділігі өте жоғары. Дегенмен басты мәселе – компьютерлік бағдарламамен қамтамасыз етілген білім ордасында оқытушының оларды пайдалану әдістемесін меңгеруі мен өз тәжірибесінде жүзеге асыра алуы.

Ақпараттық технологияны меңгерген педагогта интеллектуалдық, рухани азаматтық және басқа да көптеген адами келбеті қалыптасады. Ақпараттық технология құралдарын қолдау адамзаттың әр түрлі сферасында, соның ішінде білім беру саласында көптеген өзекті маңыздылыққа қол жеткізіп отырғаны белгілі. Бүгінде Интернет жүйесі арқылы білім алудың жаңа түрі – қашықтықтан оқыту пайда болды. Мұнда мультимедиа материалдары, электрондық оқулықтар, интерактивтік бейнеконференциялар арқылы білім алуға мүмкіндік бар. Интернет шет тілін үйренушіге көптеген мүмкіндіктер береді. Олар: ана тілі болып саналатын шет ел адамдарының тілдерін тыңдауға, олармен қарым-қатынасқа түсуге, керекті мәтіндермен жұмыс істеуге қол жеткізеді. Интернет арқылы оқушылар тілдік қарым-қатынасқа түсе алады. Сол сияқты тілдік қорын дамыта алады. Осыдан жазу іскерлігімен дағдысын жоғары деңгейде қалыптастыра алады. Ақпараттық жүйе ретінде, Интернет өз қолданушыларын жан-жақты ақпараттармен қамтамасыз етеді. Олар: электронды пошта (e-mail), телеконференция (usenet), бейнеконференция, анықтама каталогтары, жүйеде сөйлесу (Chat).

Компьютерлік оқыту бағдарламаларының қай-қайсы болмасын өз мазмұнынан грамматикалық жұмыс жүргізуді тыс қалдырмайды, белгілі бір грамматикалық құрылымның жұмыстарын қамтиды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

1. Мультимедиялық мүмкіндіктерді қолдау (музыкалық немесе дикторлық дайындау, анимация бейнеклиптер, слайдшоу).

2. Жүйенің басқару құрылымы – оқытушы өз ойын, көзқарасын, өз кезегіндегі материалдық ұсынылымын, әр түрлі аудиторияға бір ғана оқу мәлеметтерін ұсынуға мүмкіндік алды.

3. Білімді бақылау арқылы нәтиже алу, бағалау.

Ақпараттық технологияны шетел тілі сабақтарында пайдалану нәтижесінде төмендегідей жетістіктерге қол жеткіземіз.

1. Сөзжұмбақ, кестелерді құру үшін дербес компьютерді қолдану арқылы грамматикалық және лексикалық оқу материалдарын өңдеу.

2. Ағылшын тіліндегі сөздерді сауатты жазу мен көркемдеп безендіруді үйретеді.

3. Дербес компьютерді пайдалану арқылы оқушылардың өзіндік жұмыс жасауды игеруі мен білім алуды кеңейту.

4. Интернет желісін пайдалану арқылы оқушылар электрондық пошта арқылы хат-хабарлама алмасу, өзінің ойын еркін жеткізу.

Дегенмен де білім саласында әлі де болса озық технологиямен жабдықталу мәселесінде кемшін тұстар бар екені анық. Сондықтан да оқытудың озық технологияларымен білім салаларын толық қамтамасыз ету болашақтың үлесінде. Қазақ бабаларымыздың сол кездердің өзінде болашақ үшін қам жеп, ұрпақтарына «Жеті жұрттың тілін білген жеті жұрттың қамын жер» деген қанатты сөзді бекер айтпаған болар.

Алайда есте ұстар жайт: жақсы меңгерген шет тілі өз ана тіліміздің абыройын асқақтату жолында қызмет етуі керек.

Осы жоғарыда айтылған факторлар бүгінгі таңда жас тәуелсіз еліміздің әлемнің саяси аренасында лайықты орын алуда шет тілін жетік игерудің өзектілігін көрсетіп отыр. Сондықтан да шет тілін игеру еліміздің білім саласын дамытудың басым бағытының бірі болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері. – 2003. – № 4, 5.
2. Мыңбай Д. Білімнің мемлекетшіл қуаты // Сыр бойы. – Қызылорда, 2010. – № 45.
3. Нұрахметов Е.Н. Шетел тілін оқытудағы инновациялық технологияларды пайдаланудың өзекті мәселелері. – Қызылорда, 2007.
4. Рогова Ж.В. Ағылшын тілін оқыту әдістемесі. – М., 1983.
5. Амандыкова Ж.Н. Ағылшын тілін оқыту әдістемесі. – Астана, 2007.
6. Шадманова Г.Х., Грамматиканы оқытудағы коммуникативтік білік-дағдыны қалыптастыру // Ағылшын тілі мектепте. – 2009. – №5.

Резюме

В статье рассматривается актуальность использования информационных технологий в образовательных учреждениях, что дает высокие результаты в преподавании иностранного языка. Автор подробно излагает возможности информационных технологий в системе образования Республики Казахстан. Освещены проблемы в области образования, требующие решения с целью удовлетворения потребности общества.

В использовании информационных технологий в процессе обучения иностранному языку особое внимание уделено обогащению словарного запаса, формированию грамматики и диалоговому общению, правильному произношению звука, развитию навыков грамотного правописания. В данном случае информационная технология дает студентам фундамент коммуникативной компетенции в иностранном языке.

Summary

The article touches upon the importance of information technology in raising the teaching a foreign language to a high level at the educational institutions. The author shows the possibilities of information technology in the educational system of the Republic of Kazakhstan. The solution of some problems in the sphere of education in order to meet the requirements of information society are mentioned.

By using information technology in the process of teaching a foreign language the main attention is paid to the enrichment of vocabulary, formation of grammar and dialogical speech, to the correct pronunciation of sounds and development of writing skills. In this way information technology gives students the foundation for communicative competence in a foreign language.

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

А.О. АЛИБЕКОВА, В.С. СКАКОВА,

магистранттар,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Қазақстан Республикасы

Қазіргі білім жүйесінде ақпараттық технологиялар мен компьютерлер кең көлемде пайдаланылып жүр. Оқытушы бұл жағдайда мәліметті таратушы ғана емес, сондай-ақ кеңесші, ақылшы, тіпті оқушының әріптесі де болады. Мұндай жағдайда оқушы оқу үрдісіне белсене араласып, ойлануға, жеке көзқарастарын білдіруге, ситуациялар құруға үйренеді.

Соңғы уақытта жаңа ақпараттық технологияны қолдану мәселесі жиі айтылуда. Бұл тек қана жаңа техникалық құрал-жабдықтар ғана емес, сонымен қатар оқытудың жаңа түрлері мен әдістері болып табылады. Шет тілін оқытудың басты мақсаты – оқушылардың коммуникативті мәдениетін қалыптастыру және дамыту.

Өркениетті қоғам дамуының қазіргі кезеңі ақпараттандыру процесімен сипатталады.

Қоғамды ақпараттандыру – бұл ғаламдық әлеуметтік процесс, оның ерекшелігі – заманауи құралдардың негізінде ақпараттарды жинақтау, өңдеу, сақтау, беру және пайдалану, сондай-ақ алуан түрлі құралдардың негізінде ақпараттар алмасу. Қоғамды ақпараттандыру дегеніміз:

- қоғамның үнемі кеңейіп келе жатқан зияткерлік әлеуетін белсенді түрде қолдану;
- ақпараттық технологияның ғылыми, өндірістік интеграциясы, қоғамдық өндірістің барлық салаларының дамуы;
- ақпараттық қызмет көрсетудің жоғары деңгейі, қоғамның әрбір мүшесінің шынайы ақпарат көздеріне еркін қол жеткізуі.

Ашық ақпараттық жүйені қолдану басқару тетіктерін жетілдіруге мүмкіндік береді, гуманистік және демократиялық қоғамның қалыптасуына ықпал етеді, халықтың әл-ауқатының жақсаруына септігін тигізеді. Қоғамды ақпараттандырумен қатар жүріп жатқан процестер ғылыми-техникалық ілгерілеушіліктің жеделдеуіне, сондай-ақ жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетінің дамуын қамтамасыз ететін қоғамның сапалы, жаңа ақпараттық ортасын құруға ықпал етеді.

Заманауи қоғамның ақпараттандыру процесінің белді бағыттарының бірі – білім саласын ақпараттандыру, яғни білім жүйесіне жаңа ақпараттық технология құралдарын енгізу. Білім жүйесін ақпараттандыру процесінің қарқынды дамуы жаңа ақпараттық технология құралдарын қолдану аясын кеңейтуге әкеледі. Қазіргі кезде білім саласының жаңа ақпараттық технология құралдарын қолдану бағыты белсенді дамып келеді. Олар:

- бағдарламалық құралдар мүмкіндіктерін жүзеге асыру;
- сенсорлық мүмкіндіктер интеграциясы. Мұндай кешендерді қолдану зерттеліп отырған процестер үлгілерін құруға және зерделеуге, тәжірибе қорытындыларын өңдеу процесін автоматтандыруға, оқыта отырып зерттеу әдісін кең қолдануды қамтамасыз етуге, ғылым негіздерін меңгеру процесін өзектендіру, зияткерлік әлеуеттің, шығармашылық қабілеттердің дамуына ықпал етеді.
- видеокомпьютерлік және мультимедиялық жүйелерді өңдеу барысына компьютер және әр түрлі аудио-визуальды ақпараттарды беру құралдары мүмкіндіктерін интеграциялау. Бұл жүйелер мәтін, суретті графика, слайдтар, әуез, қозғалмалы бейнелер, дыбыс видео тәрізді алуан-түрлі ақпарат түрлерін біріктіретін және пайдаланушының жүйелермен интерактивті диалогын жүзеге асыратын бағдарламалары – ақпараттық құралдар болып табылады. Видеокомпьютерлік және мультимедиялық жүйелерді кеңінен қолдану оқытудың қарқынды формалары мен әдістерін, өз бетінше оқу дағдысын ұйымдастыруды жүзеге асырады, ақпараттарды әсерлене қабылдау деңгейінің жоғарылауына ықпал етеді.

Білім жүйесін ақпараттандыру процесі және осыған байланысты жаңа ақпараттық технология құралдарын пайдалану оқытудың әдісі мен ұйымдастыру формасын өзгертіп қана қоймайды, сондай-ақ оқытудың жаңа әдістерінің пайда болуына жол ашады.

Оқытушының міндеті – әрбір оқушының тілді практикалық тұрғыдан игеруге жағдай жасау, әрбір баланың белсенділігін, шығармашылығын дамытатын әдіс-тәсілдерді таңдау, шетел тілін оқыту үрдісінде оқушының танымдық дағдысын қалыптастыру. Заманауи педагогикалық технологиялар, атап айтсақ, жобалау әдістемесі, жаңа ақпараттық технологиялар, ғаламтор желісін пайдалану оқытудың арнайы бағытталған тәсілін жүзеге асыруға көмектеседі, баланың қабілетіне байланысты жеке және түрлі бағытта жұмыс жасауды қамтамасыз етеді.

Ағылшын тілі сабақтарындағы компьютер бағдарламаларымен жүргізілетін түрлеріне мыналар жатады: лексиканы үйрету, айтуды жаттықтыру, жұптық және жеке-дара сөйлеуге үйрету, жазуға үйрету, грамматикалық құбылыстарды игеру.

Ақпараттық технологияны қолдану мұғалімге мәліметтер және оқудың формасын таңдауға, сабақтарды айқын және қызықты, ақпаратқа толы, мазмұнды өткізуге мүмкіндік береді. Ағылшын тілі сабағында мультимедиялық бағдарламаны қолданудың негізгі өзегі – өзге тілдік мәдениеттің барлық аспектілерін коммуникативті жолмен игеру. Олар: танымдық оқу, дамытушылық және тәрбиелік, ал оқу аспектісіне барлық сөйлеу әрекеттері жатады, яғни оқу, сөйлеу, тыңдау, жазу.

Мультимедиялық бағдарламаны қолдану әдістемесінің көп артықшылықтары бар. Ол әр түрлі сөйлеу түрлерін жаттықтыруға және оларды әр түрлі түрде үйлестіруге, тілдік құбылыстарды білуге, лингвистикалық қабілеттерін қалыптастыруға, коммуникативті ситуацияларды құруға, тілдік және сөйлеу әрекеттерін машықтандыруға, сонымен қатар оқушылардың жеке өзіндік жұмыс жүргізулеріне мүмкіндік береді.

Таңдалған тақырып бойынша презентация жасағанда оқушы тақырып туралы ең қызықты оқиғаларды, фактілерді іріктеп алады. Ортақ қызығушылықты туғызатын ең маңызды нәрсе – оқушы көрнекілік, анимация, дыбыс, аутентикалық құрылғыларды қолданады. Оларға суреттер, хаттамалар, маңдайша жазулары, жарнамалар, карталар, схемалар, таблицалар, диаграммалар, т.б. жатады.

Оқып жатқан ел тілінің мәдениетін өз елімен салыстырып, сараптама жүргізеді. Оқушылар өздерін шетелдік оқушылар мен олардың өмір салтын салыстыру арқылы ұқсастығы мен өзгешелігін айырады, басқа ел адамдарымен, дәстүрлерімен танысып, қарым-қатынас жасауға ұмтылады.

Сөйлеу барысында оқушылар әр слайдқа толық мәлімет береді. Пән бойынша сөйлеу проблемалық сұрақтар төңірегінде құрылады. Өз ойын айту үшін презентация құрушы логикалық, тілдік, грамматикалық жағынан дұрыс айтуға ұмтылады. Оқушы сыныпқа таныс емес мәліметтерді қалай түсіндіріп жеткізу керектігін үйренеді, сондықтан оларда өз ойын айту стимулы қалыптасады. Слайдтағы мәліметті түсіндіріп қана қоймай, қосымша мәліметті кеңінен пайдалануына мүмкіндік туады.

Оқу – презентациямен жұмыс істеу кезіндегі ең негізгі дағдының бірі. Оқуға арналған мәтіндер ең алдымен тақырып бойынша сәйкес келуі керек. Мәтіндер оқулықтан немесе қосымша әдебиеттерден алынуы мүмкін. Презентацияға керекті мәліметтерді алу үшін оқушылар баспасөз мәліметтеріне сараптама жасауына тура келеді. Презентациямен жұмыс кезінде оқушы анықтамалармен, энциклопедия және қажетті сөздіктермен жұмыс істейді.

Тыңдау оқытуда құрал және нысан ретінде презентацияда кеңінен қолданылады. Тыңдаудың ең бірінші қызметі – презентация кезінде оқушының сөзін басқалар тыңдайды, жаңа мәліметтермен танысады. Тыңдау барысында мәтіннің көптеген сөздері таныс емес болуы да мүмкін.

Ең маңыздысы – оқушы бір жағынан ең негізгі мәліметке ерекше назар аударуға, ал екінші жағынан кейбір түсініксіз сөздерді тастап кетіп, мәтінді жалпы түсінуге дағдыланады. Презентация барысында мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды, әндерді пайдалану өте тартымды.

Презентация жасау оқушыны зияткерлікке жетелейді. Әр слайд қиындық тудыратын, ойлануға арналған тапсырмалар негізінде құрылады, ол оқушыдан интеллектуалды ізденісті талап етеді. Ағылшын тіліне әрі қарай қызығушылықпен талпындырады. Берілген тақырып бойынша презентацияны дайындағанда әр түрлі сыныптардағы оқушылар алуан түрлі дерек көздерін пайдалана отырып, мәліметтер мен ақпараттарды іздейді. Олар презентацияны түрліше өткізіп, қорғайды. Мұнда оқушыға қиялдауға, шығармашылық тұрғыда ойлауға, өз ойын іркілмей айтуға көмектеседі.

Сабақта компьютерлік технологияны қолдану оқыту үрдісінде сапаны арттырады, оны пайдалы әрі мазмұнды етеді. Презентация құрғанда оқушыларда әр түрлі мәліметтерді сараптау, ой елегінен өткізу қабілеті пайда болады.

Ақпараттық технология шетел тілін игеруге үлкен мүмкіншіліктер ашады, кең көлемді тапсырмаларды жеңіл және ыңғайлы түрде орындауға септігін тигізеді, оқушыларға ағылшын тілін игеруге қосымша мүмкіндік береді.

Презентацияға дайындалу барысында ғаламтор желісі пайдаланылады. Ғаламтор желісін пайдалану мүмкіндіктері орасан зор. Жаһандық желі оқушыға және оқытушыға кез-келген қажетті ақпараттарды алуға мүмкіндік туғызады. Бұл елтану тақырыбындағы мәлімет, газет және журнал материалдары, жастар өміріндегі жаңалықтар, қажетті әдебиеттер болуы мүмкін. Оқушылар түрлі тесттерге, сұхбаттарға, сайыстар мен олимпиадаларға қатыса алады, басқа елдің балаларымен хат алысып, конференцияларға да қатыса алады.

Қазіргі заман шетел тілдерін практикалық жағынан күнделікті өмірде және кәсіби тұрғыда игеруге жоғары талаптар қояды. Ақпараттар аясы кеңеюде. Ғаламтор желісін оқыту құралы ретінде қолдану орасан зор мүмкіндіктер береді. Ағылшын тілі сабағында ғаламтор желісін пайдалана отырып, бір-қатар дидактикалық мәселелерді шешуге болады: оқушылардың оқу біліктілігі мен жазу қабілетін дамытады, сөздік қорын байытады, оқушылардың ағылшын тілін білуге деген ынтасын одан әрі арттырады. Мұнан басқа ғаламтор технологияларының мүмкіндіктерін пайдалану оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді, ағылшын тілінде сөйлейтін елдердегі құрбылармен байланыстар орнатып, дамытуға септігін тигізеді.

Оқу үрдісінде мультимедиялық бағдарламаларды ендіру оқытудың дәстүрлі әдістерін мүлде ығыстырып тастамайды, қайта олармен бірге оқытудың барлық кезеңдерінде үйлесіп, қатар қолданылады. Мультимедияны пайдалану оқытудың тиімділігін бірнеше есе арттыратыны сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Азимов Э.Г. Материалы Интернета на уроках английского языка // Иностранные языки в школе. – 2001. – №1.
2. Гаврилов Б.В. Плюсы и минусы компьютеризованного обучения иностранным языкам // <http://linguact.hypelinx.ru>
3. Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка // Иностранные языки в школе. – 2001. – №2.
4. Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка // Иностранные языки в школе. – 2001. – №3.
5. Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка // Иностранные языки в школе. – 2001. – №5.

Резюме

В настоящее время внедрение персонального компьютера, технологии мультимедиа и глобальной информационной компьютерной сети Интернет оказывают влияние на систему образования, вызывая тем самым значительные изменения в содержании и методах обучения иностранным языкам. Перед современным учителем стоит проблема поиска нового педагогического инструмента. Учитывая большую и серьезную заинтересованность учащихся информационными технологиями, можно использовать эту возможность в качестве мощного инструмента развития мотивации на уроках английского языка.

Summary

Integrating multimedia tools into teaching English supports the implementation of high-quality instruction and explores new issues in the educational system. It fosters the pedagogical orientation from instructor-centered to learner-centered instruction. Multimedia tools like audio software, power point presentation, flash animation, and video are used in teaching English. The need for analysing these tools is becoming crucial nowadays.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТЫҢ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ

Р.К. РАХМЕТУЛЛАЕВА,

химия ғылымдарының кандидаты, доцент

Ж.А. ӘБІЛОВ, Г.А. МУН,

химия ғылымдарының кандидаты

Р.А. АБДЫҚАЛЫКОВА, П.И. ҮРКІМБАЕВА, А.Қ. ТОҚТАБАЕВА,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Қазіргі уақытта ақпараттық қоғамды (АҚ) жасау және дамыту ақпаратты-коммуникациялық технологияларды (АКТ) білім беруде кең қолданыс табады деп болжайды және ол бірнеше факторлармен анықталады.

Біріншіден, білімге АКТ енгізу білімдердің берілуін және жиналған технологиялық, әлеуметтік тәжірибесін ұрпақтан ұрпаққа ғана емес, адам арасында берілуін айтарлықтай жылдамдатады.

Екіншіден, қазіргі АКТ оқыту мен білім берудің сапасын жоғарылатып, адамға қоршаған орта мен ондағы әлеуметтік өзгерістерге тез және жылдам бейімделуіне мүмкіндік береді. Бұл әрбір адамға постиндустриалды қоғамда бүгінгі күні де, сонымен қатар болашақта да білім алуға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, бұл технологияларды білім беруде белсенді және тиімді енгізу АҚ талабына және қазіргі индустриалды қоғамның талабына сай дәстүрлі білім беру жүйесінің реформалау үрдісіне жауап беретін білім жүйесін жасаудағы маңызды фактор болып табылады.

Оқу үрдісіне АКТ енгізудің керектігі мен маңыздылығы ЮНЕСКО дайындаған және «Бизнес-Пресс» агенттігінің шығарған «1999-2000 жылдардағы коммуникация және ақпарат бойынша халықаралық баяндама» халықаралық сарапшылармен атап өтілді [1].

Баяндаманың алғысөзінде ЮНЕСКО бас директоры Федерико Майор «Жаңа технологиялар жақсы әлемді жасауда, ондағы әр адам білімдегі, ғылымдағы, мәдениеттегі, байланыстағы жетістіктері бойынша тиімділік алатын мүмкіндік жасауы (туғызуы) тиіс» деп жазған. АКТ барлық айтылған салаларды қозғайды, бірақ та ол ең үлкен позитивті әсерді білімге жасайды, өйткені сабақ беру мен оқытудың жаңа әдістерін ашуға мүмкіндік береді. АКТ білімге енгізудің қажеттілігі мен өзектілігі тереңірек осы баяндаманың «Білім берудегі жаңа бағыттар» атты II тарауында Гонконг Университетінің адъюнкт-профессоры Крейг Блертонның және «Ақпараттық қызмет, кітапханалар, мұражайлар» атты VII тарауында Копенгагендегі Патшалық кітапханалық іс колледжінің профессоры Оле Гарбо жасаған баяндамаларында айтылған.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту қажет. Білім беру реформасы табысының басты өлшемі тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады» делінген. Сонымен қатар бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізу, Online тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру, оқу жоспарларына жаратылыстану ғылымдары бойынша, бірінші кезекте, қосымша сағаттар немесе пәндер енгізу қажеттігін баса айтты [2].

Жоғары оқу орнында химиядан білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалану мен студенттердің ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану студенттің білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді [3]. Ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тарату тәсілдері мен құралдары динамикалық түрде өзгеріске ұшырап, солар арқылы қоғамның инфрақұрылымы қалыптаса бастады.

Студенттер үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі: студенттің өз бетімен жұмысына; уақытын үнемдеуге; білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеруге; қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы; қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі; экономикалық тиімділігі; қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндігі; студенттің ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Студенттерге білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде. Оқу процесінде компьютерді тиімді пайдалану және қолдану кейінгі жылдары айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсақ, студенттің өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызады.

Қазіргі кездегі білім беру жүйесі ақпараттық технологияларды және компьютерлік телекоммуникацияны белсене пайдалануда. Әсіресе қашықтықтан оқыту жүйесі жылдам дамып келеді, осыған байланысты білім беру орталықтарының күшті компьютерлік техникамен және Интернет желісімен жабдықтау факторларына жағдай жасайды. Өздігінен білім алу мақсатымен және қашықтықтан білім берудің құрамды бөлігі ретінде электрондық оқулықтарды пайдалануға болады.

Әрбір мұндай курста мәліметтер базасы сияқты бөлімін оқыту тереңдік және зерттеу көлемі түрлендіріледі. Компьютерліктің техника мен телекоммуникациялардың және интернет-технологияның дамуы оқушылармен жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен сабақтарды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сабақ өткізудің әр түрлі формаларын қолдануымен оқу процесін интенсификациялауға болады. Жалпыға бірдей компьютерлеу мен өмір екіпіні қарыштай дамуына байланысты артық уақытты шығын қылмай және дара графиктермен қашықтықтан оқу мүмкіншілігі пайда болады.

Электрондық оқу құралы – бұл оқу курсының ең маңызды бөлімдерін, сонымен бірге есептер жинағы, анықтамалар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу тәжірибелерін жүргізу нұсқаулары, практикумға, курстық және дипломдық проектилерге нұсқау және т.б. білім беруді басқаратын электрондық оқу құралы.

Электронды оқулық – бұл компьютерді қолданып, оқу курсын өз бетімен немесе оқытушының көмегімен меңгеруді қамтамасыз ететін программалық әдістемелік кешен.

Электронды оқулық мынадай жағдайларда тиімді: 1) тез арадағы кері байланысты қамтамасыз етеді, яғни интерактивті болып табылады; 2) қажетті ақпаратты тез табуға көмектеседі, іздеу жай оқулықта қиынға түседі; 3) гипермәтіндік түсіндірмелерге бірнеше рет енген кезде уақытты үнемдейді; 4) экранға мәтінді шығарып ғана қоймай, сонымен бірге көрсетеді және үлгілейді, осында мультимедиялық технологиялардың мүмкіндіктері мен артықшылықтары белгілі болады; 5) нақты тарау бойынша нақты тұлға үшін ең сәйкес келетін білімді тексеру; 6) Интернет көмегімен қажетті ақпаратты жаңартуы мүмкін.

Қазіргі кезде компьютерлік дидактикалық программалардың келесі типтері белгілі: 1) бақылаушы программалар – кейбір істерді жоспарлау және орындау жолында оқушы белгілі бір мақсатқа жету үшін оқу ортасында тапсырмаларды көрсету; 2) оқыту программалары – оқушыға оқу материалы мен ол жауап бере алатын сұрақтарды беру; 3) үлгіленуші программалар – оқушыдан талап етілетін тапсырмаларды беру; 4) жаттығу программалары есепті шешудің техникалық дағдылануларын бекіту үшін қызмет етеді. Олар теория бойынша ақпаратты алуды қамтамасыз етуі тиіс; 5) дидактикалық ойындар – ойын үрдістерін пайдаланып, оқушыға сұрақтарға жауап беру; 6) гипермәтіндік жүйелер, негізінен, мультимедиялық анықтамалардан тұрады, ақпаратты іздеу және жанарту жүйесі жақсы дамыған.

Мұндай жағдайларда студенттің компьютерлік оқыту программаларымен байланысы оқытушының тәжірибесіне бағытталған. Оқытушы студенттің пән материалын оқып-үйрену үрдісіне қатысады.

Электронды оқу құралының құрылымы: 1) оқу материалының блогы; 2) ішкі бақылау мен өзін-өзі оқыту блогы; 3) өзін-өзі оқыту блогы; 4) ішкі бақылау блогы.

Жоғарыда көрсетілген блоктар келесідей түрде бір-бірімен өзара байланысқан. Құрал бөлімдерден тұратын модульдерге бөлінген, әрбір бөлім міндетті түрде теориялық мәлімдемелерден және өзін-өзі бақылау блогынан тұрады. Сонымен қатар электронды оқу құралына өзін-өзі оқыту блогы, ақпараттық блок және сыртқы бақылау блогы жатады.

Құралдың ұсынылған құрылымы былайша анықталады, негізінен электронды оқулықтар студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру үшін қолданылады және қандай бөлім қай уақытта және қалай оқытылуы керек екені көрсетіледі. Дайындалған материал келесі талаптарға жауап беруі тиіс.

Оқу материалының блогына талаптар:

1) Пәндік материалдың айқын құрылымы. Барлық оқу материалы модуль бойынша дұрыс құрылған және модульдерді оқыту реті мен оның өзара байланысы анықталған болуы тиіс. Әрбір модуль бөлімдерге, тақырыптарға бөлінуі тиіс. Құрылымның тереңдігі пәндік материалдың күрделілігімен анықталады; 2) Пәнді оқып-үйрену бойынша ұсыныстар; 3) Берілген материалдың ықшамдылығы. Әрбір бөлімнің немесе тақырыптың мазмұны қысқа, анық болуы тиіс; 4) Материалдың элементтері арасында ішкі (мысалы, терминдер сөздігі) және сыртқы (мысалы, үлгіленетін бағдарламаға немесе бағдарлама-жаттығуға) сілтемелер бөлініп алуы тиіс; 5) Иллюстративті материалдың (түсіндірме сұлбалар, суреттер, видео және аудио қойылымдар) бар болуы;

Өзін-өзі бақылау блогына қойылатын талаптар:

Өзін-өзі бақылау блогының құрамына жататындар: 1) өзін-өзі бақылауға арналған тесттер; 2) Аралық тесттің дұрыс орындалмау кезінде сәйкес бөлім / тақырыпқа сілтемелер мен түсіндірмелер.

Бөлімнің әрбір модулінің соңында өзін-өзі бақылау элементтері болуы тиіс: сұрақтар, жаттығулар, тесттер. Бұл блоктың ерекшелігі, өзін-өзі бақылауға арналған жаттығулар мен тесттерге дұрыс жауаптар оқулықтың өзінде «қорғаныс» тәрізді, өйткені тек тесттен өткеннен немесе есепті шешкеннен кейін ғана студентке өз бағасын білуге мүмкіндік береді. Жаттығуларда шешімнің нақты сипаттамасы болғаны жөн.

Өзін-өзі оқыту блогына қойылатын талаптар:

Негізінде, электронды оқу құралын қолдану студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда өзін-өзі оқыту блогына қатаң талаптар қояды. Оқулықта осы блоктың элементтері болуы тиіс:

1) өзінше оқытуға арналған сұрақтар мен тақырыптар; 2) қосымша мәлімдемелер (картинкалар, видео, аудио-қойылымдар); 3) курс бойынша хрестоматия (классикалық туындылар, стандарттар, құжаттар); 4) негізгі терминдердің сөздігі.

Ұсынылған электрондық оқулықтар ғылыми-әдістемелік және педагогикалық сараптамадан өтуі тиіс, мақсаты – ЖОО оқулығына жалпы талаптарға; ғылыми қағидаларға, мазмұнның оқу-әдістемелік аппараттың бар болуына сәйкес олардың толықтылығын анықтау.

Сонымен қатар электрондық оқулықтарды пайдалану кезінде студенттер бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Әрбір студент таңдалған тақырып бойынша тапсырмалар мен тарау бойынша тест жұмыстарын орындап, анимациялық практика тапсырмаларымен жұмыс жасауға дағдыланады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Меңгерілуі қиын тақырыптарды компьютердің көмегімен студенттерге ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген оның құштарлығы оянады деп есептеймін. Осылайша оқыту құралдарының бірі – электрондық оқулық. Ол – студенттерді жеке оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тестік бақылауға арналған бағдарламалық құрал.

«Қазіргі заманда болашақ жұмысшы мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Жоғарыда айтылған мәселелерді ескере отырып әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультетінің органикалық заттар, табиғи қосылыстар және полимерлер химиясы мен технологиясы кафедрасында «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының МБЖБЖ-ға сәйкес «Органикалық заттардың физикасы мен химиясы» пәні бойынша электронды оқу құралы құрылды. Оқу құралы университеттің Академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің қашықтықтан білім беру орталығының көмегімен оқулық авторлары Р.А. Абдықалыкова мен Р.К. Рахметуллаеваның бейне көрінісімен көркемделіп шығарылды. Электронды оқу құралы 4 тараудан құралған: 1-ші тарауда жоғары молекулалық қосылыстар химиясының негізгі түсініктері мен анықтамалары, 2-ші тарауда жоғары молекулалық қосылыстардың радикалды полимерлеу әдісі мен алу жолдарының механизмдері және теориясы,

3-ші тарауда поликонденсациялау әдістерінің негіздері мен реакциялары, ал 4-ші тарауда полимерлерді химиялық модификациялау арқылы жаңа полимерлі материалдар алу жолдары келтіріліп, толығымен қарастырылған.

Аталған оқу құралы осы оқу жылынан бастап университеттің электронды кітапханасы арқылы алғаш рет мемлекеттік тілде шығарылып, студенттерге таратылды және көптеген сұранысқа ие болды.

Әдебиеттер:

1. Всемирный доклад ЮНЕСКО по коммуникации и информации, 1999-2000 гг. – М., 2000. – 168 с.
2. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2007.
3. <http://www.physic.kz>.

Резюме

В статье рассмотрена роль электронного учебника в информационно-коммуникационной технологии, как программное средство для тестового контроля знаний и умений, донесения новой информации в индивидуальном обучении студентов и в воспитательном процессе.

Summary

In the article the role of electronic textbook in of informatively-communication technology is fully considered, as programme for the test controlling of knowledge and abilities, giving of new information in the individual educating of students and in an educator process.

УДК 539.3

МГНОВЕННОЕ СОСТОЯНИЕ СРЕДЫ, СООТВЕТСТВУЮЩЕЕ НЕКОТОРОМУ ФИКСИРОВАННОМУ МОМЕНТУ ВРЕМЕНИ ДВУХКОМПОНЕНТНОГО ПОЛУПРОСТРАНСТВА

Б.М. НУРЛАНОВА, Н.К. МЕДЕУБАЕВ, Ж.Т. ШАУКЕНОВ,
Карагандинский государственный университет имени Е.А. Букетова
Д.Д. ДЖАНЫСОВА,
А.Ж. СЕЙТМУРАТОВ,
доктор физико-математических наук, доцент,
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан

Исследуется мгновенное состояние среды, соответствующее некоторому фиксированному моменту времени, либо изменение во времени состояния рассматриваемого тела в некоторой фиксированной точке.

Рассмотрим плоскую задачу о движении цилиндрического штампа с постоянной скоростью D вдоль свободной границы двухкомпонентного полупространства.

Введем подвижные координаты:

$$x = x' + Dr; y = y' \quad (1)$$

Тогда задача сводится к определению потенциалов φ_j, ψ_j , удовлетворяющих уравнениям:

$$\frac{\partial^2 \varphi_j}{\partial y^2} + \left(1 - \frac{D^2}{a_j^2}\right) \frac{\partial^2 \varphi_j}{\partial x^2} = 0; \quad \frac{\partial^2 \psi_j}{\partial y^2} + \left(1 - \frac{D^2}{b_j^2}\right) \frac{\partial^2 \psi_j}{\partial x^2} = 0 \quad (2)$$

и граничным условиям:

$$\begin{aligned} V_y &= v_0(x); \quad W_y = v_0(x) \quad \text{при } y = 0, \quad -b \leq x \leq a \\ \sigma_{yx} &= \pi_{yx} = 0 \quad \text{при } y = 0, \quad -\infty < x < \infty \\ \sigma_{yy} &= \pi_{yy} = 0 \quad \text{при } y = 0, \quad x \leq -b; \quad x \geq a \end{aligned} \quad (3)$$

причем

$$\int_{-b}^a \sigma_{yy}(x, 0) dx = -p(1 - k_0); \quad \int_{-b}^a \pi_{yy}(x, 0) dx = -pk_0, \quad (4)$$

где P – вес цилиндрического штампа.

Начальные условия отсутствуют.

Рассмотрим случай, когда $D < \min(a, b)$. Тогда уравнения (2) эллиптические и общее решение уравнений (2) имеют вид:

$$\varphi_j(x, y) = \operatorname{Re} F_j(z_j); \quad \psi_j(x, y) = \operatorname{Re} Q_j(z_{j+2}); \quad (j = 1, 2), \quad (5)$$

где

$$z_m = x + \alpha_m y_i, \quad \alpha_j^2 = 1 - \frac{D^2}{a_j^2}; \quad \alpha_{j+2}^2 = 1 - \frac{D^2}{b_j^2} \quad (6)$$

Подставляя общее решение (5) в граничные условия (3), приведем их к виду:

$$\operatorname{Re}\{i\alpha_1 F_1''(x) + i\alpha_2 F_2''(x) - Q_1''(x) - Q_2''(x)\} = v_0'(x) \quad (7)$$

$$\operatorname{Re}\{i\alpha_1 \beta_1 F_1''(x) + i\alpha_2 \beta_2 F_2''(x) - \gamma_1 Q_1''(x) - \gamma_2 Q_2''(x)\} = v_0'(x) \quad (8)$$

при $y = 0, \quad -b \leq x \leq a,$

$$\operatorname{Re}\{N_0 i\alpha_1 F_1''(x) + N_1 i\alpha_2 F_2''(x) - n_1 Q_1''(x) - n_2 Q_2''(x)\} = 0; \quad (9)$$

$$\operatorname{Re}\{A_0 i\alpha_1 F_1''(x) + A_1 i\alpha_2 F_2''(x) - n_3 Q_1''(x) - n_4 Q_2''(x)\} = 0; \quad (10)$$

при $y = 0, \quad -\infty < x < \infty,$

$$\operatorname{Re}\{d_1 F_1''(x) + d_2 F_2''(x) + L_0 i d_3 Q_1''(x) + L_1 i d_4 Q_2''(x)\} = 0; \quad (11)$$

$$\operatorname{Re}\{d_3 F_1''(x) + d_4 F_2''(x) + L_2 i d_3 Q_1''(x) + L_3 i d_4 Q_2''(x)\} = 0; \quad (12)$$

при $y = 0, \quad x < -b; \quad x < a$

где $N_1 = 2(\mu_1 + \beta_2 \mu_3);$

$$A_0 = 2(\mu_3 + \beta_1 \mu_2); \quad A_2 = 2(\mu_3 + \beta_1 \mu_3);$$

$$n_1 = \eta_{10} \alpha_1^2 + \eta_9; \quad n_2 = \eta_{12} \alpha_4^2 + \eta_{11}; \quad n_3 = \eta_{14} \alpha_1^2 + \eta_{13}; \quad n_4 = \eta_{16} \alpha_1^2 + \eta_{15};$$

$$d_1 = \eta_2 \alpha_4^2 - \eta_1; \quad d_2 = \eta_4 \alpha_1^2 - \eta_3; \quad d_3 = \eta_6 \alpha_1^2 - \eta_5; \quad d_4 = \eta_8 \alpha_2^2 - \eta_7;$$

$$L_0 = 2(\mu_1 + \gamma_1 \mu_3); \quad L_1 = 2(\mu_1 + \gamma_2 \mu_3); \quad L_2 = 2(\mu_3 + \gamma_1 \mu_2); \quad L_3 = 2(\mu_3 + \gamma_2 \mu_2)$$

Из условий (9) – (10) следует, что

$$Q_1''(x) = iB_1 F_1''(x) + iB_2 F_2''(x); \quad (13)$$

$$Q_2''(x) = iB_3 F_1''(x) + iB_4 F_2''(x); \quad (14)$$

$$B_1 = \frac{(N_0 n_4 - A_0 n_3) \alpha_1}{n_1 n_4 - n_2 n_3}; \quad B_2 = \frac{(N_0 n_3 - A_0 n_1) \alpha_1}{n_1 n_4 - n_2 n_4};$$

$$B_3 = \frac{(N_1 n_4 - A_1 n_2) \alpha_2}{n_1 n_4 - n_2 n_3}; \quad B_4 = \frac{(N_1 n_3 - A_1 n_1) \alpha_2}{n_1 n_4 - n_2 n_3}$$

Подставляя (9) в (6) и разрешая относительно $Re\{iF_1''\}$ и $Re\{iF_2''\}$, получим:

$$Re\{iF_1''\} = \frac{C_4 - C_2}{C_1 C_4 - C_2 C_3} v_0'(x); \quad (15)$$

$$Re\{iF_2''\} = \frac{C_1 - C_3}{C_1 C_4 - C_2 C_3} v_0'(x), \quad (16)$$

где

$$C_1 = \alpha_1 - B_1 - B_3; \quad C_2 = \beta_2 - B_2 - B_4;$$

$$C_3 = \beta_1 \alpha_1 - \gamma_1 B_1 - \gamma_2 B_3; \quad C_4 = \beta_2 \alpha_2 - \gamma_1 B_2 - \gamma_2 B_4$$

Затем, подставляя (13) – (14) в (11) – (12), получим:

$$Re\{H_1 F_1''(x) + H_2 F_2''(x)\} = 0;$$

$$Re\{H_3 F_1''(x) + H_4 F_2''(x)\} = 0, \quad (17)$$

где

$$H_1 = d_1 - \alpha_3 L_0 B_1 - \alpha_4 L_1 B_3; \quad H_2 = d_2 - \alpha_3 L_0 B_2 - \alpha_4 L_1 B_4;$$

$$H_3 = d_3 - \alpha_3 L_2 B_1 - \alpha_4 L_3 B_3; \quad H_4 = d_4 - \alpha_3 L_2 B_2 - \alpha_4 L_3 B_4;$$

Условия (14), (15) и (16) совместно с (17) дают (в силу ограниченности F_j, Q_j на бесконечности):

$$Re\left\{\frac{F_j'(x)}{(x-a)^{\frac{1}{2}}(x+b)^{\frac{1}{2}}}\right\} = 0 \quad \text{при } x < -b;$$

$$Re\left\{\frac{F_1'(x)}{(a-x)^{\frac{1}{2}}(x+b)^{\frac{1}{2}}}\right\} = T_j \frac{v_0(x)}{(a-x)^{\frac{1}{2}}(x+b)^{\frac{1}{2}}} \quad \text{при } -b < x < a; \quad (18)$$

$$Re\left\{\frac{F_1'(x)}{(x-a)^{\frac{1}{2}}(x+b)^{\frac{1}{2}}}\right\} = T_j \frac{P_j(x)}{(x-a)^{\frac{1}{2}}(x+b)^{\frac{1}{2}}} \quad \text{при } x < a, \quad (19)$$

где

$$T_1 = \frac{C_4 - C_2}{C_1 C_4 - C_2 C_3}; \quad T_2 = \frac{C_1 - C_3}{C_1 C_4 - C_2 C_3};$$

$$p_1 = \frac{[(1-k_0)H_4 - H_2 k_0]}{H_1 H_4 - H_2 H_3} p; \quad p_2 = \frac{[(1-k_0)H_3 - H_1 k_0]}{H_1 H_4 - H_2 H_3} p$$

Так как функции F_1 и F_2 регулярны в нижней полуплоскости, то, согласно теореме Коши:

$$\frac{F'_j(z_j)}{(z_j - a)^{\frac{1}{2}}(z_j + b)^{\frac{1}{2}}} = -\frac{1}{\pi i} \int_{-b}^a \frac{T_j v_0(x) dx}{(a-x)^{\frac{1}{2}}(x+b)^{\frac{1}{2}}(x-z_j)} - \frac{P_j}{\pi i} \int_{-b}^a \frac{dx}{(x-a)^{\frac{1}{2}}(x+b)^{\frac{1}{2}}(x-z_j)}, \quad (20)$$

где в левой части:

$$-\frac{\pi}{2} \leq \arg(z_j - a)^{\frac{1}{2}} \leq 0; \quad -\frac{\pi}{2} \leq \arg(z_j + b)^{\frac{1}{2}} \leq 0 \text{ при } \operatorname{Re} z_j < 0$$

Вторая квадратура в (13) вычисляется и равна:

$$\begin{aligned} & -\frac{1}{\pi i} \int_a^\infty \frac{dx}{(x-a)^{\frac{1}{2}}(x+b)^{\frac{1}{2}}(x-z_j)} = \\ & = \frac{P_j}{\pi i} \ln \left\{ \frac{i}{(a+b)^{\frac{1}{2}}} \left[(z_j - a)^{\frac{1}{2}} + (z_j + b)^{\frac{1}{2}} \right] \right\} \\ & \quad \quad \quad (z_j - a)^{\frac{1}{2}} (z_j + b)^{\frac{1}{2}} \end{aligned} \quad (21)$$

Рассмотрим частный случай, когда

$$v_0(x) = \alpha x^2 - \beta \quad (22)$$

Тогда для $\varphi_j(z_j)$ получим:

$$\begin{aligned} F'_j(z) &= \frac{1}{i} T_j \left\{ \frac{\alpha}{2} (a-b+2z_j) (z_j - a)^{\frac{1}{2}} (z_j + b)^{\frac{1}{2}} - \alpha z_j + \beta \right\} + \\ & + \frac{P_j}{\pi i} \ln \left\{ \frac{i}{(a+b)^{\frac{1}{2}}} \left[(z_j - a)^{\frac{1}{2}} + (z_j + b)^{\frac{1}{2}} \right] \right\} \end{aligned} \quad (23)$$

По известным выражениям для $F'_j(z_j), Q'_j(z_{j+2})$ определяются по формулам:

$$Q'_1(z_3) = iB_1 F'_1(z_3) + iB_2 F'_2(z_3); \quad (24)$$

$$Q'_2(z_4) = iB_3 F'_1(z_4) + iB_4 F'_2(z_4) \quad (25)$$

Формулы (13) и (17) дают точные решения задачи.

Для определения пересечения точек цилиндрического тела с поверхностью полупространства, то есть параметров a и b , необходимо потребовать конечности напряжения:

$$\sigma_{xx} = \sigma_{xx}^{(1)} = \sigma_{xx}^{(2)} \quad (26)$$

в данных точках, т.е. при $x = a$ и $x = b$ в точках поверхности $y = 0$

Литература:

1. Филиппов И.Г., Чебан В.Г. Математическая теория колебаний упругих и вязкоупругих пластин и стержней. – Кишинев: Штиинца, 1988. – 190 с.
2. Филиппов И.Г. Приближенный метод решения динамических задач для вязкоупругих сред // ПММ. – 1979. – Т.43. – № 1. – С. 133-137.
3. Филиппов И.Г. К нелинейной теории вязкоупругих изотропных сред. – Киев: Прикл. механика. – 1983. – Т. 19. – № 3. –С. 3-8.

Түйіндеме

Деформацияланатын денелерде жазық және шеңбер тәріздес элементтердің толқындар процесін зерттеу кезінде фазалық ортаның жылдамдығының өзгеруіне орай фазалық жылдамдық деген ұғымды енгізу ұсынылған. Осыған орай екі компонентті жартылай кеңістіктің бетіндегі тұрақты D жылдамдықтағы цилиндрлік бөлік қозғалысын зерттеу есебі қарастырылған.

Summary

In studies of wave processes of flat and circular elements in deformable solids introduces the concept of phase velocity as the rate of change of phase medium. In this paper we consider a plane problem of the motion of a cylindrical punch with a constant velocity along the free boundary of two-component half-space.

ӘОЖ 539.3

СПУТНИКТІК БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАБЫЛДАУШЫ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫНЫҢ САПАЛЫЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ

А.Б. ЖАНМОЛДАЕВА,

магистрант

Б.Ж. ЖАНМОЛДАЕВ,

техника ғылымдарының докторы, профессор,

ҚорқытАта атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Қазақстан Республикасы

Спутниктік байланыс жүйелері қазіргі кезде бүкіл дүние жүзінде қолданыс тапты. Спутниктік байланыс жүйесі және хабар тарату спутник пен сәйкес жер станциясы (ЖС) арасында тура байланыс болған жағдайда ғана қызмет жасайды.

Спутниктік байланыс кезінде ретранслятор қозғалыс үшін энергия жұмсамай, жеткілікті биік орбита бойынша қозғалатын жасанды жер серігінде (ЖЖС) орналасады. Ретранслятордың электрмен қамтамасыз етілуі күн батареясы есебінен жүзеге асады. Жер атмосферасының негізгі бөлік шегінен тысқары орналасқан радиостанцияны ғарыштық, ал жер бетінде орналасқанын жерлік деп атаймыз.

Ғарыштық станцияларды қолданатын радиобайланысты ғарыштық радиобайланыс деп, ал спутник көмегімен жер станциялар арасындағы байланысты спутниктік деп атаймыз.

Спутниктік байланыс жүйесі екі негізгі сегменттерден тұрады: ғарыштық және жер. Ғарыштық сегментке спутник-ретрансляторлар, сонымен қатар оларды орбитаға шығару әдістері мен жер үсті басқару комплекстері жатады. Спутниктер екі негізгі түйіннен: ғарыштық платформа және борттық ретранслятор, сонымен қатар қорек көзінен, термотұрақтандырғыш жүйеден, басқару және телеөлшеу жүйелерінен тұрады.

Қазақстан халықаралық ғарыштық салада өз орнын табуда. Дәлел ретінде Ресей Федерациясымен бірлесіп жасалған «KazSat» спутниктік серияларын айта аламыз. «KazSat»-ты геотұрақты орбитаға шығару арқылы Қазақстан теледидарлық хабар тарату сферасын кеңейтуге мүмкіндік алды, әсіресе жеке аудандарда, интернет желісін қолданушылар санының көбеюіне, деректерді таратудың ведомстволық желісін ұйымдастыруға және қозғалмалы спутниктік байланыс жүйесін кеңейтуге мүмкіндік туды.

Жоспарлауға әлемдік спутниктік рынокта кеңінен орын алған шетелдік спутниктер алынды. Мысалы, Intelsat ғарыштық тобы. Intelsat ғарыштық тобы 2011 жылдың наурызы бойынша 52 телекоммуникациялық спутниктен тұрады. Әлемдегі ірі спутниктік компания Intelsat ең сенімді және қуатты спутниктер жиынын құрайды. Сенімділігі 99,9% шамасында. Жер бетіндегі сегменті диаметрі кем дегенде 1м-ден және ең үлкен диаметрі 30 м болатын 2000-нан астам станцияны құрайды.

Қабылдаушы құрылғының энергетикалық потенциалын сипаттау үшін сапалылық түсінігі қолданылады:

$$\frac{G}{T} = 10 \lg \left(\frac{G_{анпрм}}{T_{\vartheta}^A} \right) = G_{анпрм} - 10 \lg (T_{\vartheta}^A), \quad (1)$$

мұнда T_{ϑ}^A – тиімді температура;

$$T_{\vartheta}^A = T_A + \frac{T_B}{\eta_{нрм}} + \frac{T_{ш}}{\eta_{нрм}}; \quad (2)$$

мұнда, T_A – антеннаның эквивалентті дыбыстық температурасы;

T_B – толқын өткізгішті трактың эквивалентті дыбыстық температурасы.

Антеннаның эквивалентті дыбысты температурасы келесі түрде көрсетіледі:

$$T_A^{3C} = T_K(\beta^0) + T_a(\beta^0) + aT_3 + T_{ша}; \quad (3)$$

$$T_A^{PC} = T_K(90^0) + T_a(90^0) + aT_3 + T_{ша}, \quad (4)$$

мұнда, $T_K(\beta^0)$ – ғарыштық радиосәулеленуді қабылдауға арналған антенна орнының бұрышқа тәуелділік құрамдасы;

$T_a(\beta^0)$ – атмосфераның сәулеленуі мен антенна орнының бұрышқа тәуелділік құрамдасы;

T_3 – жер сәулеленуін есептейтін құрамдас шама;

$T_{ша}$ – элементтердегі жоғалтулардың болуынан антеннаның өзіндік дыбысының құрамдасы;

α – антенна бағытталу диаграммасының артқы және жанындағы орташаландырылған деңгейін ескеретін коэффициент (ЖС антенналары үшін $\alpha = 0,2$, PC антенналары үшін $\alpha = 0,2...0,4$).

$$T_a(\beta^0) = 260^0 \left(1 - \frac{1}{V_a} \right) \quad (5)$$

Жердің дыбыстық температурасы есептеулерде $290^0 K$ тең деп алынады.

$$aT_3 = 23^0 + 0,2 (90^0 - \beta^0) \quad (6)$$

Табылған мәндерді (4) өрнектердің орнына қойсақ, $T_{\vartheta 3C}^A = 490,052^0 K$, $T_{\vartheta PC}^A = 4351,512^0 K$ болатыны шығады.

$G_{анпрм}$ – жер станциясы мен ретранслятордың қабылдау мен таратуды күшейту коэффициенті:

$$G_{анпрм} = 10 \lg \left(\left(\frac{\pi \cdot D}{\lambda_{\frac{3-6}{6-3}}} \right)^2 \cdot \gamma_A \right) \quad (7)$$

мұнда, γ_A – айна бетінің қолдану коэффициенті, $\gamma_A = 0,6$ (бір айналы антенна);

$D = 2,5$ м;

$G_{Aпрд} = 40,948$ дБ;

$G_{Aпрм} = 37,022$ дБ;

Табылған мәндерді (1.7) өрнектің орнына қойып есептегенде:

$$\left(\frac{G}{T}\right)_{ЗС} = 10,12 \frac{дБ}{КМ}; \left(\frac{G}{T}\right)_{РС} = -8,605 \frac{дБ}{К}.$$

ЖС және РС таратушының қуаты келесідей анықталады:

$$P_{прдЗС(РС)} = P_{прмРС(ЗС)} + A_{вв(вн)} + \Delta P_{прд} (дБ). \quad (8)$$

мұнда, $P_{прмРС(ЗС)} - РС(ЖС)$ қабылдаушы кірісіндегі сигнал қуаты;

$P_{прм(ЗС)} = -128,984$ дБ;

$P_{прмРС} = -118,92$ дБ.

$A_{вв(вн)}$ – жоғары(төмен) бөлігіндегі эквивалентті өшу:

$$A_{вв(вн)} = W_{вв(вн)} + \Delta W_{АВТ}^{прд} + \Delta W_{АВТ}^{прд} + \Delta W_{АВТ}^{прд} - (G_A^{прд} + G_A^{прм})(дБ). \quad (9)$$

Мұнда, $\Delta W_{АВТ}^{прд}$, $\Delta W_{АВТ}^{прд}$ – құрылғының қабылдаушы, таратушы бөлігіне сәйкес толқын өткізгіштік өшуін көрсететін шама;

$\Delta P_{прд} = 2дБ$ – таратушы қуатының эксплуатациялық сақтаушы қоры.

$$P_{РС} = P_{МС} + P_{ТШ} + P_{НШ} + P_{П}, \quad (10)$$

мұнда, $P_{МС}$ – көп станциялы сигналдың пайдалы ең жоғарғы қуаты;

$P_{ТШ}$ – ретранслятор жолағындағы жылулық дыбыстың қосынды қуаты;

$P_{НШ}$ – РС жолағындағы сызықты емес дыбыстың қосынды қуаты;

$P_{П}$ – көп станциялық жолақтан тысқары жатқан жанама сәулеленуге кеткен энергия шығынына арналған шығыс қуатының қосындылық кемуі.

Ретранслятор қуатының кему коэффициентін енгізейік:

$$\xi = 1 - \frac{P_n}{P_c} \quad (11)$$

Онда,

$$P_{РС} = \frac{P_{МС}}{\xi} \cdot \left(1 + \frac{P_{ТШ} + P_{НШ}}{P_{МС}}\right) \quad (12)$$

ξ мәні берілген РС арқылы бір уақытта жұмыс істейтін ЖС санына және РС қуатының шығыс күшейткіш түріне тәуелді. ҚТЛ күшейткіші үшін ξ коэффициенті келесі мәндерге ие болады:

$N_{ЗС}$	1	2	...	∞
ξ	0,81	0,65	...	0,64

$$g = \frac{T_{Ц}}{T_{ЗС}} (T_{Ц} - \text{цикл периоды}; T_{ЗС} - \text{ЖС бір циклде жұмыс істеу уақыты})$$

$$P_{МС} = P_{МДВР} = g \cdot P_{РС} \quad (13)$$

$$P_{нш} \approx P_{тш}, \quad P_{тш} \approx 0,001 \cdot P_{мс} \text{ екенін ескерсек:}$$

$$P_{pc} = 1,02 \cdot \frac{P_{мдвр}}{\xi} \quad (14)$$

Шыққан мәндерді ескеріп, есептесек:

$$P_{pc} = 90,672 \text{ Вт}, \quad P_{zc} = 148,745 \text{ Вт}$$

Әдебиеттер:

1. Головин О.В., Чистяков Н.И., Шварц В., Хардон Агиляр И. Радиосвязь. – М.: Горячая линия – Телеком, 2003.
2. Основы построения и эксплуатации космической связи и вещания / Кн. 1. Базовый теоретический курс / Под общей ред. А.А. Медведева. – М., 2005.
3. Стивенсон Д. Спутниковое ТВ. Практическое руководство. – М., 2005.
4. Управление радиочастотным спектром и электромагнитная совместимость радиоэлектронных средств / Под ред. М.А. Быховского. – М.: ЭКОТRENДЗ, 2006.
5. Иванов Н.М., Лысенко Л.Н. Баллистика и навигация космических аппаратов. – М.: Дрофа, 2004.
6. Аксенов Е.П. Теория движения искусственных спутников Земли. – М.: Наука, 1977 .
7. Левантовский В.И. Механика космического полета в элементарном изложении. – М.: Наука, 1980.
8. Основы теории полета и элементы проектирования искусственных спутников Земли / Под ред. Г.Н. Дубошина. – М.: Наука, 1976 .

Резюме

В статье рассмотрены способы улучшения качества работы приемного устройства системы спутниковой связи. Показаны точные выражения для описания энергетического потенциала приемного устройства системы, а также для эквивалентной шумовой температуры антенного устройства. Найдены точные формулы для вычисления коэффициента усиления приема-передачи радиосигналов между наземной станцией и ретранслятором. В частности, показано, что эквивалентная шумовая температура антенного устройства зависит от космической радиоосвещенности, атмосферной освещенности, а также от угла расположения антенны.

Summary

The article describes how to improve the quality of the receiver satellite communications system. Showing the exact expressions for the description of the energy potential of the receiving device system as well as for the equivalent noise temperature of the antenna device.

Exact formulas for the calculation of the gain of reception and transmission of radio signals between the ground station and the repeater. In particular, it is shown that the equivalent noise temperature of the antenna is subject to the cosmic radio light, atmospheric lighting, and the angle of the antenna.

ДИСТАНЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

С.С. ТАНИБЕРГЕНОВА,

*магистр педагогических наук,
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан*

Государственной программой развития образования Республики Казахстан разработан целый комплекс педагогических проектов, направленных на реализацию Президентской программы информатизации образования, в которую также входит использование современных средств обучения. Реализация этих программ потребует более эффективных методов обучения, что, в свою очередь, вызовет необходимость широкого применения современных средств обучения, среди которых важное место занимают дистанционные средства обучения [1].

В отличие от печатной формы подачи учебного материала, дистанционное обучение, являясь объектом познания для обучающихся, значительно расширяет объем поступающей информации, создает многообразие коммуникативно-речевых ситуаций, ускоряет процесс усвоения лексических единиц, активизирует познавательную деятельность обучаемых, и тем самым стимулирует их речевую активность при целенаправленном усвоении определенных форм речевого высказывания. Все это обеспечивает тренировку и развитие навыков восприятия иноязычной речи в условиях, наиболее приближенных к естественным [2].

Дистанционные средства обучения позволяют разнообразить методы преподавания иностранного языка, повысить продуктивность труда преподавателя, приводят научно-теоретическое содержание урока в соответствие с современным уровнем развития науки и техники. Все это в конечном счете способствует увеличению эффективности образования в целом.

Создание искусственной иноязычной среды в процессе обучения иностранным языкам – один из важных проблемных вопросов современной методики. С появлением дистанционных технологий создать иноязычную среду стало наиболее эффективно за счет соединения технических возможностей XXI в. и максимального использования самостоятельной работы студента [3].

Дистанционное обучение позволяет, во-первых, самому обучаемому выбрать время и место для обучения, во-вторых, дает возможность получить образование лицам, лишенным этого в силу тех или иных причин, в-третьих, использовать в обучении новые информационные технологии, в-четвертых, в определенной степени сокращает расходы на обучение.

Разделенность в пространстве обеспечивает возможность недискриминированного (по социальным признакам) доступа к образованию: человек, не имеющий возможности по разным причинам (работа, семейное положение, состояние здоровья и др.) обучаться в университете или любом другом учебном заведении, получает эту возможность там, где ему удобно, – практически в любой точке земного шара.

Разделенность во времени позволяет осуществлять, помимо синхронного учебного процесса (одновременно для всех), асинхронный, имеющий ряд преимуществ:

- студент учится в удобное для него время;
- игнорирование временных зон (что делает иногда невозможным синхронный процесс);
- студенты, которые не всегда комфортно чувствуют себя в аудитории в силу психологических свойств характера, более спокойно участвуют в процессе обучения: у них есть время на обдумывание ответов, вопросов к преподавателю, поэтому они не испытывают боязни говорить перед классом и преподавателем.

Физическая разделенность с преподавателем в пространстве и времени качественно меняет сам учебный процесс и распределение ролей его участников. Преподаватель перестает быть монопольным источником информации, а преподавание заменяется на обучение, контроль за которым осуществляется самим обучающимся.

Методисты Моор и Кирсли определяют недостаток дистанционного общения в том, что в условиях дистанционного образования физическая разобщенность студентов в пространстве и времени может породить чувство одиночества, изолированности и дефицита личного внимания, а отсюда – низкая самооценка, снижение мотивации.

Дистанционные программы предлагают своим пользователям многообразие информации и ресурсов. Базовый набор услуг может включать в себя:

- электронную почту (e-mail); телеконференции (usenet); видеоконференции; возможность публикации собственной информации, создание собственной домашней странички (homepage) и размещение ее на Web-сервере;
- доступ к информационным ресурсам;
- справочные каталоги (Yahoo!, InfoSeek/UltraSmart, LookSmart, Galaxy); поисковые системы (Google, Alta Vista, HotBob, Open Text, WebCrawler, Excite); разговор в сети (Chat, Skype, OVO, MSN messenger).

Существует 2 вида дистанционных интернет-программ:

- 1) средства синхронной коммуникации (synchronous communication tools);
- 2) средства асинхронной коммуникации (asynchronous communication tools).

Средства асинхронной коммуникации – это интернет-средства, позволяющие обмениваться информацией с задержкой во времени (форумы, электронная и аудиопочта, сайты, блоги). Блог – это страничка сайта, представленная в виде журнала-дневника или календаря. Эрон Кемпбелл выделяет 3 типа блогов, используемых в преподавании языковых дисциплин:

- The tutor blog: поддерживается преподавателем, <http://juliayats.blogspot.com/>;
- The class blog: поддерживается совместными усилиями преподавателя и студентов;
- The learner blog: поддерживается студентом индивидуально, файлы с записью носителей языка, // www.podcastsinenglish.com [4].

Интеграция асинхронных средств коммуникации в учебный процесс:

- позволяет студентам совершенствовать навыки письменной и устной речи, аудирования, чтения;
- обеспечивает реальную неограниченную аудиторию для студенческих работ, что повышает мотивацию и ответственность за содержание;
- стимулирует обсуждение тем и дискуссии на изучаемом языке.

Средства синхронной коммуникации – это интернет-средства, позволяющие общаться в режиме реального времени (чат, видео- и аудиочат). Примерами таких средств, предоставляющих возможность синхронного общения посредством чата и голосовой связи, являются Skype и Yahoo Messenger: <http://messenger.yahoo.com/> <http://skype.com/>.

Пользователи Yahoo messenger with voice и Skype имеют возможность установить мгновенную голосовую связь с абонентом, находящимся в любой точке земного шара, при наличии у него данных программ или общаться посредством письменного чата. Можно создать свой список учеников и приглашать их в чат один-на-один или организовать видеоконференцию, так называемый групповой чат. А можно, задав параметры искомого собеседника (возраст, пол, место жительства, родной язык, интересы и др.), найти друзей для общения в киберпространстве.

Используя дистанционную технологию Skype, можно:

- проводить уроки-проекты со студентами из других стран, а также дискуссию на интересующие темы. Участие студентов в дискуссии, безусловно, требует от них создания собственных высказываний. Они учатся выражать собственные мысли и суждения, приводить убедительную аргументацию, пользуясь средствами английского языка;
- обсуждать темы с гостем-представителем другой страны, являющимся компетентным в той или иной области научного знания. Возможность практиковаться в употреблении изучаемого языка, общаясь с людьми, для которых этот язык является родным, – очень важный момент в формировании коммуникативной компетенции;
- предлагать кардинально новые, нестандартные задания. Например, для установки первого языкового контакта обучаемого и носителя языка, задав параметры искомого собеседника, предложить: «Используя программу, найдите собеседника в такой-то (определяется в зависимости от изучаемого языка и целей преподавателя) стране. Узнайте его имя, интересы и т.п. Расскажите о себе ... и т.д.»;

– функция архивации текста чата позволяет по окончании общения анализировать чатлог (Chatlog) с точки зрения грамматики, лексики, пунктуации, стилистики, речевых ошибок и т.п. и на этой основе выстраивать новые виды заданий. Выделяют 5 видов педагогического чата в Skype:

– чат на свободную тему (free topic chat); основная задача – это практика говорения, аудирования и письма на изучаемом языке;

– чат, направленный на решение определенной учебной задачи (collaborative task-oriented chat);

– чат-семинар или чат-презентация (academic seminar or presentation chat);

– чат, направленный на отработку какого-то определенного материала или действия (practice chat); например, чат-интервью;

– оценочный чат (evaluation chat), направленный на контроль и оценку степени усвоения того или иного материала.

На занятиях английского языка с помощью Интернета на примере программ Skype и Yahoo Messenger можно решать целый ряд дидактических задач:

1) пополнять словарный запас, как активный, так и пассивный, лексикой современного иностранного языка;

2) знакомить студентов с социокультурными реалиями изучаемого языка (речевой этикет, особенности речевого поведения, особенности культуры, традиций страны изучаемого языка);

3) формировать у студентов устойчивую мотивацию иноязычной деятельности, навыки и умения чтения, используя материалы глобальной сети; совершенствовать умения письменной речи;

4) налаживать и поддерживать деловые связи и контакты со своими сверстниками в англоязычных странах.

Внедрение новых информационных технологий при обучении иностранным языкам является позитивным фактором, поскольку оно отвечает новым требованиям, предъявляемым методикой современному преподавателю. Ключом к овладению иностранным языком является актуальное использование иностранного языка, что может осуществляться при помощи живого общения через интернет – Skype технологию. Таким образом, при правильном и творческом применении Skype или других дистанционных программ такой вид работы становится полезным и необходимым средством не только для обучения иностранному языку, но и для привития студентам новой культуры и мотивации их к дальнейшему изучению иностранному языку.

Литература:

1. Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан. – Астана, 2006. – С. 45.
2. Назарова Т.С., Полат Е.С. Средства обучения. Технология создания и использования. – М., 1998.
3. Портосян Е.П., Штемейко Ю.С. Компьютерное обучение: за и против // Иностранные языки в школе. – М., 1997. – № 3.
4. Eron Kemble. Internet in teaching. – 2006.

Түйіндеме

Бұл мақалада жоғары оқу орнындағы оқу үрдісін ақпараттық-коммуникативті технологиялар негізінде жүзеге асырудың жолдары қарастырылады. Мақалада аталған жаңа технологиялар оқыту процесін жандандырып, студенттердің тілдік қабілетін дамытуға, олардың шығармашылық белсенділігін арттыруға бірден-бір мүмкіндік жасайды.

Summary

In this article the author emphasizes on the ways of teaching English at the higher educational institutions on the basis of new information and communication technologies. The above-mentioned technologies enable to make the process of learning fascinating, develop students' language abilities and improve their creative activity.

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ОНЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУ

Ж.А. СҮЛЕЙМЕНОВА,

*Қорқыт Ата Атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы*

*Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында,
ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында.*

Н. Ә. Назарбаев

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. ХХІ ғасыр білімділер ғасыры болмақ. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Ол үшін болашақ ұрпағын тәрбиелеу керек.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б. тіркестермен тығыз байланысты.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Қорытындысында білім беру – адамға үздіксіз оқуға, білім алуға жан-жақты білім қызметін ұсынатын әлеуметтік институт болуы керек.

Қазақстан Республикасы орта білім беру жүйесін ақпараттандыру туралы мемлекеттік бағдарламасында «... ҚР дүние жүзінің дамыған елдері сияқты орта білім беру жүйесінен ақпараттандырудың жолына түсуі тиіс, яғни бірыңғай ақпараттық білім беретін желіге негізделген оқыту жүйесін жасау керек». Осы тұжырым білім беру жүйесін ақпараттандырудың мақсаты болып табылады.

Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне АКТ-ны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру – қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғышарты. Сол себепті, педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруда АКТ-ны оқып-үйрену және оны қолдану күрделі процесс болып табылады [1, 2].

Ақпараттық-коммуникативтік технология ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникативтік байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Ақпараттық-коммуникативтік технология артықшылықтары:

1. Оқушыларға оқылатын құбылыстар мен объектілер туралы толық және дәл ақпарат бере отырып, оқу сапасын арттырады;
2. Оқытудың көркемділігі артады, яғни оқушыларға қиын да күрделі материалдарды көрнекі түрде түсіндіруге қол жеткізеді;
3. Оқытудың тиімділігі жоғарылайды және оқыту материалын түсіндіру мүмкіндігін арттырады;
4. Оқушылардың ғылыми-дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыра отырып, олардың білімге құштарлығын, табиғи сұранысын қанағаттандырады;
5. Мұғалімдерді техникалық жұмыстан босата отырып, үнемдеген уақытта олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды;
6. Мұғалім мен оқушының жұмысын жеңілдетеді.

XXI ғасыр ақпараттық қоғам табалдырығына аяқ басқан сәтте-ақ республикалық білім берудің жаңа жүйесі, яғни білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі қолға алына бастады. Заман талабы оқу үрдісінде компьютерлік технологияны енгізуді, оны кең көлемде қолдануды қажет етеді. Электронды оқыту интерактивті жүйе болып табылады. Электрондық оқулық «оқушы – компьютер – оқытушы» жүйесін қалыптастырады, яғни оқушы жаңа тақырыпты ақпарат көзі – компьютерден оқып қажетті мәліметтерді алып, мұғалімге түсіндіріп бере алатындай болуы керек.

Оқыту үрдісінде АКТ-ны қолдану мұғалім мен оқушы қарым-қатынасының бұрынғы қалыптасқан жүйесін, олардың іс-әрекеттерінің мазмұнын, құрылымын үлкен өзгерістерге ұшыратады. Қалыпты білім беру жүйесінде «мұғалім – оқушы – оқулық» түрінде құрылған үш жақты байланыс бұзылып, «мұғалім – оқушы – компьютер – оқулық» жүйесі пайда болды. Мұндай жүйеде білім беру оқыту процесінде компьютерді қолдану білім мен біліктілікке қоятын талаптарды қайта қарап, жетілдіріп, жүйелеуді талап етеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қоғамды ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде оқытушы алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

- Өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web-сайттар ашу;

- Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;

- Бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау (мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар);

- Қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Елбасы 2006 жылғы халыққа Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени бағдарламасын ұсынған болатын. «Тілдердің үш тұғырлылығы дегеніміз, ол – мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ұлтаралық тіл – орыс тілі, ал ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деп анық та айқын атап көрсеткен болатын. Еліміздің тізгінін ұстар бүгінгі жастарымыз әлемнің кез келген жерінде кез келген қызметіне жарайтындай бәсекеге қабілетті маман болуы үшін шет тілін меңгерудің маңызы зор. Ал 2008 жылғы 29 мамырда бір топ бұқаралық ақпарат құралдары басшыларымен кездесуінде: «Ағылшын тілі – XXI ғасырдың тілі. Бұл тіл қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл» деген болатын.

Сондықтан да ағылшын тілін мектептерде жүйелі оқыту үрдісін қалыптастыру бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр. Ағылшын тілін оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құрылымын қалыптастыру әрбір мұғалімнің шеберлігі мен шығармашылығына байланысты. ЖОО-ғы ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің мақсаты – оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру, ағылшын тілін меңгертіп, сол тілде еркін сөйлеуіне жағдай тудыру.

ҚР «Білім туралы» Заңының 8-бап, 7-тармағында «Оқытудың жаңа технологияларын ендіру, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған [2, 2-5 бб.].

Коммуникативтік оқыту технологиясы дегеніміз – пікір алысуға негізделген әдістеме. Ал, адамдар тілді сөйлем түрінде қолданғанда ғана бірін-бірі түсініп, пікірлесе алады. Оқушыларды белгілі бір дәрежеде ағылшын тілінде сөйлеуге, өз ойын басқаға жеткізе алатын, біреудің сөйлеген сөзін, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу үшін ағылшын тілі алғашқы сабақтан бастап сөйлем түрінде үйретілуі тиіс [3, 77-бет.].

Ағылшын тілі сабағында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың сөздік қорын молайту, сөйлеу тілінің грамматикасын қалыптастыру, дыбыстарды дұрыс айту, диалогтік сөйлеудің қалыптасуы, түсінгенін айта білу, сауатты жазуға дағдыландыру, дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, өмірге деген көзқарасын жан-жақты дамытып, шығармашылық қабілетіне жол ашу керек.

Қазіргі ғылым мен техниканың шарықтаған шағында шетел тілі сабақтарында көрнекіліктердің қай түрі болсын молынан пайдалану мүмкіндігі бар. Осындай оқыту жүйесі құралдарының бірі – компьютер. Орта мектептерде компьютермен жұмыс істеу өте пайдалы. Өйткені нашар оқитын оқушы-

ның өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, себебі компьютер балаға білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Компьютер арқылы оқыту орта мектепте мынадай міндеттерді қамтиды:

- Оқушылардың компьютерлік сауаттылығын ашу;
- Оқыту, тәрбиелеу үрдісіндегі ақпараттық алмасу сипатын айқындау;
- Дайын бағдарламаларды қолдана білу шеберлігін арттыру;
- Ойлау қабілетін дамыту;
- ЭЕМ-нің мүмкіндіктерін пәндік материалда меңгеруді қолдана білуге үйрету.

Ағылшын тілі сабағын оқытудың жаңа компьютерлік жүйесі шартты белгілерден тұрады. Бұл арқылы оқушы нақтылыққа дағдыланады. Соның негізіне оқытудың мынадай ұтымды жақтарын атап көрсетуге болады:

• Оқушылардың ойлану дәрежесіне, материалды қабылдау ерекшелігіне байланысты әрбір оқушы үшін жеке-жеке компьютерде бағдарлама құрып, оқушылармен дербес жұмыс жасауға болады;

- Компьютерді сабақта пайдалану уақытты үнемдейді;
- Компьютер арқылы нашар оқитын балаларды оқытудың тиімділігі артады;
- Оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Әр сабақта сөз әрекетінің төрт түрі де қолданылады: тыңдалым, сөйлесім, оқылым, жазылым.

Әр сабақ төмендегілерді қамтиды:

• Компьютермен үзіліссіз тілдік қарым-қатынас;

• Бірнеше рет тыңдау мен оқып-білген материалды қайталаудың арқасында дағдыларды машықтандырғанға дейін меңгертіледі;

- Компьютер оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастырады;
- Оқушымен жекелей жұмысты іске аксырады;
- Компьютер оқытудың аудио және бейне құралдардың мүмкіндіктерін табысты байланыстырады.

Интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады. Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда: лексиканы оқып үйретеді; сөйлеу ырғағын; диалог, монолог және рөлдік ойындарды; хат жазуға үйретеді; грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

«Enjoy English» электронды оқулығында оқушылардың ойлау, сөйлеу және олардың коммуникативті дамуына көп ықпал етеді. Бұл диск екі бөліктен тұрады: 1) ойындар, жаттығулар және диалогтардан және караокелерден тұрады. 2) Мультфильмдерден тұрады. Мультфильмдерді текстпен, диалогпен, аудирование және дауыс ырғағына берілген жаттығуларда қолдануға болады [4, 20-22-бб.].

Сабақтың тартымды өтуі, ұтымды тәсілдерді дұрыс қолдана білу бүгінгі мұғалімнен көп ізденісті талап етеді. Компьютерлік технология оқу үрдісін жеңілдетіп, сабақты қызықты, әрі тиімді ұйымдастыруға, оқу-білім сапасын көтеруде мол мүмкіндіктер береді. Соның бірі – интернет жүйесін пайдалану.

Ағылшын тілін оқытуда интернет беретін мүмкіндіктер мен қызметтер:

- Сұраныс бойынша ақпарат алу;
- Алыстағы ақпарат көздерін пайдалану;
- Интернет тараптарында берілген тапсырмалар мен жаттығуларды орындау;
- Түрлі жүйелерге ену арқылы өз бетімен іздену;
- Өзі оқып отырған тілде электронды пошта арқылы хат алмасу, ақпаратты кез келген арақашықтықта тез арада жеткізу;
- Интернет желісімен түрлі олимпиадаларға, жарыстарға қатыса алады;
- Ақпараттың қажетті түпнұсқасына қосылу.

Ағылшын тілін оқыту оқушыларға өздері оқып жатқан тілдің мемлекетімен жақынырақ танысуға, яғни, география, тарих, елтану пәндерімен тығыз болуды қажет етеді.

Интернет мүмкіндіктерін жоба жасауға қолданған да қызықты. Мысалы, оқытушы қазіргі кезде мазалап жүрген мәселелерді интернеттен тауып алып, оқушыларға ұсынып, тапсырма береді. Берілген мәселе бойынша оқушылар ақпарат жинап өз жобасын құрады, ол жобаға енгізілген материал бойынша өз ойын, ұсынысын білдіріп, ақпараттармен келісіп не келіспей талқылай алады. Әр мәселе бойынша материалдар ұсынуға болады. Интернеттегі аудио-видео бағдарламаларды магнитофонға жазып алуға, оқушыларға тыңдатуға, талқылауға болады [5, 12-б.].

Егер ағылшын тілінен оқу материалдар иллюстрация, анимациялық, дыбысы бар объект ретінде құрылса, оқушылардың даму ерекшеліктеріне сәйкес ағылшын тіліндегі материалдардың мазмұнын тез қызыға қабылдауға, түсінуге, білімін өз бетімен жетілдіруге негізгі түрткі бола алады. Ағылшын тілі сабақтарында видеофильм, мультимедиялық презентациялар, дыбыстарды, анимациялық суреттердің көмегімен монолог, диалог түрінде сөйлеу қабілетін қалыптастыруға болады. Ағылшын тілі сабақтарында төмендегідей компьютерлік оқыту бағдарламаларын пайдалануға болады. Олар: Project teaching, Student team learning, Learning together, Self English, English Practice, Bridge to English, т.б. [6, 4-бет].

Аталмыш бағдарламалар оқушылардың есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын, дұрыс оқу, сауатты жазу мен аудару қабілеттерін дамытуға жәрдемдеседі. Білім беруде «Электронды оқулықтарды» пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Қазіргі кезде ең бағалы тауар ақпарат болып саналады. Сондықтан қай елдің тұрғындары ақпарат алуға кең мүмкіндік алса, алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияны пайдаланып терең білім алса сол ел алдыңғы қатарлы болып саналмақ. Елдің болашағы осы мүмкіндікті қалай пайдаланып, қоғамды ақпаттандыруды қалай жүзеге асыруда болмақ. Оның жолдарының бірі білім алуды ақпараттандыру болып саналады. Алдарына өресі мол мақсаттар қойып, соған жетуде ғылым мен техниканың қазіргі замандағы озық үлгілерін пайдаланып, әлемдік ақпараттық кеңістікте әр түрлі деңгейдегі ақпараттарды қажетіне жарата білуі керек.

Қорыта айтқанда, оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағыттағанда ғана өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін тәрбиелеп шығаруға болады.

Әдебиеттер:

1. Ғалымжанова М. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру // Информатика негіздері. – 2006. – № 3. – 2 б.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы // Қазақстан мұғалімі. – Алматы, 1999. – 23 шілде. 2-5 бб.
3. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000. – 200 б.
4. Азимханова Г. Ағылшын тілі сабағында компьютерді пайдалану // Мектептегі шет тілі. – 2011. – №4. – 20-22 бб.
5. Сатыпалдиева Қ.А. Ағылшын тілі сабағында интернетті қолдану жолдары // Мектептегі шет тілі. – 2011. – №4. – 18-20 бб.

Резюме

В статье рассматривается практическое использование обучающих технологий, занимающее важную роль в повышении качества знаний, в организации самостоятельной деятельности личности.

Развитие науки и новых технологий, компьютеризация всех отраслей промышленности и науки требуют внедрения использования современных технологий, с одной стороны, а с другой, в связи с возникновением проблем в деятельности специалистов с их применением нужен новый подход в профессиональной подготовке будущих учителей.

Показаны новые технологии и инновационные методы обучения английскому языку и предложено внедрение инновационной технологии в учебный процесс. Рассмотрены проблемы методики обучения и реализация в учебном процессе информационно-коммуникативных технологий и интерактивных методов обучения.

Summary

The subject of the article is the practical use of the educational technologies which takes a good role in improving the knowledge quality of individual s activity of organization.

Thesis work devotes to actual and few researched problems: the usage of modern educating technologies – important element in formation of future teachers' communicative competence in professional training.

New technologies and modern methods of teaching of English are discerned in this article.

In this article is offered introduction information technologies in scholastic process.

They are considered problems methods of teaching and realization in scholastic process information-communication technologies and of the methods of the education.

ПРОБЛЕМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЗАЩИТЫ КОРПОРАТИВНЫХ ВЫЧИСЛИТЕЛЬНЫХ СЕТЕЙ

А.Б. ОСТАЕВА,

кандидат педагогических наук

А.Ш. МЫРЗАБАЕВА,

магистрант,

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Корпоративная вычислительная сеть (КВС) представляет собой территориально распределенную совокупность локальных вычислительных сетей, связанных в единую глобальную сеть высокоскоростными каналами передачи данных. С одной стороны, КВС является автоматизированной системой обработки данных, т.е. представляет собой совокупность информационно-вычислительных установок, систем, комплексов и центров. С другой стороны, КВС включает множество организационных аспектов и должна рассматриваться в контексте эксплуатационной среды. Следовательно, КВС можно представить в виде структуры, состоящей из четырех уровней (рис. 1): правовой, организационный, аппаратный и программный уровень.




Рис. 1. Уровни организации КВС и ее структура

Базовыми элементами аппаратного уровня КВС являются:

- Рабочая станция – персональная ЭВМ, оборудованная необходимыми средствами для решения задач пользователя;
- Сервер – центральная выделенная высокопроизводительная ЭВМ вычислительной сети, предназначенная для реализации централизованных функций КВС, например, хранения данных и вывода их на печать путем обработки запросов рабочих станций;
- Сетевое оборудование – система технических средств, обеспечивающих передачу данных между рабочими станциями и серверами через каналы связи;
- Каналы связи – среда распространения сигналов, используемая сетевым оборудованием для передачи данных между перечисленными выше элементами КВС.

К элементам КВС программного уровня относится установленное программное обеспечение, которое включает 3 уровня организации: уровень взаимодействия с аппаратным обеспечением, например, драйверы сетевых адаптеров, уровень операционной системы и уровень приложений.

Организационный уровень КВС включает пользователей КВС, информационные и бизнес-процессы, в которые они вовлечены.

Как известно, КВС, как объект защиты, обладает рядом особенностей, перечисленных в таблице 1, которые оказывают влияние на состояние и требования к ее безопасности (см. таблицу).

Процесс развития области защиты КВС на сегодняшний день характеризуется наличием трех основных этапов:

- точечные средства защиты;
- средства сканирования и тестирования, а также средства контроля состояния элементов КВС;
- комплекс управления безопасностью КВС.

В соответствии с общепринятой международной практикой защита КВС в настоящее время основывается на комплексе мероприятий, который включает следующие уровни:

- законодательный уровень, регламентирующий формальные требования к СЗ КВС в зависимости от специфики обрабатываемой информации в виде нормативно-правовых документов в области ИБ;

Таблица 1. Характеристики КВС и их влияние на ее безопасность

Характеристики КВС	Влияние на состояние безопасности КВС	Влияние на требования к безопасности КВС
Разнородность используемых средств вычислительной техники и связи, а также их программного обеспечения; широкий спектр используемых способов представления, хранения и передачи информации	Негативное	Необходимость обеспечения единых требований к безопасности для разнородных элементов КВС
Распределенность элементов КВС и наличие интенсивного обмена информацией между ними	Негативное	Необходимость обеспечения надежности и безопасности эксплуатационной среды элементов КВС и каналов связи между элементами КВС
Интеграция разнородных данных в рамках единых баз и хранилищ данных и размещение однородных данных в разных узлах КВС	Негативное	Необходимость эффективного разграничения прав доступа
Участие в процессе автоматизированной обработки информации большого количества пользователей и персонала различных категорий	Негативное	Необходимость эффективного разграничения прав доступа
Соответствие КВС организационной структуре предприятия с разными требованиями к сохранности информации в его организационных единицах	Позитивное	Необходимость эффективного разграничения прав доступа; обеспечения безопасности в условиях разнородности требований политики безопасности
Поддержка КВС бизнес-процессов	–	Необходимость обеспечения непрерывной доступности вычислительных ресурсов пользователям
Динамическое изменение свойств КВС на разных уровнях в процессе функционирования КВС в соответствии с задачами, решаемыми КВС	Негативное	Необходимость обновления и поддержки системы защиты КВС

- административный уровень, описывающий действия, предпринимаемые руководством организации, для обеспечения защиты КВС, в виде документированной политики безопасности (ПБ) предприятия;

– процедурный уровень, задающий меры обеспечения безопасности КВС, реализуемые персоналом, и представленный руководствами, инструкциями и рекомендациями уровень, включающий программно-технические средства защиты, используемые в КВС;

– программно-технический уровень, включающий программно-технические средства защиты, используемые в КВС.

Таким образом, в решении задачи обеспечения ЗИ КВС существует два аспекта: формальный и практический.

Формальный аспект заключается в определении формального набора требований, которым должна соответствовать СЗ КВС на основе нормативно-правовой базы в области ИБ, регламентирующей этот набор требований.

Практический аспект направлен на определение конкретного комплекса мер по обеспечению безопасности рассматриваемой СЗ КВС путем проведения оценки и управления рисками КВС и дополнения формальных требований к КВС выводами, полученными в результате управления рисками КВС.

При этом процесс обеспечения СЗ КВС основывается на выполнении следующей последовательности этапов:

1. Анализ нормативной базы, включающей документы, стандарты и рекомендации в области информационной безопасности.
2. Определение периметра безопасности и ПБ КВС.
3. Выбор совокупности профилей защиты и формирование задания по безопасности на основе формальных требований к СЗ КВС.
4. Проведение анализа и оценки информационных рисков.
5. Осуществление управления информационными рисками, выбора и внедрения контрмер.
6. Проведение выбора и внедрения средств контроля и управления системой защиты КВС.
7. Проведение аудита состояния системы на соответствие информационной системы (ИС) установленному заданию по безопасности.

В то же время, в соответствии с концепцией ЗИ в автоматизированных системах обработки данных, проектирование любой СЗ предполагает последовательное рассмотрение следующих вопросов:

1. Анализ объекта защиты.
2. Определение множества угроз безопасности объекта защиты.
3. Определение показателей защищенности и методики их оценки.
4. Определение требований к СЗ.
5. Определение функций СЗ.
6. Определение задач, решаемых СЗ.
7. Выбор средств, необходимых для реализации поставленных задач.
8. Определение архитектуры СЗ, объединяющей эти средства.
9. Определение механизмов функционирования системы.

Первые четыре этапа концепции, связанные с формированием перечня требований к СЗ, имеют тесную связь с процессами анализа, оценки и управления информационными рисками КВС. Дальнейшие этапы, связанные с проектированием и разработкой СЗ, имеют отношение к процессам выбора и внедрения средств контроля и управления СЗ.

В настоящее время можно выделить следующие задачи, связанные с процессом защиты КВС:

– На законодательном уровне: вопросы применения существующих стандартов ИБ при проектировании СЗ КВС.

– На административном уровне: проблемы разработки ПБ предприятия, оценки и управления информационными рисками.

– На процедурном уровне: разработка методов анализа и контроля состояния КВС, а также защиты и противодействия несанкционированной деятельности в КВС с использованием технологий искусственного интеллекта.

– На программно-техническом уровне: вопросы проектирования и разработки средств контроля состояния КВС, защиты КВС от проявления угроз разной природы.

Таким образом, реализация современной СЗ КВС предполагает создание распределенной модульной структуры, направленной на достижение совокупности взаимосвязанных целей:

- сбор информации о КВС и ее анализ;
- моделирование КВС по результатам сбора информации и ее анализа;
- оценка показателей, связанных с защитой КВС, на основе модели КВС;
- управление защитой КВС с использованием результатов моделирования и оценки показателей, связанных с защищенностью КВС.

Графическая интерпретация дерева целей системы защиты КВС представлена на рисунке 2. На основе данного дерева и исследования задачи анализа защищенности КВС выделяется и систематизируется совокупность целей, достижение которых связано с ее решением.




Рис. 2. Дерево целей системы защиты КВС

Литература:

1. Олифер В.Г., Олифер Н.А. Компьютерные сети. Принципы, технологии, протоколы: Учебник для вузов. – СПб.: Питер, 2004. – 864 с.
2. Герасименко А.В. Защита информации в автоматизированных системах обработки данных. – М.: Энергоатомиздат, 1994. – 608 с.
3. Петренко С.А., Симонов С.В. Управление информационными рисками. Экономически оправданная безопасность. – М.: ДМК Пресс, 2004. – 392 с.

Резюме

Бұл мақалада корпоративтік есептеу желісін қорғау мәселелері қарастырылады. Корпоративтік есептеу желісі қорғау объектісі ретінде оның қауіпсіздігінің қалпы мен талаптарына әсер ететін бірқатар ерекшеліктерге ие. Корпоративтік есептеу желісін қорғау жүйесінің мақсаттары жүйеленіп, графикалық интерпретациясы берілген.

Summary

Corporate computer network as an object of protection has a number of features that are listed that have an impact on the state and its security requirements. This article addresses the problem of providing security for corporate computer networks. On the basis of the objectives tree protection of corporate computer networks selected and systematized set of goals that is associated with the solution.

ӘОЖ398.21(574):82(574)

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚИТУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Г. Н. СҰЛТАНБЕКОВА,

магистр,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университеті,

Түркістан қаласы

М. СЕРІКҚЫЗЫ,

№47 М.В. Ломоносов атындағы орта-мектеп,

Шиелі кенті,

Қазақстан Республикасы

Сабақ беру үйренішті жай шеберлік емес,

ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер.

Жүсіпбек Аймауытов

Мемлекетіміздің болашағы – бүгінгі мектеп оқушылары. Оларға бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды.

Ағылшын тілі бүгінде халықаралық қатынастың, ғылым мен техниканың, бизнес пен журналистиканың барлық салаларында кеңінен қолданылып келе жатқан тілдердің қатарына жатады. Шетел тілін оқыту барысында инновациялық технологияларды қолдану оқушылардың басқа тілде қарым-қатынас жасаудың қырларын жан-жақты қалыптастырудың бірегей мүмкіндігін білдіреді. Шетел тілін үйрену арқылы сол тілді үйреніп отырған елдің мәдени мұраларымен, тарихымен, ғылым саласындағы жетістіктерімен, әдебиетімен, өнерімен танысады және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға да мүмкіндік жасайды. Жалпы, білім беретін жоғары оқу орындарында және орта мектепте шетел тілін практикалық тұрғыда меңгеруге үйреткенде, оқушылар мен студенттерді өз бетімен жұмыс істеуге баулу, алған білімін, икемділік дағдыларын шығармашылықпен қолдана білуге машықтандыру көзделеді.

Ағылшын тілі – бүгінгі заманымыздың кілті, компьютер технологиясының кілті екені белгілі. Ағылшын тілі – ұлы әдебиет тілі. Бұл тілде әлемге әйгілі Уильям Шекспир, Джонатан Свифт, Вальтер Скотт сөйлеген.

Оқушылардың үш тілде еркін сөйлеу біліктілігін дамытуды жүзеге асыру барысында мынадай міндеттерді шешу көзделеді: оқыту технологияларын тиімді пайдалану; заманауи интерактивтік тех-

нологияларды қолдану; үш тілде де қарым-қатынас жасауға, сөйлеуге үйрету; әр оқушының тілдік қабілетін толық ашу; сөздік қорын молайтуда аударма және түсіндірме сөздіктерін пайдалана алу; танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Қазіргі тиімділігі – оқыту технологияларының жалпыға танылған түрлері: модульдік оқыту, проблемалық оқыту, жеделдетіп оқыту, даралап оқыту, ақпараттық оқыту, деңгейлеп оқыту, жобалай оқыту технологиясы, жеделдетіп оқыту, сатылай кешенді талдау, ойындық технология, коммуникативтік технология, т.б.

Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында өткен ғасырдың отызыншы жылдарында сауатсыздықпен күрес жүргізілгендей, компьютерлік сауаттану жөніндегі ауқымды іске азаматтарды тарту қажеттігі айтылған және мемлекеттік қызметке жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде компьютерді, интернетті және электрондық поштаны қолдана білу дағдысы міндетті талап болуға тиіс екендігі де атап көрсетілген. Осыған байланысты ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, кино, аудио және видеокұралдар, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Коммуникативтік оқыту технологиясы дегеніміз – пікір алысуға негізделген әдістеме. Ал адамдар тілді сөйлем түрінде қолданғанда ғана бірін-бірі түсініп, пікірлесе алады. Оқушыларды белгілі бір дәрежеде ағылшын тілінде сөйлеуге, өз ойын басқаға жеткізе алатын, біреудің сөйлеген сөзін, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу үшін ағылшын тілі алғашқы сабақтан бастап сөйлем түрінде үйретілуі тиіс. Себебі жеке атау тұлғалы сөздер де, грамматикалық формалар да өзара бір-бірімен байланысып, сөйлем құрамына енгенде ғана тұтас аяқталған ойды білдіре алады [1, 77].

Бұл жұмыстың басты мақсаты – компьютер желісін және мультимедиялық-электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда, ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық-электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең қолдану.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарламада «E-learning» электронды оқыту жүйесі бойынша білім беру сапасын және басқару тиімділігін арттыру үшін оқу процесін автоматтандыру, педагогтар мен оқушыларды ең жақсы білім беру ресурстарына және технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсаты атап көрсетілді. [2]

Все рассмотренные среды, за исключением Extend, поддерживают импорт чертежей из систем автоматизированного проектирования (например, Autocad).

В заключении надо отметить, что независимо от выбранного подхода, важнейшими факторами разработки имитационных моделей являются правильно поставленная задача, корректность исходных данных и адекватность модели. Также в течение всего процесса разработки имитационной модели

особое внимание необходимо уделять документированию и визуализации полученных результатов, что облегчает повторное применение и улучшает достоверность модели.

В зависимости от необходимого уровня абстракции для имитации производственных систем можно применять различные парадигмы ИМ. Например, на уровне глобальных взаимосвязей применяется СД. Для моделирования процессов производства применим ДС-подход. Оценку влияния поведения элементов на функционирование системы можно реализовать с помощью агентного моделирования. Применение смешанного подхода позволяет изучать систему на нескольких уровнях абстракции.

Анализируя результаты сравнения сред ИМ, можно констатировать, что среда имитации производственных систем должна обладать развитыми стандартными библиотеками; возможностью создавать пользовательские библиотеки и шаблоны; связью с внешними приложениями; трехмерной анимацией для четкого представления процесса имитации; возможностью использования нескольких подходов или их комбинации для обеспечения максимальной гибкости моделирования; поддержкой иерархии для обеспечения имитации сложных систем; развитыми средствами документации, анализа и оптимизации. Необходимо также выделить две особенности: независимость от операционной системы (значительно расширяет возможности разработки и презентации моделей) и разработка интерфейса для пользователя модели (позволяет заказчику не покупать дорогостоящую среду ИМ и обеспечивает разработчикам модели сохранение коммерческой тайны).

Түйіндеме

Бұл мақала өндіріс жүйелеріндегі имитациялық модельдеудің әдістері мен құралдарына қысқаша шолу жасауға бағытталған. Имитациялық модельдеу туралы алғашқы түсініктер келтірілген. Автор, имитациялық модельдеудің әдістері мен құралдарының қалай тиімді қолданылу керек екендігін және қай жағдайларда қолдану тиімсіз екендігін түсіндірді. Имитациялық модельді құру әдістеріне қысқаша көрсетіп, қорытындылай келе процестің нақты қиындықтарын көрсетеді.

Summary

The article gives an overview of the methods and means of simulation of manufacturing systems. Shows the initial concept of the simulation modelirovaniy. The author shows how to use the methods and simulation tools effectively, and how not to waste a waste of time. Showing methods of simulation modeling, the author concludes talks about the difficulty of the field and notes necessary points

ӘОЖ 378 :378:124:37.01:004.9

КӘСІБИ ОҚЫТУ ПЕДАГОГТАРЫН ДАЙЫНДАУДА АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

С. БАХЫТҰЛЫ,

магистрант

Ш.З. ҚОШҚАРОВА,

педагогика ғылымдарының кандидаты,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Қазақстан Республикасы

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар – адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан-дүниесінің дамуына, көзқарастары мен шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі жоғары кәсіби мамандар даярлауда оқыту процесінің мазмұндық болмысын жаңа әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді талап етеді. Атап айтқанда, студенттерге білім беруде инновациялық технологиялардың маңызы зор. Мұндай жаңа әдіснамалық жүйе оқыту процесіне түбегейлі өзгерістер енгізудің қажеттігін көрсетіп, оқытудың шығармашылық қызметін дамытып, білім мазмұнының жаңа технологиялар негізінде берілуін және жаңа өркениеттік бағдар тұрғысынан жетілдіруді қарастырады.

Білім берудің жаңа бағыттарының басты ерекшелігі – оқытудың нәтижесін алдын-ала болжап, оқушылардың қызығушылықтары мен ізденімпаздығы негізінде білімі мен біліктерін жетілдіру негізінде, шығармашылық әлеуетін үнемі дамытуға және рухани толысуға ұмтылысын қалыптастыруды қажет етеді. Сондай қажеттіліктің бірі – студенттерге білім беру мазмұнын инновациялық технологиялар арқылы жетілдіру. Білім беру саласындағы инновациялық процестердің күрделілігі мен қайшылықтары жаңа құбылыстармен әрекеттесу және жалпы жоғары білімді ізгілендірудің сапалы кезеңінде инновациялық үрдіс мәселесін өзекті етуде.

Соңғы жылдары білім берудегі инновация туралы түсінік бірқатар өзгерістерге ұшырады. 1990 жылдары білім берудегі инновация деп оның тиімділігін арттыруға бағытталған мазмұнына немесе үрдісіне енгізген кез келген жаңалықты есептесек, ал қазіргі уақыт талабында тек бір бөлек енгізген жаңалық ретінде емес, қоғам мен білім берудің дамуындағы бүтіндей, біртұтас үрдіс ретінде қарастырып, бағалау қажет.

Инновациялық үрдіс қарапайым енгізілген жаңалықтардан айырмашылығы, оның әрдайым өзгеріп отыратын мүмкіндіктерін тікелей қамтамасыз ететін нақты көріністер негізінде мақсат қоюға бағытталғандығында. Педагогикалық инновацияның басты нысаны білім беру үрдісі болып табылады.

Педагогикалық инновацияның негізгі бағыттары:

- мақсаты, мазмұны, әдістері мен технологиясы, ұйымдастыру формасы және басқару жүйесі;
- білім беру деңгейінің бағасы мен бағалау жүйесі;
- педагогикалық іс-әрекет стилі, «оқытушы – студент» қарым-қатынасы;
- тәрбие жұмыстарының жүйесі.

Педагогикалық инновациялардың маңызын анықтайтын оның бағалау критерийлерінің сұрақтары болып табылады. Бұндай жағдайды әдебиетте жаңаша, жоғары нәтиже, тиімді және көпшілік тәжірибеде пайдалануға болады деп айтады. Педагогикалық инновацияларды білім берудегі өзекті мақсаттарды шешудегі құрал ретіндегі саналса, ал үрдіс ретінде жаңалықты құруға игеруге таратуға және пайдалануға арналған іс-әрекет.

Білім берудегі жаңалықтарды қабылдап жүзеге асыру тек педагогикалық үрдістің барлық қатысушылар: оқушылар мен педагогтардың дайындығының арқасында ғана іске асырылады. Осыған орай инновациялық үрдістің тиімділігінің шарттары басшылар мен педагогтардың инновациялық іс-әрекетке бағытталған технологиялық білімдері мен біліктері, жеке сапалары болып есептелінеді.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндет – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлтық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» деп атап көрсеткендей-ақ, қазіргі уақытта әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және инновациялық педагогикалық технологияны меңгеру [2].

Уақыт талабында кәсіби педагогикалық білім беру сапасын, оның құзыреттілігін, тартымдылығын, бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсаттары оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды жетілдіруде ақпараттық технологияларды, интерактивті оқыту әдістерін, электрондық оқыту құралдары мен компьютерлі оқыту бағдарламаларын қолдану қарастырылады.

Компьютерлік сызу құралдарының ары қарай даму эволюциясы 80 жылдардың соңы мен 90 жылдардың басында пайда болған жаңа технологиялық бағыт электронды баспамен байланысты. Ол кейіннен мультимедия атауын иеленді. Компьютер мониторы экранының түрлі салаларына басу арқылы пайдаланушы иллюстрациялар мен мәтіндерді, бейнеүзінділерді, дыбыс файлдарын көру үрдісін басқара алады. Бұл нысандарды жаңадан компьютер үйренуші, мұғалім мен кез келген пайдаланушы жасай алады. Бағдарламаның мұндай тәсілі нысандық – бағдарланған бағдарлама атауын иеленді.

Мультимедианың маңызы – адамның машина мен қарапайым әрі еркін қарым-қатынас жасау тәсілі. Негізінде, соңғысы мұнда енжар (пассив) бақылаушы ретінде емес, танымдық, оқу немесе басқа да ақпараттарды қалауы бойынша өзгерте отырып, компьютерлік бағдарламаның жұмыс істеу үрдісіне қатысушы ретінде көрінеді. Компьютердің ақпаратты – дыбысты, статистикалық бейнелеуі мен бейнесі, мәтінді, суретті схеманы шығарудың табиғи тәсілі мультимедиа технологиясының қажетті бөлімі болып табылады. Мультимедиа технологиясы көптеген жаңа жанрлар берді. Мысалы, электронды оқулықтар мен оқу құралдары, энциклопедиялар, виртуалды (компьютерде құрылған) әлем, оқыту бағдарламалары мен жаттықтырушылар [3].

Атап айтқанда, мультимедиа технологиясы дербес компьютерді білім беру саласында пайдалануға мүмкіндік берді. Мәселен, мультимедиа бағдарламасын құрайтын әрбір бөліміне талдау жасай отырып, стандартты оқыту технологиясының құралдарымен сәйкестікті табуға болады. Мысалы: дыбыс – магниттерден жазбасы; компьютерлік анимация – кино немесе бейнеүзінді; статистикалық компьютерлік бейнелеулер – иллюстрациялар, фотосуретке арналған репродукциялар, интерактивті өзара, әрекеттер; тестілер, міндеттер, оқытушының сұрақтары, т.б.

Мультимедиа технологиялары бойынша жасалған бағдарламалар жоғарыда аталғандардың барлығын біртұтас етіп біріктіреді.

Сонымен, компьютерлік сызу құралдары мен мультимедиа технологияларының дамуына орай, оқыту ісі білім алушылардың оқу және танымдық қызметін белсендіретін көрнекі материалмен байи түсті. Білім беру технологияларының кең түрде дамуына компакт дискілер CD-ROM-де жазылған ақпараттарды оқуға арналған қондырғыларды жасау мен таратуға ықпал етті.

Мультимедиа құралдарының пайда болуы, дербес компьютер мен компьютерлік сызу құралдарының ерекшеліктеріне орай, оқыту үрдісінде барынша жеке формасын иеленіп келеді. Бұл жағдайда білім алушы өзінің оқу қарқынын реттей алады. Қажет жағдайда өтілген материалға қайта оралуға, өтілген тақырып бойынша өз білімін тексеру мүмкіндігіне ие болады.

Жаңа ақпараттық технологиялар дәстүрлі емес ақпарат көздеріне жол ашып, студенттердің өзіндік жұмыстарын тиімді орындауға, шығармашылыққа, кәсіби икем-дағдыларын игеріп меңгеруге және оқытудың жаңа әдісі мен формасын ендіруге мүмкіндік береді.

Педагогикалық үрдіске компьютерлік оқыту технологиясын енгізу жаңа дидактикалық мақсаттарды шеше отырып, сапалы түрде бүтіндей білімді өзгеріске ұшыратады. Оқу пәндерін өткізуде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану білімді ақпараттандырудың бір бағыты болса, екінші жағынан педагогтың кәсіби мәдениетінің бір бөлігі болып саналатын ақпараттық мәдениетін, оның кәсіби біліктілік сапасын, кәсіби құзіреттілігін, өз бетінше жұмыс жасауға қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқу пәндерінде ақпараттық технологияларды шығармашылық мүмкіндікте қолдана білу педагогикалық және ақпараттық технологияларды интеграцияландыруға бағытталады. Кәсіби педагогикалық мамандықтарды дайындайтын барлық оқу орындарының алдында тұрған негізгі мақсат – болашақ педагог мамандардың тек білімдерін ғана емес, олардың шығармашылықтарын да қалыптастыру қажеттігі.

Дүниежүзілік жеке адамның бәсекеге қабілетті ресурсы – оның ақпаратты игеруі емес, оны шығармашылықта қолдана білу. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологиялар теориялық және практикалық материалдарды қолдана отырып, білім жүйесінің базасы болатын ақпарат ағымындағы әдістемелік қешендер құруға болады.

Дүниежүзілік «*Intel@ Обучение для будущего*» педагогтар қоғамының компьютерлік технологияларды пайдаланып, оқыту үрдісінде жасалған жобаларын қорғауларына талдау жасай отырып, болашақ кәсіби оқыту педагогтарының ақпараттық мәдениетін, дайындау сапасын көтеруде оқыту пәндерінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды шығармашылықта қолданудың маңызы зор болады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы баптары бойынша түсіндірмелері және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. – Астана, 2007. – 8 шілде.
2. Инновации в профессиональном и профессионально-педагогическом образовании // Тез. док. 14-й Всерос. науч-прак. конф. – Екатеринбург, 2007.
3. Новосельцев С. Мультимедиа. Мир Apple // Мультимедиа и цифровое видео. – 1997. – № 9. – С. 8-9.

Резюме

В статье рассматриваются инновационные технологии, основные направления педагогической инновации, которые могут быть использованы в учебном процессе студентами – будущими педагогами профессионального обучения, с целью не только повышения качества знаний, но и формирования творческих способностей (применение информационной компьютерной технологии в творческой деятельности будущего педагога профобучения) и профессиональных навыков.

Summary

In the article innovative technologies, the main directions of a pedagogical innovation which can be used in educational process by students – future teachers of vocational training, with the purpose not only improvement of quality of knowledge, but also formations of creative abilities (application of information computer technology in creative activity of future teacher of vocational training) and professional skills are considered.

УДК 378.146

РАЗРАБОТКА МОДУЛЬНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ И ЕЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ ВУЗА

**К.Ж. МАНСУРОВ,
О.Н. ШОРНИКОВА,**

*магистр прикладной математики и информатики,
Кокшетауский государственный университет имени Ш. Уалиханова,
Республика Казахстан*

В Республике Казахстан широкое применение в высшей школе получила классификация технологий обучения в соответствии с дидактическими теориями, на которых они базируются. Для решения проблемы систематизации знаний и наилучшего их усвоения служит модульная технология обучения, заключающаяся в дроблении информации на определенные дозы – модули, обуславливающие необходимую управляемость, гибкость и динамичность процесса обучения. Учебный модуль – не только раздел учебной программы, но и выбранная дидактическая система, основное место в которой занимает взаимодействие различных приемов и способов учебной деятельности, обеспечивающих вхождение этого модуля в целостную систему предметного и общего обучения.

Начиная работу над курсом, преподаватель имеет лишь примерную программу дисциплины, которая излагает основы содержания предмета и требования государственного образовательного стандарта. Задача педагога – смоделировать содержание учебной дисциплины на весь период обучения, наметить цели (образовательные, воспитательные, развивающие и обучающие), отобрать важнейшие теоретические сведения, научные факты, предусмотреть применение дидактических средств обучения, спрогнозировать результаты обучения, продумать способы их достижения.

К структурным составляющим модульной технологии как дидактической системы относят дидактические цели и задачи, содержание обучения, средства педагогического взаимодействия (методы обучения), организацию учебного процесса (формы обучения), средства обучения, обучающегося, преподавателя, а также результат их совместной деятельности [2].

В процессе проектирования модульной технологии обучения наиболее ответственным является этап целеполагания. Он заключается в определении педагогом диагностических целей обучения. Под диагностичностью целей понимают описание в реально измеримых параметрах ожидаемого дидактического результата.

Задание целей изучения модуля завершается определением требуемых уровней усвоения, т. е. умения выполнять сложное действие (деятельность) с определенной степенью самостоятельности [2]. Поскольку в дидактике до сего времени не выработаны общие подходы к количественному и качественному определению уровней усвоения содержания дисциплины, то приходится придерживаться наиболее

распространенной системы по В.П. Беспалько [1], полагая, что первый уровень – узнавание – не оценивается, а последующие – репродуктивная деятельность, репродуктивно-преобразовательная деятельность и продуктивная деятельность – будут соответствовать существующей системе оценок «удовлетворительно», «хорошо», «отлично», которые в рабочей программе представлены в виде категорий «знать», «уметь», «владеть». Таким образом, определение требуемых уровней усвоения учебного материала позволяет осуществить дифференцированный подход к оценке качества знаний.

Следующим важным этапом конструирования модульной технологии обучения является этап структурирования содержания учебного материала и определение его информационной емкости. Сущность процесса структурирования состоит в том, чтобы выявить систему логических связей между элементами содержания крупной дидактической единицы (учебной дисциплины, блока, модуля, темы) и расположить учебный материал в той последовательности, которая вытекает из этой системы связей.

На данном этапе производится построение графо-семантических моделей учебной дисциплины, матриц внутрипредметных и междисциплинарных связей, структурно-логических схем с целью определить необходимую и достаточную информационную составляющую дисциплины. В зависимости от целей обучения, объема материала, профессиональной подготовленности педагога может быть использована любая из предложенных в литературе [1; 2; 4] форм структурирования содержания учебного материала, а также их сочетание.

Например, в таблице 1 приведена структурно-логическая схема, дающая представление о блочно-модульном построении изложения содержания дисциплины «Физика».

Дальнейшее построение модульного обучения ведется в направлении разработки процессуальной стороны обучения: представление профессионального опыта, подлежащего усвоению обучающимися в виде системы познавательных и практических задач. При этом выделяют теоретический и практический этапы обучения. На каждом из этих этапов производится поиск дидактических процедур усвоения этого опыта, выбор форм, методов и средств индивидуальной и коллективной учебной деятельности.

Таблица 1. Блочно-модульная структура дисциплины «Физика»

Блок	Модуль
1. Механика	1.1 Механика материальной точки 1.2 Законы сохранения 1.3 Релятивистская механика 1.4 Механика твердого тела 1.5 Механика сплошной среды
2. Статистическая физика и термодинамика	2.1 Статистическая физика 2.2 Термодинамика
3. Электричество	3.1 Электростатическое поле в вакууме 3.2 Электростатическое поле в веществе 3.3 Постоянный электрический ток
4. Магнетизм	4.1 Магнитное поле в вакууме 4.2 Магнитное поле в веществе 4.3 Электромагнетизм 4.4 Переменный электрический ток
5. Физика колебаний и волн	5.1 Колебательные и волновые процессы 5.2 Интерференция и дифракция 5.3 Взаимодействие электромагнитных волн с веществом
6. Квантовая физика	6.1 Квантовая природа излучения 6.2 Физика атомов и молекул 6.3 Зонная теория твердого тела 6.4 Физика атомного ядра

При проектировании любой технологии обучения, в том числе и модульной, важным этапом является выявление и обоснование преподавателем логики организации педагогического взаимодействия со студентами на уровне «субъектно-субъектных» отношений – коммуникативный уровень. По мнению

В.А. Слостенина и Н.Г. Руденко [3], активизации учебного процесса в рамках технологии обучения способствуют фронтальные, коллективные, групповые и диадические коммуникативные ситуации и их разнообразное применение в ходе процесса обучения.

Важным и ответственным при проектировании и конструировании модульной технологии обучения является этап оценки и контроля результатов обучения, его коррекции. Даже при наличии в составе технологии оптимальных с точки зрения педагогики методов и организационных форм обучения, самых современных средств предъявления информации, невозможно сделать учебный процесс управляемым и целенаправленным, если не налажена система контроля за его ходом, своевременная проверка и оценка знаний, умений и навыков студентов и отсутствует обратная связь [2].

Таблица 2. Пример используемых автором технологических карт

Технологическая карта модуля 1.2 Законы сохранения		
Лекционный этап обучения	Практический этап обучения	
	Практические занятия	Лабораторные работы
№4 Законы сохранения в механике. Симметрия пространства и времени.	№3 Законы сохранения в механике	№4 Проверка законов сохранения при помощи баллистического пистолета.
№5 Тяготение. Элементы теории поля.	№4 Работа и энергия	
<i>Целеполагание</i>	<i>Форма диагностики</i>	<i>Коррекция</i>
<i>Знать:</i>		
определение замкнутой системы;	устный опрос	обратить внимание на современные
формулировки законов сохранения энергии и импульса;	п/з № 3; л/р № 4	формулировки законов сохранения
определения консервативных и диссипативных сил;	п/з № 3	
определение работы силы на участке пути	п/з № 4	не могут связать силу и энергию
<i>Уметь:</i>		
применять на практике законы сохранения;	п/з № 3, с/р № 3, Д.к/р №1	дать задачу на закон движения центра
применять теорему о кинетической энергии;	п/з № 4, с/р № 4	масс
находить работу силы	п/з № 4, с/р № 4, Д.к/р №1	
<i>Владеть:</i>		
формулой Циолковского для тела переменной массы;	с/р № 3	обратить внимание на уравнение
понятием упругого и неупругого соударения	с/р № 4	Мещерского

Основным показателем является объективность оценки, поэтому в самом начале изучения модуля студенты должны четко знать систему контроля и критерии оценки знаний. Наилучшие результаты дает система разноуровневых заданий, выполняемых в ходе практического или лабораторного занятия, особенно если студенту предложено самому выбрать соответствующее его уровню задание. Дифференцированный подход позволяет преподавателю проследить уровни обученности студента на начальном и конечном этапе изучения модуля, выявить существующие затруднения и выбрать способы их коррекции.

Завершающим этапом работы преподавателя при проектировании и конструировании модульной технологии обучения является разработка соответствующей технологической карты. В качестве

примера в таблице 2 приведен образец применяемых автором технологических карт, включающих в себя теоретический и практический этапы изучения модуля, разноуровневое целеполагание, форму диагностики и коррекционное воздействие.

В начале работы над модулем перед студентами ставится цель, какие формулы, методы и физические теории они должны знать. Им сообщается источник получения знаний, указываются учебники и методические пособия. По мере раскрытия содержания модуля в ходе чтения лекций знания студентов систематизируются, вопросы, возникающие по ходу изучения модуля, приобретают все более осмысленный характер. Изучение модуля завершается зачетом. Формой зачетного урока может быть защита лабораторной работы, выполнение дифференцированной самостоятельной работы, работа с программированными картами или тестовыми заданиями.

Таким образом, модульная система обучения дает преподавателю свободу и гибкость в выборе форм и методов обучения, позволяет снизить затраты времени на практическую подготовку, дает возможность выявить творческие способности студентов, служит систематизации полученных студентами знаний и повышению их качества.

Литература:

1. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 192 с.
2. Образцов П.И. Информационно-технологическое обеспечение учебного процесса в вузе // Высшее образование в России. – 2001. – № 6. – С. 46–50.
3. Сластенин, В.А. О современных подходах к подготовке педагога / В.А. Сластенин, Н.Г. Руденко // Педагогика. – 1999. – № 6. – С. 55–62.
4. Талызина Н.Ф. Технология обучения и ее место в педагогическом процессе / Н.Ф. Талызина // Современная высшая школа. – 1977. – № 1. – С. 21–35.

Түйіндеме

Мақалада оқу үдерісінде модульдік технологияны енгізу мен жобалау сұрақтары қарастырылған. «Физика» пәні мысал ретінде алынған.

Summary

In the present article deals with the design and implementation of modular technology education in the learning process. As an example, the discipline of «Physics».

ӘОЖ 37.026:374.3:371.62

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Г.А. МҰРАТБАЕВА,

*педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ мемлекеттік қыздар университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы*

Жоғары оқу орындарында даярланатын педагог мамандары бүгінгі заман талаптарына сай түрлі әлеуметтік, өндірістік қарым-қатынасқа түсіп, білім берудің мазмұнын менгеруде ізденімпаздық, іскерлік, шығармашылық, ұйымдастырушылық іс-әрекеттерді жинақтаған жағдайда, өзін жасампаз тұлға, кәсіби іскер, білікті маман ретінде білім беру саласында көрсете алады. Осыған орай болашақ педагог мамандарының жоғары оқу орнында алатын білім деңгейінің тереңдей түсуі, кәсіби және

әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді тыңғылықты игерумен қатар, оқыту үдерісінде заманауи білім беру технологияларын тиімді пайдалануға қатысты іс-әрекеттер жүйелі болуы тиіс. Бұл жағдай білім берудің ғылымилығы, жүйелілігі, саналылығы және беріктігі сияқты дидактикалық ұстанымдарға сүйенеді.

Сондықтан да болашақ педагог мамандарына білім беру үдерісінде заманауи білім беру технологиялары арқылы білім берудің дидактикалық негіздерінің жаңаша формалары мен әдістер жүйесін жан-жақты қарастыру қажеттігі туындайды. Себебі дидактиканың басты міндеттерінің бірі – білім беру үдерісін ұйымдастыру іс-әрекеттерін жүйелеп, оқыту үдерісінде заманауи білім беру технологиялары арқылы білім берудің дидактикалық негіздерін жан-жақты қарастыру.

Заманауи білім беру технологияларын пайдалану негізінде болашақ педагог мамандарын кәсіби даярлауда жеке тұлғалық, психологиялық, физиологиялық, дүниетанымдық және т.б. тұлғалық құндылықтар жүйесін ескеру қажет.

Болашақ педагог мамандарын кәсіби даярлаудың қазіргі жағдайына талдау жасай отырып, негізгі мәселелерді атап көрсетуге болады. Олар:

- студенттердің кәсіби іс-әрекеттерінің негізін толыққанды меңгеру үшін қажетті және жеткілікті білімдерінің жүйесін құру, негізгі іс-әрекетті меңгеруден құрылған теориялық және тәжірибелік білімдердің өзара байланысын жетілдіру, кәсіби іс-әрекеттер мақсатын, тәсілдерін, заманауи білім беру технологиясы туралы білімдерін толықтыру, іс-әрекет қалыптасатын білімдерді жалпылау деңгейін көтеру мүмкіндіктерін іздестіру.

- студенттердің қалыптасқан теориялық білімдерін олардың практикалық қажеттілігімен, олардың құндылық бағдарымен біріктіру мүмкіндіктерін іздеу, теориялық білімдерді студенттердің іс-әрекеттерінде, тікелей білім беру үдерісінде қолдану мүмкіндіктерін кеңейту жолдарын іздеу. Ол бірінші кезекте студенттердің кәсіби іскерлігіне қажетті теориялық білімдермен қаруландырып, тәжірибелік мәселелерді шешу үшін белсенді түрде заманауи білім беру технологияларын тиімді пайдалануға бағыт беруде оқу-практикалық іс-әрекеттерінің жағдайын құрумен қорытындыланады.

Кәсіби білім берудің дидактикалық ұстанымдарын қарастыратын болсақ, оның өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл орайда болашақ маманның кәсіби іскерлігін қалыптастыруда өзін-өзі дамыту ұстанымы басты назарға алынады. Сондықтан да білім беру үдерісінде жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту ұстанымы ерекше орынға ие. Өйткені, бұл ұстаным арқылы студенттің оқыту барысында алған білімін толықтыруда шығармашыл мінезі қалыптасып, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыланады. Білім алушының оқу еңбегіне қарай жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту ұстанымын алғашында К.Д. Ушинский белгілеген. Оның пікірінше, оқытушының негізгі міндеті – білім алушының өз бетінше жұмыс атқару қызметін дамыту. Олай болса, өзін-өзі дамыту ұстанымы арқылы болашақ маман кәсіби іс-әрекетінде өз бетінше шешім қабылдап, шығармашылық ой-пікірін, шеберлігін дамытуға бет алады. Кәсіби білім берудің тиімділігін арттыруда болашақ маманның білім алуға тұрақты қызығушылығы мен шығармашылығы арқылы кәсіби іс-әрекетке даярлығының ғылыми негіздерін қалыптастыру басты міндет. Бұл орайда оқу-тәрбие жұмысы болашақ маманның жеке тұлғалық адамгершілік құндылықтарын дамытуға бағытталуы тиіс.

Кәсіби бағыттылық ұстанымын кәсіби және жалпы білім берудің барлық ғылыми негіздері, кәсіби пәндер циклдарын меңгерудегі сабақтастық, болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінде теория мен практиканың байланысының сақталуы, жеке тұлғаның кәсіби бағыттылығын қалыптастырудың негізгі құралы деп тануға болады.

Болашақ мамандарды даярлауда білім беру үдерісі бірізділік, тұтастық, ғылымилық ұстанымы негізінде құрылуы қажет. Демек, оқытушы кәсіби білім беруді ұйымдастыруда болашақ маманның бойында рухани, әлеуметтік, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды мұрат тұтады. Мұнда болашақ педагог мамандарын кәсіби даярлау жүйесінің біз ұсынған теориялық моделіндегі барлық компоненттер (мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексік) мен факторлардың бірізділігі сақталуы тиіс. Яғни, кәсіби даярлау жүйесінде негізге алынған барлық компоненттер ғылымилығы мен нақтылығына көңіл боліп, оқыту мен тәрбиелеу бірлігіне жүгініп, болашақ маманның кәсіби біліктілігі мен дағдысын, кәсіби іскерлігін қалыптастырудың жүйелілігі мен сабақтастығының тиімді жолдары жүзеге асырылуы тиіс.

Төртінші топтар ұстанымдарының талаптары болашақ маманның қоршаған ортамен қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталады. Мұнда дәстүрлі ұстанымдар: мәдениеттілік, жеке тұлға мен ұжымның бірлігі, кәсіби білім беруде технологиялық ортаны ұйымдастыру, әлеуметтік қарым-қатынас, экономикалық мақсатты көздеу негізге алынады.

Жекелеп тоқталатын болсақ, болашақ маманның кәсіби білім беру ортасын ұйымдастыру қажеттігі жоғары оқу орнында оқу-материалдық базасын нығайтуға және дидактикалық оқыту құралдарын қамтамасыз етуге бағытталады. Бұл ұстаным болашақ маман иесін әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық және т.б. кәсіби іс-әрекетіне қажетті қарым-қатынасқа түсуге бағыттайды. Мұндай қарым-қатынас арқылы болашақ маманның жеке тұлғалық қасиеттері қалыптасып, кәсіби ортадағы мінез-құлқы анықталады.

Әлеуметтік қарым-қатынас ұстанымы білім беру үдерісін белсендіру мақсатында республикалық және халықаралық білім беру, мәдени мекемелерімен, орталықтарымен шығармашылық қарым-қатынас жасауға дағдыландыруды көздейді.

Болашақ педагог мамандарын кәсіби даярлауда шығармашылық мәдениетін қалыптастыруға ойлауды дамыту немесе оқытудың нәтижелілігімен жетуге болады. Айталық, ойлаудың негізгі көрсеткіштерін З.И. Калмыкова өз еңбегінде былайша талдап көрсеткен: ойдың жарқындығы, саналығы, үйреншікті емес, ерекше сипаттағы жаңа жауаптардың алыну мүмкіндігі; әдеттегіден өзгеше ассоциативтік байланыстардың пайда болуы; қарастырып отырған проблемаға «алғырлық» танытып, бұл орайда тез арада шешім қабылдап; қоғам талаптарына сай пайда кездесетін ассоциациялардың, идеялардың саны ретіндегі ойлау сезімінің шапшаңдығы; объектінің немесе оның бөліктерінің жаңа дағдыдан тыс қызметтерін табу қабілеттілігі. Бұл орайда өнертану мамандарының өз кәсіби шеберлігіне аса қажетті талаптардың бірі – шығармашылықпен ойлау қабілетін дамытуға айрықша көңіл бөлінеді. Мәселен, өнертану мамандары өз кәсіби қызметінде көптеген мамандық иелерімен үйлесімділікпен түрлі кәсіби іс-әрекеттер атқаруға мүмкіндігі бар. Олай болса, ғалым З.И. Калмыкова атап көрсеткендей, өнертану мамандары өзінің жоғары дәрежеде ойлау қабілетін дамытып, түрлі байланыстар мен жаңа идеялардың шешімін табуда шығармашылық таныта білуін бірінші орынға қояды.

Жалпы білім беру үдерісінде алдын-ала жоспарланған мақсаттар мен міндеттерді іске асыруда студенттердің шығармашылық мәдениетін жетілдіруде дамыта оқытудың дидактикалық ұстанымдары арқылы нәтижеге қол жеткізудің ықтималдығы мол. Болашақ өнертану мамандарын кәсіби даярлауда дамыта оқыту ұстанымдарының тиімділігін атап өтуге болады:

- оқытудың проблемалылығын айқындау;
- оқытудың даралығы мен саналығын көрсету;
- ойлаудың түрлі компоненттерінің үйлесімді дамуын белгілеу;
- ақыл-ой іс-әрекетінің алгоритмдік және эвристикалық амалдарын қалыптастыру;
- мнемикалық іс-әрекетті арнайы ұйымдастыру [1].

Студенттердің шығармашылық мәдениетін дамытудың ерекшеліктерінің бірі – эвристикалық әңгіме жүргізуді ұйымдастыру. Мұндай әңгімелер қатарына нақтылау, абстракциялау, түрлендіру түсініктемелері жатады. Жаңа проблемаларды іздеуге, жаңа білімдерді игеруге тікелей студенттердің өзін ынталандыру, шығармашылық ойлаудың табиғатына сәйкес келетіндіктен мұны эвристикалық әңгіме деп атайды. Жалпы эвристикалық әңгімелер жүргізуде проблеманың мазмұндық сипатына бағдар жасайды.

З.И. Калмыкова дамыта оқытудың тағы да бір өзгеше принципі деп білімнің беріктігін, алға қойған міндеттерді орындауда қоғам талабына сәйкес оларды өзектендіруге студенттердің даярлығын қамтамасыз ететін мнемикалық іс-әрекетті арнайы ұйымдастыруды ұсынады. Шығармашылық ойлауға баса назар аудару, ойлау іс-әрекетінің енді екінші жағы репродуктивті ойлауға және онымен байланыста қарастырылатын мнемикалық іс-әрекетті бағаламаушылыққа алып келеді.

Болашақ маманның кәсіби қалыптасуын қамтамасыз ететін – оның тұлғалық қасиеттері. Жеке тұлғаны дамыту мәселелерін А.Г. Асмолов, Л.И. Божович, В.П. Зинченко, В.С. Мухина, А.В. Петровский, Д.И. Фельдштейн сынды педагогтар зерттеген. Бұл еңбектерде қарастырылған жеке тұлғаның түрлі кезеңдеріндегі даму жолдары білім беру үдерісінде жаңа жасалымға айналу тетіктері мен факторларын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді. Аталған зерттеу еңбектеріндегі басты мәселелер тәжірибеден өтіп, жеке тұлғаны дамытуда өз үлестерін қосты.

Тұлғалық-дамытушы оқытуды енгізуден басқа білім беру үдерісінде бірқатар инновациялық өзгерістерді жүзеге асыру идеясы ұсынылды. Солардың бірі – дамытушы тапсырмалар. Осындай тапсырмалар жүйесі студенттер белсенділігінің өзіндік құнды формаларын дамыту үшін пәндік жағдайларды жасауға, яғни, дербес жаңалық ашуға, жаңа тәжірибеге ие болуға және студенттің өзіндік

құнды белсенділігінің коммуникативті шарттарды жасауға құруға қатысы бар. В.А. Петровский мұны оқытушылар, білім алушылар қарым-қатынасы мен білім мазмұнының ара қатынасын түсінуге мәнді өзгеріс енгізетін жеке тұлғаға бағдарланған тапсырмалар деп атайды. Ол бұл тәсіл бірқатар ұстанымдарға: вариативтілік, интеллекттілік, аффектілік және әрекеттің синтезі; басымдылық бағдарға ие деп есептейді.

Вариативтілік ұстанымы білім беру үдерісі, білім алушылардың ерекшеліктеріне, олардың тәжірибесіне тәуелді деп біледі және тәжірибені игеру барысында қалыптасқан түрлі оқыту моделін қолданумен сипатталады.

В.А. Петровский оқыту моделін таңдауда жауапкершілікті ересектерге жүктейді. Білім алушыларға оқудың жеке моделін таңдау мүмкіндігін ересек адам ұсынуы керектігін айтады [2].

Тұлғалық-бағдарлы тәсіл адамның түйсік, қабылдау, ес, ойлау танымдық арнасын дамытуға кең өріс ашып, осы аталған арналардың маңызы мен қажеттілігін жоғарлатып, білім беру үдерісінде оның жетілдіру тәсілдерін айқындап береді. Объективті түрде қоғам өмірінің белгілі бір формасын игеру үдерісінің бағыт-бағдарымен, білім беру үдерісінде жиі қолданылатын арнайы әдіс-тәсілдерімен, сонымен бірге, студенттердің дүниетанымын қалыптастыратын психологиялық үдерістер қалай жүріп жатқандығы туралы, олардың қандай заңдылықтарға бағынатындығы туралы түсініктердің кеңінен ашылып берілуімен сипатталады.

Болашақ маманды тұлғалық дамыту мәселесіне байланысты кейбір қолданылатын ұстанымдарды сұрыптап, тұжырым жасауда Ресей ғалымдары В.П. Зинченко мен Е.Б. Моргунов талпыныс жасады, психика мен сананы дамытудың мәдени-тарихи теориясында, іс-әрекеттің психологиялық теориясында және әрекет психологиясында жасалған ұстанымдарға тұлғалық ерекшеліктерді түсінуге мүмкіндік беретін нормалар мен заңдылықтарды қосты [3; 4].

Осы ұстанымдар ішінде авторлар дамудың шығармашылық сипатын маңызды деп есептейді.

Дамыту мен оқытудың шығармашылық сипатын Н.А. Бернштейн зерттеді: «Бала да, ересек те бірдей етіп бір қимылды (қозғалысты) екі рет жасай алмайды, бір сөзді дәл осындай етіп екінші қайтара білу қажеттігіне қарай мазмұндап бере алмайды. Әрбір істің өзіндік сипаты бар. Осы байланыста меңгеру үшін эталондар табиғаты, дамудың шығармашылық, динамикалық және консервативті күшінің арақатынасы проблемасын туады. Оқыту үдерісін жетілдіруде әр алуан жаттығуларды таңдау мен құрастыру оқытылатын курстың алға қойған міндеттерімен байланысты болуы керек» [5].

Сонымен, тұлғалық дамудың философиясы адамды қалыптастыру ғана емес, шығармашыл тұлғасын дамытуға көмектесуден тұратын тұлғалық-дамытушы оқыту теориясын құру үшін теориялық алғышарт болады. Мұндағы дидактикалық мақсат жаңа әлемдік сана мен өзіндік сананы қалыптастыруға мүмкіндігі мол мәдени-тарихи (немесе социомәдени) педагогиканың құрамды бөлігі болып табылады, ал мәні – оқытудың дәстүрлі ұстанымдарынан, шығармашылық ойдан тұрады. Мұны жүзеге асырудың шарты мәдениет саласы бойынша тереңірек білім беруге көңіл бөлу болмақ. Сондықтан оқытудың жаңа бағдарламасын құруда таза әдістемелік міндеттерге ғана емес, мәдени, рухани бастауларға, адамдық болмыстың мәніне оралу қажеттігі туындайды.

Жалпы педагог мамандарының кәсіби біліктілігін жетілдіру ісінде аналитикалық, визуалдық, интуициялық, дискурсивтік, креативтік, шығармашылық ойлау қабілеттері бірдей дамыған жағдайда білім алушының белсенділігі, іскерлігі, шешімін таппай келе жатқан кәсіби міндеттерді өз бетінше ойластыруға мүмкіндік алады.

Аналитикалық ойлау негізінде студенттер педагогикалық әдебиеттерді оқып үйреніп, оған ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдау жасауға бейімделеді. Визуалдық ойлау қабілеті мол студент өз пікірін шығармашылық тұрғыдан әрі қарай өрбіте алады. Интуициялық ойлау қабілеті мол өз логикалық және аналитикалық қорытындыларын тұжырымдайды. Дискурсивтік ойлау – өз пікірін сөз ұстарту арқылы пайымдау, сыни көзқарасын білдіруге қабілеті жеткілікті. Шығармашылық ойлау ауқымы кең, студенттер күрделі ғылыми ізденістер жүргізуге, ғылыми мақалалар жазуға, оның өзектілігін айқындауға дағдылануында. Ал, проблемалық оқытудың дидактикалық бағытын оқытушы негізінен кәсіби білім беру үдерісінде заманауи білім беру технологияларын тиімді пайдалана отырып, студенттердің өз кәсіби мамандығына қызығушылық танытуға бейімдеу [6].

Болашақ педагог мамандарын кәсіби шығармашылық біліктілігін даярлауда заманауи білім беру технологияларын пайдалану арқылы қазіргі білім беру парадигмаларына негізделген үздіксіз білім

берудегі әдіснамалық, әдістемелік және дидактикалық мәселелердің жүйелі бағытын қарастыра отырып, заманауи білім беру технологиялары арқылы білім беру мазмұнын қалыптастыру ұстанымдарын сұрыптап аламыз. Олар төмендегідей:

Білім беру мазмұнының заманауи қоғамның даму сұраныстарына сәйкестігі ұстанымы. Бұл ұстанымды іске асыруда басты назар білім берудің ескі парадигмасына сүйенбей, заманауи қоғамдық сұраныстарға жауап беретін қазіргі кәсіби іскерлік қабілеттерін дамытуға бағыттау.

Оқытудың мазмұны мен үдерістік бірлігі ұстанымы. Білім берудің негізгі тәсілі ретінде лекция, практикалық, шеберханалық, аудиториялық сабақтар, шеберлік кластар сынды дәстүрлі формаларымен қатар мультимедиялық лекциялық демонстрациялар, виртуальды лабораториялар және т.б. интеграциялық сабақтар кешендерін тиімді қолдану қажет. Өйткені, мұндай сабақтарда әрбір нақты жағдайда пән мазмұны мен оқыту тәсілдерінің бірлігі орнатылады.

Әр түрлі деңгейде білім берудің құрылымдық бірлігі ұстанымы. Бұл ұстаным заманауи білім беру технологиялар құрылымында студенттермен бірігіп жұмыс істеуге бағытталған.

Білім берудің ғылымилық ұстанымы. Аталған ұстаным, біріншіден, білім беру үдерісі жетістіктерінің заманауи ғылыми білімдерге сәйкестігімен, оқу материалдарының технология, техника, информатика және т.б. саласындағы жетістіктермен тұрақты және оперативті түрде толықтырып отырылуымен ерекшеленеді. Екіншіден, білім беру парадигмасына сәйкестігімен және кәсіби білім беру ерекшелігінің ескерілуімен, яғни мұнда басты назар студенттердің дүниетаным түсінігінен жалпы ғылыми дағдылармен ұштастыруға, ғылым мен өнердің байланысын көрсете білуге және бұл дағдыларды жалпы шығармашылық, технологиялық, және кәсіби проблемаларды шешуде қолдануға аударылады.

Демек, болашақ педагог мамандарына инновациялық білім беруде заманауи білім беру технологияларын терең меңгеру арқылы заманауи қоғамдық сұраныстарға жауап беретін мынадай кәсіби іскерлік қабілеттері қалыптасады:

- виртуальды шындық және мультимедия технологиялары арқылы оқу-ақпараттық материалдарын жинақтап, ең қажеттісін сұрыптап алуға бейімделеді;

- білім берудің дидактикалық негіздерін сұрыптауда тізбектілік, жүйелілік, пәнаралық байланыс, өмір мен практиканың байланысы, көрнекілік, қол жетерлік ұстанымдар жүйесін орынды пайдалану арқылы белгілі нәтижелерге қол жеткізеді;

- өмір мен тәжірибенің байланысы негізінде маманның аналитикалық, визуалдық, интуициялық, дискурсивтік, креативтік, шығармашылық ойлау қабілеттері дамиды;

- жүйелілік ұстанымдарды тиімді пайдалану нәтижесінде білім беру үдерісінде студенттердің әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық және т.б. кәсіби іс-әрекетіне қажетті қарым-қатынасқа түсу арқылы оның жеке тұлғалық қасиеттері мен кәсіби ортадағы мінез-құлқы қалыптасады.

Әдебиеттер:

1. Калмыкова З.И. Педагогика гуманизма. – М., 1990. – 174 с.
2. Петровский А.В. Личность, деятельность, коллектив. – М., 1981.
3. Зинченко В.П. Принципы психологической педагогики // Педагогика. – М., 2001. – №6. – С. 99-105.
4. Моргунов Е.Б. Познавательные процессы и способности в обучении. – М., 1990. – 321 с.
5. Бернштейн А. Оставайтесь после уроков. – М., 1997.
6. Оконь В. Введение в общую дидактику. – М.: Высшая школа, 1990. – 382 с.

Резюме

В статье рассмотрены проблемы отбора дидактических принципов учебного процесса на основе эффективного использования современных образовательных технологий в целях совершенствования социальных, нравственных, эстетических и личностных качеств будущих педагогов, способствующих развитию творческой деятельности в его профессиональной среде.

Summary

The problems of the selection of the didactic principles of the learning process through the effective use of modern educational technology in order to improve the social, moral, aesthetic and personality traits of the future teachers to promote the development of creative activity in their professional environment

BLUETOOTH-ҒА ҚАТЫСТЫ ҚОРҒАЛҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰРУ

С.Ш. ТІЛЕУБАЙ,

педагогика ғылымдарының кандидаты

Х.Қ. БЕКМҰРАТОВА, С.К. ТОҚСАНОВА, А.Н. ЖАЛМҰРЗАЕВА,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Қазақстан Республикасы

Бүкіл елге танымал және әйгілі саналатын сымсыз байланыс технологиялары бүгінгі күні жергілікті желілер мен Интернетке ұялы кіруді жедел түрде орнатуға мүмкіндік береді. Мұндай жолмен кіру деректердің еркін орын ауыстыруын ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі байланыс – сымдарды тарту мақсатындағы келеңсіздіктерді азайтады.

Сымсыз желі радио канал немесе инфрақызыл (лазерлі) байланыста жұмыс істейді. Сымсыз желінің 3 түрі белгілі: ашық желі; жабық желі (парольді/ қорғалған); осал қорғалған желі.

Сымсыз желінің клиенті ретінде радиожилікті қабылдағыш-таратқышты және PCI – плата (не USB-құрылғы), түрінде жасалған интерфейстік торапты ноутбуктер үшін – PC Card не ішіне орнатылған құрылғы, ал ҚДК және смартфондар үшін – ішіне орнатылған құрылғы немесе SDIO-құрылғыларды атауға болады.

Қазіргі күні бірінші жоспарда Интернетке сымсыз кіру мүмкіндігі тұр.

Сымсыз желілерге арналған өнім шығарудың ұлғаюы туралы айтқанда үш негізгі мәселені қарастырған жөн.

Біріншіден, мәліметтерді таратудың физикалық жылдамдығын көбейту үшін радиобайланыс технологиясын жүзеге асыру қажет.

Екіншіден, физикалық деңгейде қалыптасудың жүзеге асырылған режимін әсерлі түрде басқаруды қамтамасыз ету үшін жаңа механизмдер жасау қажет.

Үшіншіден, мәліметтерді тарату әсерлілігін жоғарылату қажет. Бұл физикалық деңгейдегі пакеттер ағынының әсер етуін және радиоқабылдағыштардың таралу жылдамдығын арттыру салдарынан болатын бөгелісті төмендету үшін қажет. Бұл әдіс арқылы мәліметтерді таратудың физикалық жылдамдығының жоғарылағаны арқасында ақпараттың жоғалу не өзгеру қауіпі тууы мүмкін. Сондықтан сымсыз желідегі ақпаратты қорғау мәселесі, оның сақталуын және пайдаланудың белгіленген мәртебесін сенімді қамтамасыз ету қазіргі кездегі ең маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

100 метрге дейінгі қашықтықтағы құрылғылар арасындағы сымсыз байланысты ұйымдастыратын SIG компаниясы жасаған Bluetooth байланысы 1994 жылы құрылды. Bluetooth қолжетімді радио жиіліктегі дербес компьютерлер (үстелдегі, қалта, ноутбуктер), мобильды телефондар, принтерлер, цифрлы фотоаппараттар, мышкалар, клавиатуралар, джойстиктер, құлақ қаптарда ақпарат алмасуды ұйымдастырады.

Сымсыз (Wireless Networks) желідегі шабуылдардың түрлері:

- 1) Пассивті шабуыл (passive attacks).
- 2) Активті шабуыл (active attacks).
- 3) «Адам олардың ортасында» (man in the middle attacks).
- 4) «Секіретін» шабуыл. (қысатын) (jamming attacks).

2006 жылдың маусымында Авишай Вул және Янив Шакед bluetooth-құрылғыларға жасалған шабуылдар туралы баяндама жасады. Материалда PIN код алу шабуылының активті, сонымен қатар, пассивті түрлері де қарастырылды. Пассивті шабуыл жақын маңда орналасып «тыңшылылық» (sniffing) процесімен тыңдауды, сонан соң (spoofing) процесімен қосылуды ұйымдастырады. Активті шабуыл үшін құрылғыға ерекше оның қызығушылығын туғызатын хабарды жібереді де, сол арқылы байланысты ұйымдастырады керек мәліметін алуға тырысады. Екі процедура да күрделі, сондықтан

олар бірнеше этаптан тұрады. Оның бірі мәліметтер пакетін жинау және талдау, т.б. Бұл шабуыл аутентификацияның осал тұсын табуға және екі құрылғы арасына кілт-шифр құруға арналған.

Bluetooth-ға қатысты қорғалған байланысты құру процесін үш топқа бөлуге болады:

- Kinit кілтті генерациялау;
- Байланыс кілтін генерациялау (ол link key деп аталады және Kab сияқты белгіленеді);
- Аутентификация.

Алғашқы екі пункт паринг деп аталатын процедураға кіреді.

Паринг (PAIRING) – екі не онан көп құрылғылар байланысқанда қолдану мақсатында құрылған бірдей ұзындықты Kinit құпия кілті. Келешекте пайдалану үшін алынған.

Алдымен екі адам өз телефондарымен байланысқысы келсе, алдын ала екеуінің келісімімен PIN код енгізіледі. Олардың біреуі негізгі (Master), ал екіншісі бағыныңқы (Slave) құрылғылар болып келіседі. Біріншісін А, ал екіншісін В деп белгілейік. Kinit кілтті құру PIN код енгізілісімен бірден жүргізіледі.

Ол үшін мына өлшемдер керек болады:

- BD_ADDR;
- 128 битті LK RAND (әр құрылғы өзінің және басқа құрылғыдан алған мәндерін сақтайды).

Pairing бұл этапта bluetooth — Mutual authentication немесе өзара аутентификация инициализациясының соңғы этапымен аяқталады және басталады. Мұндағы негізгі схема – «сұрақ-жауап». Құрылғылардың біреуі верификатор болады да, кездейсоқ AU RAND(A) өлшемді генерациялайды және көрші құрылғыға (plain text-ке) жібереді, жіберуші құрылғыны алушы (claimant – құжаттың түпнұсқасын) көрсетуші деп атайды. Бұл «сөзді» алысымен ол E1 алгоритмімен SRES өлшемді есептей бастайды, болған соң верификаторға жібереді. Ал ол болса келген хабарды кері қарай есептеу жүргізіп, түпнұсқамен сәйкестігін не сәйкес еместігін анықтайды да, жауабын жібереді. Енді құрылғылар рольдерін ауыстырады, осылай процесс қайталанып жүре береді.

E1 алгоритм, мынадай өлшемдерге сүйенеді:

- Кездейсоқ құрылған AU RAND;
- link key Kab;
- өзінің жеке BD_ADDR;

Базалық pairing шабуылы.

Хабар алмасу процесінде жүретін мәліметтерді талдайық:

№	Кімнен	Кімге	Дерек	Ұзындығы (бит)	Басқа ақпараттар
1	A	B	IN RAND	128	plaintext
2	A	B	LK RAND(A)	128	XORed with Kinit
3	B	A	LK RAND(B)	128	XORed with Kinit
4	A	B	AU RAND(A)	128	plaintext
5	B	A	SRES	32	plaintext
6	B	A	AU RAND(B)	128	plaintext
7	A	B	SRES	32	plaintext

Қаскүнем барлық ақпаратты ұстап алды дейік. Алдымен IN RAND-ты және BD_ADDR адресі, E22 алгоритмін. Енді PIN кодты іздеуге кіріседі. Бізге Kinit мәні бар хабар келеді. Ол шамамен мынадай болады:

$Kinit = E22 [IN_RAND, BD_ADDR(B), PIN']$, мұндағы PIN' – біздің PIN код.

Келесі қадамда 2 және 3-ге XOR арқылы тексерілген ақпаратты LK RAND(A) және LK RAND(B) аламыз. Kab мәнін іздейміз, ол үшін мына операциялар орындалады:

$LK_K(A) = E21 [BD_ADDR(A), LK_RAND(A)]$, мұндағы LK_K(A|B) – аралық шамалар.

$LK_K(B) = E21 [BD_ADDR(B), LK_RAND(B)]$.

$Kab = LK_K(A) \text{ XOR } LK_K(B)$

PIN-ді тексереміз. Kab және ұсталған AU RAND(A) арқылы SRES(A)-ны табамыз.

Сонан соң SRES(A)'-ны 5-ші қадамда сақталған хабармен салыстырамыз:

$SRES(A) = E1[AU_RAND(A), Kab, BD_ADDR(B)]$.

Егер $SRES(A) = SRES(A)'$ болса, PIN-нің дұрыс табылғаны.

Бұл алгоритмнің осал тұсын 2004жылдың сәуірінде ағылшын Олли Вайтхауз (Ollie Whitehouse) анықтады. Ол үшін хабарды толық есту керек, ал хабардың кемінде бір сөзі не бір символы дұрыс естілмесе, оны шешу қиынға түседі.

Rohos Logon Key программасы компьютерді қорғау үшін Bluetooth-бен жарақтанған құрылғыны қолдана алады. Сіздің ұялы телефоныңыз компьютердің сымсыз кілт ролін атқара алады:


- Сіз компьютерге телефонмен жақындасаңыз болды, Windows-ке қол жетімділік автоматты түрде орындалады.

- Компьютер парольмен қорғалған болады, оны қолмен енгізудің қажеті жоқ.
- Компьютерден қашықтасаңыз – Rohos Logon автоматты түрде экраннан кетеді.

Ол үшін компьютер Bluetooth адаптермен жабдықталған болуы керек. Rohos Logon программасы радиобайланыс арқылы сіздің телефоныңыздың ID еске сақтайды. Егер телефон компьютердің әсер ете алу радиусына енсе, оған қол жетімді болады да, автологин орындалады.

Жүйеге ену үшін телефонды баптау керек. Ол үшін:

- Rohos Logon Key программасын жүктеу.
- Программа терезесінде «Опции» бетін ашу.



- Бұл терезеде құрылғыны кілт ретінде пайдалану үшін Bluetooth Phone/Pocket PC таңдау керек. Сонан соң:
- Windows пен үйлесімді болуы үшін Bluetooth адаптерін жүктеу керек, оны <http://blogger.rohos.net/?p=88>) алуға болады.

- Программа терезесінен «Настроить USB ключ» сілтемесін шерту, бұл терезеде BlueTooth ату шығады. Ол басқа құрылғыдан көріну үшін керек.

- Осы терезеде Windows-тің есептік жазбасына пароліңізді қоясыз.
- Енді компьютерді қайта жүктеу қажет.

Ескеретін жағдай:

1. Rohos Logon программасы телефонда сақталмайды.
2. Пароль жөніндегі ақпарат компьютерде шифрланған түрде сақталады.
3. Программа телефонның өзгертілуі мүмкін емес жекешеленген идентификаторы (MAC адресс)-ті есте сақтайды. Программа басқа сымсыз құрылғыларды оқымайды.
4. Егер телефоныңызды үйде ұмыт қалдырсаңыз, онда пароль арқылы енуге болады.

BlueTooth байланысының әсер ету радиусы 150 метр болғандықтан, компьютердің автоблокировкасы біршама уақыт алады. Байланыстың әсер ету радиусын кішірейту үшін және компьютердің автоблокировкасын жылдамдату үшін BlueTooth адаптерді фольгамен орау керек.

Әдебиеттер:

1. Фред Халсалл. Передача данных, сети компьютеров и взаимосвязь открытых систем. – М.: Радио и связь, 2000.
2. Столлингс В. Современные компьютерные сети. 2-е изд. – СПб.: Питер, 2003.
3. Куроуз Дж., Росс К. Компьютерные сети. 4-е изд. – СПб.: Питер, 2004.
4. Куин Л., Рассел Р. Fast Ethernet. – BHV. – Киев, 1998.
5. «Компьютер пресс» журналы. – 2006. – №12-20. – 36-42 бб.
6. ru.wikipedia.org/wiki // Беспроводные технологии.
7. ru.wikipedia.org/wiki // Беспроводные компьютерные сети.
8. ru.wikipedia.org/wiki // Беспроводная точка доступа.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы защиты информации в Bluetooth связях. Защита информации является важным фактором любой технологии связи. Bluetooth способны удовлетворить любым запросам и требованиям по беспроводному управлению. Технические требования Bluetooth определяют также функции аутентификации и кодирования. Аутентификация предотвращает нежелательный доступ к важным данным и функциям, и исключает доступ хакерам, которые попытаются выдавать себя за зарегистрированных пользователей. Кодирование скремблирует данные в процессе передачи для предотвращения подслушивания и для поддержки конфиденциальности связи.

Summary

Bluetooth is able to satisfy to any queries and requirements on an off-wire management. Defence of information is the important factor of any technology of connection. The technical requirements of Bluetooth determine the functions of authentication and encryption also. Authentication prevents undesirable access to important data and functions, and eliminates access to the hackers that will make an effort set up for the authorized users. Encryption scrambles data in the process of transmission for prevention of eavesdropping and for support of confidentiality

ӘОЖ 372.881,1: 001,895

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Р.К. ДИУАНОВА,

*филология ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы*

Қазақстанның болашағы бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне, ғылым мен білімнің өркендеуіне, жас ұрпақты жан-жақты дамытуға тікелей байланысты. Жаңа ақпараттық технологиялардың қоғам өмірінде кеңінен пайдаланылуы оқу үдерісінде білім алушылардың оларды жіті меңгеруін талап етеді. Осыған орай Мемлекеттік бағдарламаларда, оқу үдерісінде педагогикалық және ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану білім беруді дамытудың басты бағыттардың бірі екендігі атап көрсетілген [1].

Осыған байланысты білімге деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағы технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының жаңаруына себепші болуда. Оқыту әдістемесіндегі заман талабына сай бағдар деп инновациялық білім беру жүйесін айтуымызға болады. Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, яғни инновациялық үдерістерді мазмұнды ұйымдастыруды анықтайды.

Инновация ұғымы алғаш рет XIX ғ. мәдениеттанушылар зерттеулерінде пайда болды, яғни белгілі бір мәдениеттің келесі бір мәдениетке енгізген жаңа элементі деген ұғымды білдіреді. Инновация білім беру мақсатында, оқыту технологиясында, білім беру жүйесінде түрліше қызмет атқарады.

Инновациялық технологиялар оқыту үдерісінде білім сапасын заман талабына сай етіп, білім алушыларды толық қамтамасыз етеді, жаңаша оқыту жүйесіне бейімдейді, осы орайда қашықтан оқытуда жаңа технологиялық білім беру қолайлы оқыту әдісі деп қарастыруға болады.

Қоғамды жаппай ақпараттандыру кезеңінде білім беру жүйесінде қашықтан оқытуды жандандыру міндеті тұрды. Бұл заман талаптары мен қажеттілігінен туындап отырған мәселе. 2007 жылы 24 желтоқсанда қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі қабылданған, яғни қашықтан білім берудің мазмұны айқындалған. Ережеде «Қашықтан білім беру технологиялары – білім алушының және педагог қызметкердің жанама немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдарды қолданумен жүзеге асырылатын оқыту» деп көрсетілген. Сонымен қатар Ережеде қашықтан білім берудің негізгі технологиялар бойынша жүзеге асатынын, олар желілік технология (автономды желілік курстар немесе виртуальды кафедралар, Интернетті пайдаланатын университеттер, мектептер) кейс-технологиялар негізінде қашықтан оқыту; ТВ-технологиялар негізінде қашықтықтан оқыту болып анықталған [2].

Қашықтан оқытудың негізгі ақпараттық-коммуникациялық технологиялары:

- оқу-әдістемелік материалдар жинақтарын құрастырып білім алушыларға өз бетінше оқып-үйрену үшін тартуға негізделген кейс-технологиялар;

- эфирлік, кабельді және ғарыштық телевизия жүйелерін пайдалануға негізделген ТВ-технологиялар;

- студенттерді оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету үшін де, оқытушы мен білім алушы арасындағы интерактивті қарым-қатынас орнату үшін де Интернет желісін пайдалануға негізделген желілік технологиялар. Интернет арқылы қашықтан оқыту жүйесін Интернет желісі орнатылған кез келген адам пайдалана алады.

Қазіргі таңда білім беруді ақпараттандырудың маңызды факторы Интернет желісін пайдалану болып табылады. Интернет жүйесі білім алушының өз бетінше жұмыс жасай алу қабілеті мен оқу-танымдық белсенділігін арттыруға, ғылыми курсты терең, сапалы меңгерту мақсатын көздейді. Интернет – кез-келген компьютермен бүкіл әлем бойынша ақпарат алмасу мүмкіндігіне ие желілер жүйесі. Интернет-миллиондаған компьютерлерді бір алып желіге біріктіретін, ақпаратқа шексіз қол жеткізу және түрлі амалдармен қатынас жасау мүмкіндігін ұсынатын дүние жүзіндегі ең үлкен және ең танымал желі. «Интернет» сөзі тура мағынасында «халықаралық желі» деген ұғымды білдіреді (INTER national NETwork). Интернет аз ғана уақыт аралығында электронды почта арқылы хабарлар алмасуға, бейнеконференциялар өткізуге және тағы басқа да мүмкіндіктер ұсынады [3].

Интернет арқылы ғаламдық желінің ақпараттық көздерді пайдалана отырып, оларды оқу үдерісіне енгізіп, дидактикалық түсініктеме беру арқылы мынадай дидактикалық мәселелерді тиімді шешуге болады:

- интернеттен алынған материалдарды арқылы ауызша сөйлеу әрекетін жетілдіру;

- электронды почта арқылы хат жазу, баяндама, реферат, т.б. жазба жұмыстарын дайындау арқылы жазылым әрекетін арттыру;

- өзі оқып отырған тіл елінің тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрлерін, экономикалық даму ерекшеліктерін қамтитын танымдық білімдерін кеңейту.

Оқу үдерісінде интернетті қолданудың әдістемелік көздеріне тоқталсақ, шетел тілі сабағында интернетті пайдалана отырып аудио мәтінді тыңдап, қарым-қатынас жасау арқылы тілдік ортаны қалыптастырады. Желідегі барлық ақпарат ағылшын тілінде. «Шет тілі» пәнін меңгеруде ең маңыздысы теориялық негіз емес, тәжірибелік, яғни тыңдап-түсіну, оқу, сөйлеу, жазу қабілеттері. Пәнді игеру, жүзеге асыру, қарым-қатынас, яғни коммуникация арқылы іске асады. Сондықтан сөз дағдыларын қалыптастыруда білім алушыларға өздері білетін үлгілер түрінде тапсырмалар беру керек. Шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда негізгі қызметті тыңдап-түсіну атқарады. Сөйлеу әрекетін қарым-қатынас жасау арқылы жетілдіруге болады. Ол үшін серіктес қажет. Компьютерлік бағдарламалар, CD-ROM дискі, интерактивті тақта болса да, олар тек техникамен қарым-қатынас жасайды. Бұл жерде тек

компьютерлік телекоммуникация ғана білім алушыға шетел азаматтарымен сөйлесуге диалог (ауызша, жазбаша) құруға мүмкіндік береді.

Шетел тілін оқыту барысында білім алушыларға өздері оқып жатқан ел мен жақынырақ танысуға яғни, география, тарих, елтану пәндері мен тығыз баланысты қажет етеді. Сондықтан оқытушы дидактикалық, әдістемелік тапсырмалардың ішінде қайсысы маңызды екенін сабаққа дайындық кезінде шешіп алуы керек. Интернетке келетін болсақ, оны қалай және қандай мақсатқа қолдану керек:

- желідегі материалдарды сабақ мазмұнына қосу;
- сабақ тақырыбына сай ақпараттарды іздестіруде білім алушылардың ізденіс жұмыстары;
- өзіндік оқу, шетел тілінің әр түрлі сатыларындағы іскерліктерді игерту, дамыту;
- оқытушының басқаруымен шетел тілінің белгілі бір тақырыбы бойынша білімдерін тексеру.

Интернет мүмкіндіктерін жоба жасауға қолданған да қызықты. Мысалы, оқытушы қазіргі кездегі өзекті мәселерді интернеттен тауып білім алушыға ұсынып, тапсырма береді. Берілген мәселе бойынша білім алушылар ақпарат жинап өз жобасын құрады, ол жобаға енгізілген материал бойынша өз ойын, ұсынысын беріп, ақпараттармен келісетінін немесе келіспейтінін талқылай алады. Интернеттегі аудио-видео бағдамаларды магнитофонға жазып алып, білім алушыларға тыңдауға, талқылауға болады. Шетел тілін оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құрылымын қалыптастыру әрбір оқытушының шеберлігі мен шығармашылығына байланысты. Шетел тілін оқытушылардың басты мақсаты білім алушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру, тілді меңгеруге, сөйлеуіне жағдай тудыру. Бұл орайда шетел тілін оқытудың озық технологиясын меңгеру – үлкен істің бастамасы. Соның бірі – ақпараттық технология. Ақпараттық технология – ақпараттарды жинақтау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық – технологиялық құралдардың жиынтығы. Оқыту үдерісіне ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге кейде қол жетімсіз көрнекіліктерді пайдалануға, білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың шетел тілі пәнінен білімін бағалау негізінен, екі түрлі шартқа байланысты. Оның бірі – түсінгенін дұрыс айта білу, яғни сөйлемді дұрыс құрастыра білу, жеке дыбыстарды, сөз тіркестерін дұрыс оқуы. Екіншіден, сөз тіркестерін ауызша, жазбаша дұрыс қолданып, ерекше дыбыстарды меңгермейінше, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу мүмкін емес. Тіл жүйесі өзара тығыз байланысты лексика мен грамматикадан тұрады.

Сөздер туралы семантикалық, грамматикалық және стилистикалық ақпараттық мәліметтер бар лексиканың негізгі құрамы сөздікте беріледі. Сөздік тілдің барлық аспектілерін қамтиды, сондықтан да ол компьютер арқылы оқытудың орталық өзегі бола алады. Оқу сөздігі керек сөздің мағынасын тауып алуға арналған анықтама ғана емес, сондай-ақ білім алушылардың шығармашылық қабілетін шыңдайтын және лексикалық материалдарды меңгеруін жеңілдететін құрал. Электрондық сөздік – ЭЕМ-ның есінде сақтаулы тұрған жүйелендірілген лексикалық ақпарат және ол ақпаратты өңдеуге, экранға шығаруға арналған бағдарламалар кешені. Электронды сөздікпен жұмыс білім алушы мен компьютер арасындағы диалог ретінде жүзеге асады. Сонымен электронды сөздік шетел үйренуді жеңілдетіп, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне жаңа мүмкіндіктер ашады.

Инновациялық технологиялардың көптігіне, олардың түрі мен әдістерінің сан-салалығына қарамастан, әр технологияның элементтері өзара бір-бірімен байланысып кірігеді.

Қорыта келгенде шетел тілін үйретуде оқытушының негізгі мақсаты инновациялық технологияларды ұтымды пайдалана отырып білім алушылардың тілін дамыту, сөйлеу, жазу іскерліктерін арттыру.

Әдебиеттер:

1. ҚР Жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Алматы, 2002.
2. ҚР Білім және ғылым министрінің 2007 ж. 24 желтоқсанда №590 бұйрығымен ҚР Әділет министрлігінен 2007 ж. 24 желтоқтоқсанда №5054 тіркеуден өткен Қашықтықтан Білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастырудың ережесі.
3. ҚР ақпараттық теңсіздікті төмендету бағдарламасы бойынша халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту жөніндегі оқу-әдістемелік құрал.

4. Рақымжанова С.Қ. Шетел тілін оқытуда интернет мүмкіндіктерін қолдану // Шетел тілін оқыту әдістемесі. – 2007. – № 5.

Резюме

В статье рассматриваются инновационные технологии обучения на занятиях практического английского языка. Наряду с этим освещены вопросы использования интернет-ресурсов, дистанционного обучения, описываются роли и методы взаимодействия групповой формы организации работы, деятельностного подхода и самоанализа в процессе обучения.

Summary

The article deals with role of innovative learning technologies at the practical English lessons: describes the use of Internet-resources; distance learning, the role and methods of interaction; group form of organization of work; activity approach and self-analysis in the education process.

ӘОЖ УДК 502/504

БОЛАШАҚ ХИМИЯ ОҚЫТУШЫЛАРЫН ДАЙЫНДАУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПӘНДЕРДІҢ СӨЖ ТАПСЫРМАЛАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚАРАСТЫРУ

О.Я. СУЛЕЙМЕНОВА,

химия ғылымдарының докторы, профессор

Г.В. АБРАМОВА,

химия ғылымдарының докторы, профессор,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Жоғары динамикалы, жаһандану дәуірінде өмір сүру үдерісін, ойлау мен қарым-қатынасты түбегейлі өзгертетін байланыс құралының қарқынды дамуы, сондай-ақ адамның ой-өрісіне, әл-ауқаттылығына, оның икемділігіне, жасампаздық іс-әрекетіне қол жеткізетін тәсілдер қоғамның негізгі капиталы бола бастады. Қазақстан қоғамындағы мұндай жағдайда өзекті мәселелердің бірі өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын ғана емес, айналасындағы шынайы өмірге белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты жеке тұлғаға қойылатын мынадай талаптар алдыңғы орынға шығады: креативтілік, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, ой-өрісінің кендігі, жоғары кәсіби деңгейлі сауаттылық, танымдық әрекетке қызығушылығының басымдығы.

Елбасының «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» делінген, осы Жолдаудың он сегізінші бағытының жетінші тармақшасында «Ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың жаңа нысандарына бағытталған мамандырылған білім беру бағыттырын құру міндеті де алдымызда тұр» делінген, сондай-ақ он жетінші бағыттың үшінші тармақшасында «онлайн тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет» деп атап көрсетілгендей, бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияға негізделуін және ақпараттық құралдардың кеңінен қолдануын қажет етеді. Осылайша оқу-тәрбие үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр. Бүгінгі таңда білім беруді жаңашаландырудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы көрініс табатын он алғышарттары қалыптасып келеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол [1-3].

Студенттерді оқыту дәріс, практикалық, зертханалық жұмыстар арқылы жүзеге асады. Дәріс ақыл-ой әрекетінің тек 1-деңгейін, (тану) және біліммен танысу деңгейін қамтамасыз ететіні белгілі. Ал СӨЖ ақыл-ой әрекетінің 2-деңгейін қабылдау мен қайта жаңғырту және білім көшірмесін игеруіне мүмкіндік туғызады. Сондықтан да СӨЖ тек білім беру үдерісінің маңызды бөлігі емес, оның негізін қалаушыға айналуы тиіс.

Студенттердің өзіндік жұмысы барлық оқу бағдарламасының басым бөлігін құрағандықтан, оның тиімді болуы маманның кәсіби бағыттылығының талаптарына сай жасалған өздік жұмысты ұйымдастыру үлгісінің дұрыс құрылуына байланысты болады. Осы орайда, болашақ химия оқытушыларын дайындау мақсатында типтік оқыту бағдарламасына сәйкес арнайы «Химия оқытушысын кәсіби дайындауды жобалау» пәні бойынша құрастырылған «Оқытудың ақпараттық технологиясы» тақырыбы берілді.

СӨЖ орындауда студентке келесідей негізгі талаптар қойылуы тиіс [4]:

Студенттің шығармашылық потенциалын белсендіру – студент оқу тапсырмасын өз бетінше орындау барысында ғылыми әдебиеттермен, әдістемелерді талдаумен танысу және шығармашылық технологиясын меңгеруді жүзеге асырады.

Өз бетінше білім алу және өзіндік дамуға ынтыласын тәрбиелеу – шығармашылық белсенділігін қабілетін белсендіру, кәсіби даярлық қасиетін жоғарылату, кәсіби тапсырмаларды шешу барысында шығармашылық бағытын дамыту, жалпы және жеке дара зерттеу әдіс-тәсілдерін меңгеру, т.б.

Оқу іс-әрекетке деген мотивациясын жоғарылату – білім беру процесінде тұлғаның позициясын белсендіру, субъективті жаңа білімдердің негізгі қатынасы, яғни білімді өз бетінше алу функциясы, нақты студент үшін жаңа және тұлғалық маңыздылығы.

Танымдық белсенділікті дамыту – өз бетінше ойлауға талпынысы, қандай да бір тапсырманы немесе мәселені шешуде өзіндік бағытты табу, өз бетінше білім алуға тырысуы, пікірлерді сыни тұрғыдан қалыптастыру, оқу процесіндегі оқу-танымдық процесс белсенділігінде студенттердің оқыту әдісінің белсенділігі жанама қызығушылығымен басымдылық танытып, жүзеге асады.

«Химия оқытушысын кәсіби дайындауды жобалау» пәндері бойынша құрастырылған СӨЖ тапсырманың мазмұны мен маңыздылығын қарастырайық (1-кесте).

«Химия оқытушысын кәсіби дайындауды жобалау» пәні бойынша бір СӨЖ тапсырмалары

Тақырыптың аты	Тапсырманың мазмұны мен мақсаты	Тапсырмалар мен сұрақтар
Оқытудың ақпараттық технологиясы	Оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру мүмкіндіктерін қарастыру	Оқытатын, бақылайтын және үйрететін жүйелер; Ақпарат іздеу жүйесі; Модельдеу бағдарламалары, микромирлер; Танымдық сипаттағы инструменттік құралдар; Әмбебап сипаттағы инструменттік құралдар;

Мақсаты – оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру мүмкіндіктерін қарастыру. Осы мәселелер аясында келесі сұрақтар айқындалады: оқытатын, бақылайтын және үйрететін жүйелер; ақпарат іздеу жүйесі; моделдеу бағдарламалары, микромирлер; танымдық сипаттағы инструменттік құралдар; әмбебап сипаттағы инструменттік құралдар. СӨЖ орындау барысында студенттер келесі теориялық деректерге сүйенеді. Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видео-құралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер). Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жанама беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек. Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру болып табылады. Төмендегі қасиеттер білім жүйесінің өзіндік ерекшелігі болып саналады.

Қызықты, жанды немесе алдын ала жазылған мультимедиялық ақпарат тек текстен емес, графикалық бейнелерден, анимациядан, дыбыстан және видеоүзінділерден құралып, Internet желісі арқылы беріледі немесе басқа телекоммуникациялық құралдар арқылы компакт-дискілерге жазылады; Internet электрондық кітапхана каталогтарымен бірігіп, жер қашықтығы мен уақыт айырмашылығына қарамастан, зор ақпараттар көлемін жинауға қол жеткізеді. Әрине, мұндай кітапханалар онда сақталатын ақпараттарға толық жол аша бермейді. Студенттер мен оқытушылардың виртуальды семинарлар және лабораториялар режимінде бірігіп жұмыс жасауы, сонымен бірге, жаңа синхрондық мүмкіндік пайда болды. Бірқатар студенттер үшін мұндай жұмыс формалары анағұрлым ыңғайлы, өйткені дәстүрлі оқытуға қарағанда, оларға өз мүмкіндіктеріне қарай, өздеріне қолайлы графикпен жұмыс жасау және артық ескертулермен кездеспей отырып ашу қызықты. Бүгінгі күні білім жүйесі жаңа құрылым беру үшін телекоммуникация жүйелерімен толықтырылуы қажет, сонымен қатар білім үрдісіне ақпараттық және коммуникациялық технологияларды енгізуде жоғары біліктілікке ие мамандар керек. Көбінесе қашықтан оқыту бағдарламалары оған барынша мол қол жеткізуге мақсатталған және оқыту сапасына аса анық емес талаптар қояды. Мұндай бағдарламаның білім сапасын жетілдіруі үшін орындауы міндетті талаптар қатарын құрастыруға болады.

Осындай теориялық деректермен танысқаннан кейін студенттер ұсынылған СӨЖ тапсырмаларын сапалы орындауға мүмкіндігі бар екеніне кәміл сенеді және орындайды, себебі бұл тапсырмаларды сапалы түрде орындаған студент өзінің келешектегі кәсіби іс-әрекеттерін жеңілдете түседі. Оның айтарлықтай іс-тәжірибесі болады, оның құзіреті арта түседі, іскерлік, ойлау қабілеті, шығармашылдық қабілеті дамыған студент болашақта білімді, құзіреті мол маман болатыны сөзсіз деп есептейміз.

Әдебиеттер:

1. Садыбекова Ж. Оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі // Информатика негіздері. – 2008. – № 4. – 115 с.
2. Хмель Н.Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. – М.: Интеграл-Пресс, 2008. – 328 с.
3. Нағымжанова Қ.М. Оқыту технологияларын таңдау және мұғалімнің кәсіби-педагогикалық мәдениеті. Аубакирова Ж.К. Педагогикалық қарым-қатынастың психологиялық-педагогикалық негіздері // «С. Аманжолов оқулары – 2005» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Өскемен, 2005. – 538 б.
4. Нигметжанова Г.К. Студенттің өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру // Вестник КАСУ. – Алматы, 2008. – №1. – С. 58-61.

Резюме

Приведены особенности составления заданий для самостоятельной работы студентов (СРС) и их содержание при обучении будущих учителей химии. Показано, что качественное выполнение СРС играет важную роль в формировании их компетенций. Даны методические указания по организации и проведения самостоятельной работы студентов. При тщательно продуманной методике проведения самостоятельных работ ускоряются темпы формирования у студентов умений и навыков практического характера, что оказывает положительное влияние на формирование познавательных умений, навыков и компетенций. У студента появится опыт, повысится компетентность, развивается мастерство, способность к мышлению, и все это говорит о том, что такой студент в будущем станет образованным и компетентным специалистом.

Summary

The peculiarities of tasks making for independent work of students (IWS) and their content during the training of teachers of chemistry were described. It is shown that the qualitative performance of the IWS plays an important role in the shaping of their skills. Provides guidelines on the Organization and conduct of independent work of students. When carefully thought-out methodology of the independent works of students accelerating skills and practical measures had a positive impact on cognitive skills, or competencies. Armed with the theory, the student will be confident in your knowledge, and will perform independent tasks consciously, efficiently and accurately. The student will take experience, increase competence, develop skills, ability to think, and all this talk about that a student will become educated and competent person.

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Қ.Қ. ДӘУРЕНБЕКОВ,

техника ғылымдарының кандидаты

К.Е. ТҮЛЕНДИЕВА,

магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Қазақстан Республикасы

Қазіргі өмірде компьютерлік техниканы қолданбау мүмкін емес. Көптеген салалар есептерді жылдам шешуде есептеуіш машиналарды пайдаланады. Қазіргі уақытқа дейін барлық компьютерлік техника адамдар үшін тек көмекші құрылғы болып келген. Компьютер түрлі есептеулер жүргізген, ал негізгі жұмысты сонда да адамдарда болды. Адамдардың алдағы мақсатында компьютер шеше алмайтын, болашаққа арналған үлкен көлемді құрылыс, жоба есептері тұрды. Тек математикалық есептеулерді шешетін ғана емес, экранда күрделі технологиялық процестерді көзбен көруге мүмкіндік беретін қуатты графикалық станциялар, сондай-ақ компьютерлер пайда болғаннан кейін компьютерлік өнеркәсіпте жаңа дәуір басталды.

Ұзақ уақыт бойы ақпараттық жүйеде және технологияда дискретті алфавитті-сандық ақпарат маңызды рөл атқарды. Бұған негізгі себеп, бір жағынан, есептеуіш жүйенің аз қуатты болуы, екінші жағынан, алфавитті-сандық ақпарат сақтау үшін аз жадыны талап етті. Бұдан басқа, ақпаратты өңдеу кезінде ұзақ уақыт бойы үлкен емес көлемді файлдар қолданылды. Сондықтан, шағын ақпараттық көлемнен тұратын файлдарды өңдеу жылдамырақ болды. Есептеуіш жүйелердің эволюциясы үдерісінде суреттерден тұратын, сондай-ақ, алфавитті-сандық ақпараттарды және графикалық объектілерді статистикалық және динамикалық режимде біріктіретін үлкен көлемді файлдарды өңдеу мүмкіндігі пайда болады.

Қоғамды ақпараттандыру ақпараттық жүктеменің ұлғаюына және ақпаратты талдау мен өңдеуге арналған жаңа технологиялық-ғылыми шешімдерді табуға қажеттілікке әкеп соқты. Осы мәселелердің бір шешімі визуалды моделдеу болып табылады.

Визуалды моделдер жүйелерді жобалауды басқару технологиясында қолданылады, оның қиындығы, масштабы және жұмыс істеуі әрқашан өсіп тұрады. Визуалды моделдер тапсырма берушілер, қолданушылар және өңдеушілер тобының арасында өнім беретін өзара әрекеттерді реттеуге мүмкіндік береді. Олар таңдалған архитектуралық шешімдердің ұсынылуын қамтамасыз етеді және өңделетін жүйені толықтай түсінуге мүмкіндік береді. Өңделетін жүйелердің қиындығы әлі де өсіп келеді. Сондықтан, моделдеудің визуалды әдістерінің қолданылу маңыздылығы да өседі. Визуалды ортада, әсіресе геоинформатикада кеңінен қолданылуына қарамастан, олар негізінен технологиялар деңгейінде қолданылады.

Программалық қамсыздандыру әдісімен жалпы жағдайда абстракцияның белгілі бір деңгейінде программалық қамсыздандыру жүйесінің құрылымдалған сипаты түсіндіріледі. Әрбір модель жүйенің нақты аспектіні анықтайды, диаграммалар жиынын және берілген форматтық құжаттарын қолданады, сондай-ақ, көру нүктесін бейнелейді және нақты қызығушылығы, рөлі және тапсырмалары бар адамдардың әр түрлі қызметінің объектісі болып табылады.

Графикалық (визуалды) модельдер өз алдына жүйе архитектурасын құжаттау, жобалау, сипаттау және визуалдауға арналған құралдарын ұсынады. Дәл осындай өлшемде үлкен ғимаратты тұрғызуда жобаның болуы қалай керек болса, өндірістік сипаттағы программалық қамсыздандыру жүйесінің моделін өңдеу де дәл солай қажет. Бұл бекіту жаңа жүйені өңдеуде, сондай-ақ құрамында өзіндік модельдеу құралдары бар R/3 немесе BAAN класының типті өнімдерінің бейімделуінде де әділ қолданылады. Жақсы модельдер жобаға қатысушылардың өзара қатынастарының негізі болып табылады және архитектураның биязылығына кепіл береді.

Әрбір нақты модельде қолданылатын модельдер құрамы және олардың қызметтерінің дәрежесі жалпы жағдайда, келесі факторларға тәуелді болады:

- Жобаланатын жүйенің күрделілігі;
- Оның сипатталуына қажетті толықтылық;
- Жобаға қатысушылардың мүмкіндігі мен білімі;
- Жобалауға кеткен уақыт.

Визуалды модельдеу жалпы программалық қамсыздандырудың, атап айтқанда, CASE-құралдарының дамуына көп ықпалын тигізді. CASE (Computer Aided Software Engineering) түсінігі қазіргі уақытта кең мағынада қолданылады. Бұл түсініктің алғашқы мағынасы тек программалық қамсыздандыруды өңдеудің автоматтандырылған тапсырмаларымен шектелді, ол қазіргі кезде программалық қамсыздандырудың өмірлік циклінің көптеген үдерістерін қамтитын жаңа мағынаға ие болды.

CASE-технологиясы программалық қамсыздандыруды жобалау әдістерінің, сондай-ақ, аспаптық құралдар жиынтығынан тұрады, сонымен қатар, программалық қамсыздандыруды қолдау, қосымшаларды қолданушылардың ақпараттық талаптарына сәйкес жасап шығару, осы модельді өңдеудің барлық кезеңінде талдау және пәндік облысты көрнекі түрде модельдеуге мүмкіндік береді. Көптеген CASE-құралдары жобалау және талдаудың объектілі-бағытталған және құрылымдық әдісіне негізделген. Жобалау әдістері мен инструменталды құралдары (CASE-құралдары) Ақпараттық жүйенің жобасын орындаудың формальданған пәнінің орталық бөлігін құрайды.

Ақпараттық жүйелерді жобалаудың әдісі дегеніміз – нақты анықталған нотацияларды қолданып әзірленетін жүйенің әр түрлі аспектілерін сипаттайтын модельдерді жасаудың процестерінің жиынтығы.

Әдіс мынандай құраушылардың жиынтығы ретінде анықталады:

– Концепциялар және теориялық негіздер. Бұндай негіздер ретінде құрылымды немесе объектіге бағытталған тәсіл қарастырылады;

– Жобаланатын жүйенің тәртібінің динамикасының және статикалық құрылымының модельдерін тұрғызуға қолданылатын нотациялар, әдетте нотациялар ретінде графикалық диаграммалар қолданылады, себебі олар неғұрлым көрнекі және қабылдауға қарапайым.

– Әдістің практикалық қолданысын анықтайтын процедуралар: модельдерді тұрғызу тізбектілігі және ережелері, нәтижелерді бағалауда қолданылатын критерийлер.

Жобалаудың әдістемесі өмірлік циклдің процестердің орындауды қамтамасыз ететін нақты технологиялар және олардың қолданылатын стандартты әдістемесі және аспаптық құралдары арқылы жүзеге асырылады.

Жобалаудың технологиясы төмендегі құраушылардың жиынтығы ретінде анықталады:

– жобалаудың технологиялық амалдарының тізбегін анықтайтын қадамдық процедуралар;

– технологиялық амалдардың орындалу нәтижесін бағалауда қолданылатын критерийлер мен ережелер;

– жобаланатын жүйені сипаттау үшін қолданылатын графикалық және мәтіндік құралдар.

Технологияның негізгі мазмұнын құрайтын технологиялық нұсқаулар орындалатын амалдарға байланысты технологиялық амалдардың тізбегінің, шарттарының және амалдарының өздерінің сипаттамасынан тұрады.

Ақпараттық жүйелерді жобалау, әзірлеу және сүйемелдеу технологиясы мынадай талаптарды қанағаттандыру керек:

– Технология ақпараттық жүйелердің өмірлік циклін толық қолдау керек;

– Технология ақпараттық жүйелерді әзірлеудің мақсаттарына жетуді берілген сапаға және уақытқа сәйкес қамтамасыз етуі қажет;

– Технология ірі жобаларды ішкі жүйелер ретінде орындау керек, яғни жобаның декомпозиция мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

– Технология жеке ішкі жүйелерді жобалау бойынша үлкен емес топтармен (3-7 адам) жүргізуді қамтамасыз ету;

– Технология жұмысқа қабілетті ақпараттық жүйені қысқа уақытта алуды қамтамасыз ету керек;

– Технология жобаның конфигурациясын басқаруын қамтамасыз ету керек, жоба құжаттарын автоматты түрде шығаруын және оның версияларын жоба версияларымен синхрондығының мүмкіндігін қамтамасыз ету керек;

– Технология орындалатын жобалық шешімдердің аппараттық жүйелерді жүзеге асыру құралдарынан тәуелсіздігін қамтамасыз ету керек;

– Технология өмірлік циклдің барлық кезеңдеріне орындалатын процестерді автоматтандыруды қамтамасыз ететін келісілген CASE-құралдарының кешендерімен атқарылуы керек.

Ақпараттық жүйелерді жобалау, әзірлеу және сүйемелдеу технологиясы мынандай стандарттарды сақтауы тиіс:

1. Жобалау стандарты;
2. Жобалық құжаттарды безендіру стандарты;
3. Пайдаланушы интерфейсі стандарты.

Қорыта келе, ақпараттық технологиялардың құрылымы мен құрамын, жобалау мен құру әдістемесін ескере отырып автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді ұйымдастыру құралдарын қолдану маңызды. Сонымен қатар, ақпараттық технологиялардың тиімділігін жүзеге асыру, ақпаратты өңдеу индустрияда негізгі рөл атқарады.

Әдебиеттер:

1. Константайн Л., Локвуд Л. Разработка программного обеспечения. – СПб.: Питер, 2004.
2. Вендров А.М. Проектирование программного обеспечения экономических информационных систем: Учебник. – М.: ФИС, 2000.
3. Ащепков Л.Т., Бадам У. Модели и методы повышения живучести управляемых систем. – Владивосток: Дальнаука, 2006. – 157 с.
4. Кармайкл Э., Хейвуд Д. Быстрая и качественная разработка программного обеспечения / Пер. с англ. Вильямс. – 2003.
5. <http://case-tech.h1.ru/library/vendrov/index.htm>.

Резюме

В статье рассматриваются роль и значение рационального использования информационных технологий. В автоматизированных информационных системах важное значение имеет использование организационных средств, учитывающих структуру и состав, проектирование и методы строения информационных технологий. CASE-технология состоит из методов проектирования программных обеспечений и средств их использования в производстве.

Summary

This article discusses the role and importance of the rational use of information technology. In the automated information systems of critical values is the use of organizational resources, taking into account the structure and composition, design and methods of the structure of information technology. CASE-technology consists of the design of software and means of their use in production.

ТРЕБОВАНИЕ К ПЛАТФОРМАМ ПРИЛОЖЕНИЙ СЕРВЕРНОЙ СТОРОНЫ

А.Б. ОСТАЕВА,

кандидат педагогических наук

Н. КАБДОЛДИНА,

магистрант,

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,

Республика Казахстан

На сегодняшний день существует ряд популярных платформ приложений серверной стороны. Для их качественного сравнения, анализа, выявления недостатков и преимуществ необходимо сформулировать требования к таким платформам. Эти же требования могут применяться и следующему уровню разработки – системам управления сайтами, которые будут рассмотрены позднее. Требования одинаковы, поскольку определяются исходя из потребностей конечного продукта – Web-системы, а платформы и системы управления сайтами служат средством создания и поддержки Web-систем. Поэтому, если платформа Web-приложений не отвечает требованиям, изложенным ниже, построение на ее основе Web-системы, отвечающей этим требованиям, будет значительно затруднено и потребует дополнительных усилий разработки.

При построении конкретной Web-системы требования могут существенно отличаться и накладывать дополнительные ограничения на платформу Web-приложений. Тем не менее, можно выделить наиболее существенные требования, предъявляемые на данный момент к платформам Web-приложений.

Независимость от операционной системы (многоплатформенность). Платформы Web-приложений в свою очередь базируются на операционных системах, таких как Microsoft Windows, Solaris, Linux, FreeBSD. Web-приложения редко являются обособленными, им необходимо взаимодействовать с другими подсистемами, интегрироваться с существующими приложениями, либо соответствовать стандартам организации разработчика в части операционной системы. Поэтому ограничения по выбору операционной системы являются нежелательными, поскольку ограничивают потенциальный спектр решений и делают перенос приложения при смене платформы невозможным. Во многих случаях при разработке заранее известно, что операционная система жестко зафиксирована и не будет меняться. При этом можно отказаться от условия независимости от операционной системы. Но в общем случае независимость требуется, например, при разработке систем крупного масштаба, которые должны интегрироваться с существующими системами.

Язык реализации. В каждой из платформ Web-приложений используется определенный язык программирования. В большинстве случаев это один язык, однако есть и исключения, например, ASP поддерживает два языка, а CGI или NET вообще не ограничены определенными языками. При этом все достоинства и недостатки применяемого языка программирования становятся достоинствами и недостатками платформы Web-приложений. Современные условия разработки диктуют определенные требования, такие как поддержку объектно-ориентированного подхода, компонентных технологий, удобство в использовании, существование достаточного количества сторонних библиотек.

Поэтому при рассмотрении платформы реализации необходимо учитывать язык разработки.

Производительность, масштабируемость. При построении мощных Web-систем, поддерживающих тысячи пользователей, недостаточно оптимизировать код. Необходимо иметь дополнительные средства платформы приложений серверной стороны. Желательно иметь встроенные системы кэширования, балансировки нагрузки, кластеризации. Наличие таких средств необязательно для небольших Web-систем, посещаемость которых невысока. Поэтому при выборе платформы разработки должна учитываться прогнозируемая нагрузка.

Возможности расширения и интеграции. Любая разрабатываемая система должна быть рассчитана на перспективу. При успехе проекта и развитии приложения потребуется создавать новый код,

разрабатывать новые страницы, изменять уже существующие. Поэтому возможность развития систем является критичной. Стандартными средствами поддержки такого развития является использование компонентных технологий, стандартных протоколов обмена информацией. Частично такие возможности могут быть разработаны в самой системе, но гораздо эффективнее иметь их в платформе Web-приложений.

Простота использования, наличие средств разработки. Скорость разработки чрезвычайно важна для сокращения времени выхода продукта на рынок. Поэтому чем проще платформа для разработки, тем больше вероятность ее предпочтения при выборе средств реализации. Зачастую такая «простота» может быть представлена эффективными инструментами, удобными средами разработки (IDE – Integrated Development Environment). Наличие таких средств, как правило, ускоряет процесс разработки и отладки.

Наличие необходимых программных библиотек. При разработке сложных систем часто возникает необходимость в использовании каких-либо стандартных программных библиотек, например, по поддержке шифрования и цифровой подписи, сетевому обмену, трехмерному моделированию. Помимо стандартных библиотек, возможно привлечение сторонних разработок, хотя это менее желательно, поскольку они редко обеспечивают необходимое качество и поддержку. Особенно это касается свободно распространяемых библиотек (freeware).

Разделение дизайна и логики. Поскольку создание Web-страниц связано с задачами как реализации бизнес-логики, так и дизайна и разметки страниц, необходимо иметь средства разделения этих задач для обеспечения эффективной совместной работы членов команды разработчиков.

Средства визуальной разработки. Средства визуального управления дизайном страниц значительно повышают скорость разработки, снижают вероятность ошибок и упрощают процесс создания сайта.

Возможность построения компонентной архитектуры. Современные сложные системы, как прикладные, так и Web-системы, строятся на основе компонентного подхода. Это предполагает возможность создания и использования независимых программных компонентов, повышает эффективность повторного использования кода, значительно увеличивает возможности расширения системы, интеграции с внешними системами.

Итак, ряд требований к современной платформе приложений серверной стороны определен. Ниже рассматриваются существующие подходы к реализации платформ Web-приложений, конкретные платформы, построенные на основе указанных подходов, их особенности, а также оценка с точки зрения приведенных требований.

Классификация платформ приложений серверной стороны

Несмотря на большое количество платформ приложений серверной стороны, существующих на данный момент, количество подходов к их реализации, которые построены на основе одной из действующих платформ приложений серверной стороны, реализующей более высокоуровневую архитектуру управления страницами сайта, правами доступа, ресурсами. Такая система позволяет создавать страницы на основе готовых модулей без разработки программного кода, а при необходимости разрабатывать новые модули, встраиваемые в систему. Для построения подобной системы необходима платформа, предоставляющая достаточно высокую производительность, средства расширения, масштабирования, мощный язык программирования, а также поддерживающая различные операционные системы. На основании рассмотренных средств с точки зрения выдвинутых требований, оптимальной базой для решения поставленных задач является платформа Java Servlets, которая и рассматривается в дальнейшем как базовая платформа разрабатываемой системы, поскольку она удовлетворяет всем требованиям. Такие популярные средства, как PHP, ASP, JSP не дают достаточной гибкости, необходимой крупным системам. Несмотря на все преимущества платформы разработки ASP, NET, она привязана к Web-серверу IIS и операционной системе Windows, поэтому ее использование в качестве базовой платформы для создания системы управления Web-сайтом невозможно. Далее рассматриваются существующие системы создания и управления сайтами, подходы к разработке таких систем, формулируются требования к разработке системы.

Системы создания и управления сайтами

Описанные выше недостатки платформ приложений серверной стороны привели к тому, что практически каждая компания создает свой инструментарий для получения более эффективной среды разработки. Также имеет место достаточное количество свободно распространяемых разработок и

опубликованных исследований. Все подобные системы спроектированы для облегчения управления и изменения сайта (или сайтами, в зависимости от архитектуры системы), оперативного внесения изменений в содержание и дизайн, то есть то, чего не хватает базовым технологиям, хотя можно выделить два основных направления развития таких систем: простое построение сайта для непрофессиональных пользователей, и предоставление платформы для построения сложных Web-систем.

Литература:

1. Быков М.Ю. Организация хранения, переноса, и управления модулями Web-сайта, построенного на основе СУБД // Тез. докл. ежег. студ. школы-семинара «Новые информационные технологии». – Симферополь, Крым, 2002.
2. Быков М.Ю. Повышение производительности динамического Web-сайта с помощью многоуровневой системы кэширования // Журнал «Естественные и технические науки». – 2003. – №6.
3. Быков М.Ю. Построение системы динамического создания и управления Web -сайтом // Тез. докл. 8-й Всерос. межвуз. науч.-техн. конф. студентов и аспирантов «Микроэлектроника и информатика 2001». – М.: МИЭТ, 2001.

Түйіндеме

Бұл мақалада серверлік қосымшалардың платформаларына арналған негізгі талаптар, олардың орындалу технологиясы туралы қысқаша мәлімет берілген. Нақты Web-жүйені құру барысында талаптар өзгеруі мүмкін және Web-қосымшалар платформасына басқа да шектеулер қойылуы мүмкін. Көптеген бағдарлама құру барысында операциялық жүйелерде нақты мәліметтер сақталып қалады. Бұл жағдайда операциялық жүйелердегі тәуелсіз шарттарды қабылдамауға да болады.

Summary

In this article presents brief information about the requirements of the application server platforms and technology implementation. When building for a particular Web system requirements can vary significantly and impose additional restrictions on the platform Web applications. In many cases, when the development is known in advance that the operating system is rigidly fixed and will not change. It is possible to drop the condition of the independence of the operating system.

УДК 004.031.42:37.012:378

МЕТОДЫ ИНТЕРАКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ

С.Т. КИМ,

*Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан*

Повышение эффективности подготовки специалистов на основе внедрения новых прогрессивных форм и методов обучения – важная задача, стоящая перед преподавателями. Одним из эффективных методов подготовки квалифицированных кадров, получившим широкое распространение среди других форм обучения, являются интерактивные методы обучения. Интерактивное обучение – это сложный процесс взаимодействия преподавателя и студентов, основанный на диалоге. Суть интерактивного обучения состоит в том, что воспитательный процесс организован таким образом, что практически все студенты оказываются вовлеченными в процесс познания, они имеют возможность понимать и рефлексировать по поводу того, что они знают и думают. Совместная деятельность студентов в процессе познания, освоения материала означает, что каждый вносит свой особый индивидуальный вклад, идет обмен знаниями, идеями, способами деятельности. Причем происходит это в атмосфере доброжелательности и взаимной поддержки, что позволяет не только получать новое знание, но и

развивает саму познавательную деятельность, переводит ее на более высокие формы кооперации и сотрудничества. Обычно преподаватель в аудитории вынужден стоять, таким образом, возвышаясь над студентами, которые воспринимают эту ситуацию по-разному: одни – спокойно, другие – как угрожающую. Часто можно увидеть, как студент, к которому преподаватель наклонился помочь, замыкается, отмалчивается, в итоге взаимодействие не состоялось. А могло бы быть иначе, если бы преподаватель начал общение со студентом, зрительно находясь с ним на одном уровне (присел к нему за парту). Далее, аудитория достаточно большая, поэтому преподаватель повышает голос, чтобы его слышали все студенты. Но если у студента ведущим является аудиальный канал восприятия, то содержание материала он понимает значительно хуже. Психологи отмечают, что низкая тональность, спокойные интонации оказываются более действенными, в то время как напряженный, резкий голос вызывает отчуждение. На неприятную жизненную ситуацию можно повлиять: в той или иной мере уйти от конфликта или ответить насмешкой. Но для студента ситуация обучения является обязательной: он вынужден вступать в совместную деятельность с преподавателем, другими студентами вне зависимости от того, нравится ему это или нет. К тому же, если преподаватель не удовлетворен результатами учебного взаимодействия, он может высказать свое мнение (отметка, оценка, устное порицание и т.д.). Студент же в силу детерминированности ситуации оказывается только в «страдательной» роли. Вот поэтому успех учебного взаимодействия зависит именно от преподавателя, от его умения создать условия для интерактивного процесса получения и освоения знаний.

Приемы интерактивного обучения можно подразделить на вербальные и невербальные.

К невербальным относят:

- Визуальные: выражение лица (заинтересованное, равнодушное и т.д.), позы и движения (располагающие к общению, угрожающие и пр.), контакт глаз (взгляд на собеседника, избегание прямого взгляда и т.п.);

- Акустические: интонация (громкость, тембр, темп речи, высота звука), речевые паузы;

- Тактильные: расстояние (далекое – близкое, т.е. способствующее или препятствующее контакту), прикосновения (одобряющие – агрессивные).

Среди вербальных приемов интерактивного обучения выделяют:

- Умение задавать вопросы с «открытым концом» (т.е. такие, которые заранее ориентированы не на единый – «правильный» – ответ, а на высказывание различных точек зрения по проблеме);

- Определение преподавателем собственной позиции не как определяющей во взаимодействии, но как нейтральной, что дает возможность студентам во время занятия высказывать и «правильные» и «неправильные» точки зрения без боязни, что их одернут, остановят и т.д.;

- Готовность к анализу и самоанализу занятия, помогающих пониманию, что, как и почему происходило на занятии; где взаимодействие «зависало», с чем это было связано, как этого избежать в дальнейшем и т.д.;

- Ведение заметок, способствующих отслеживанию течения занятия, его кульминации, результативности.

В настоящее время наиболее распространенными являются следующие технологии интерактивного обучения:

1. Технология мозгового штурма. Мозговой штурм – это метод продуцирования идей и решений при работе в группе. Правила проведения «мозгового штурма»: все высказываются и все слушают, все имеют равные права, называя идеи, нельзя повторяться, чем больше список идей, тем лучше, разрабатывая проблему, подходите к ней с разных сторон, расширяя и углубляя различные подходы, идеи не оцениваются и не критикуются.

2. Технология групповой дискуссии. Групповая дискуссия – специфическая форма беседы, организуемая ведущим, когда у участников на основании своих знаний и опыта имеются различные мнения по какой-либо проблеме. Техника дискуссии: постановка проблемы, деление участников на группы, выбор представителя от каждой группы, который будет отстаивать точку зрения группы, обсуждение проблемы группой (мозговой штурм) в течение данного ведущим времени, либо индивидуального в зависимости от формы дискуссии, решение проблемы.

